

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Каспий университеті

ӘОЖ 343.2/7

Қолжазба құқығында

ТЛЕШАЛИЕВ НУРЛАН ДАУЛЕТКУЛОВИЧ

**Қамаққа алу жаза түрі ретінде: қылмыстық-құқықтық және
қылмыстық-атқару аспектілері**

6D030100 – Құқықтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін диссертациясы

Ғылыми кеңесшілер
заң ғылымдарының докторы,
профессор
Т.К. Акимжанов

заң ғылымдарының докторы,
доцент
В.Ф. Лапшин

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР	6
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	7
КІРІСПЕ.....	9
1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ҚАМАҚҚА АЛУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫҢ ҰҒЫМЫ	18
1.1 Қамаққа алу жазасының тарихи қалыптасуы мен ғылыми тұжырымдамасы.....	18
1.2 Қамаққа алудың түсінігі, мәні, белгілері, мақсаттары және оның қылмыстық жазалардың жалпы жүйесіндегі орны.....	38
1.3 Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасы бойынша қамаққа алу жазасын тағайындаудың жалпы тәртібі.....	53
1.4 Жаза тағайындаудың жалпы қағидаттары қылмыскерлердің құқықтарын сақтаудың кепілі ретінде.....	66
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ҚАМАҚҚА АЛУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ	82
2.1 Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жазаны орындау мен өтеудің тәртібі, шарттары және жекелеген проблемалары.....	82
2.2 Қазақстан Республикасында қамаққа алуға сотталғандарға қатысты жаза мақсаттарын іске асыру және оларға қол жеткізу құралдары.....	93
2.3 Қамаққа алуға сотталғандардың құқықтық жағдайлары.....	112
2.4 Қылмыстық жаза түрі секілді қамаққа алу орындалатын мекемелердің түрлері және олардың сипаттамасы.....	129
3 ҚАМАҚҚА АЛУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАМАҚҚА АЛУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫҢ ҰҒЫМЫ, ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ.....	139
3.1 Қамаққа алу жазасына сотталған тұлғаның құқықтық жағдайын реттеу бойынша халықаралық стандарттары.....	139
3.2. Шет елдердің қылмыстық заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жаза түсінігі және тағайындау тәртібі.....	158
3.3 Шет елдердің қылмыстық-атқару заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жазаны орындау және өтеу тәртібі, шарттары.....	171

ҚОРЫТЫНДЫ.....	184
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	188
ҚОСЫМШАЛАР.....	206

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі нормативтік-құқықтық актілер қолданылды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда қабылданған (өзгертулер мен толықтырулар 01.01.2023 ж. енгізілген).

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. №217 А (III) тіркелген 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданды.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы.

Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері) БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. 14 желтоқсандағы 45/110 қарары

Қазақстан Республикасының Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы N 247 Заңы.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер ("Пекин ережелері") БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 ж. 10 желтоқсан айында қабылданған.

65/229. Біріккен Ұлттар Ұйымының бостандығынан айырудан басқа құқық бұзған әйелдерге жаза қолдану шаралары мен бостандығынан айырылған әйелдердің өтінішіне қатысты ережесі (Бангкоктік ереже) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 2011 жылғы 16 наурызда қабылдаған № A/RES/65/229 қарары

Біріккен Ұлттар Ұйымының бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарға қатысты Ережелері БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жыл 14 желтоқсандағы 45/113 Қарары

Қандай да бір түрде ұсталған немесе қамауға алынған барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жинағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 1988 ж. 9 желтоқсандағы 43/173 Қарарымен бекітілді

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы

Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенцияны бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 14 желтоқсандағы N 120-II Заңы

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 531 Заңы

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан

Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (03.01.2023 жағдайы бойынша)

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ. (05.11.2022 жағдайы бойынша)

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. (03.01.2023. жағдайы бойынша). // <http://adilet.zan.kz>

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. (07.01.2023 жағдайы бойынша) /

Қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнаулы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртіптемесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 504 бұйрығы. (01.07.2022. жағдайы бойынша).

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда сотталғандарды ұстау тәртібі қағидаларын бекіту Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 367 бұйрығы. (30.03.2021. жағдайы бойынша).

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полициясы органдарының гауптвахтасында сотталғандарды ұстаудың ішкі тәртіптемесі мен тәртібінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 319 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 51 бұйрығы. (23.04.2020. жағдайы бойынша).

Әскери полиция органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 32 Заңы. (29.06.2021. жағдайы бойынша)

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 364 Жарлығы. (12.11.2022. жағдайы бойынша).

Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы. (22.12.2022. жағдайы бойынша).

Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы. (03.01.2023. жағдайы бойынша).

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 54 Заңы. (01.01.2023. жағдайы бойынша).

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда анықтамаларға сәйкес келесі терминдері қолданылды:

Арнаулы мекемелер – оған тергеу изоляторларды, қабылдау-бөлістіру орны мен уақытша ұстаудың изоляторы, және де арнаулы жатқызылатын қабылдау орны жатады.

Әскери қызметшілер – Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметте болатын Қазақстан Республикасының азаматтары;

Әскери полиция органдары - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Ұлттық ұланының құрамына ұйымдық тұрғыдан кіретін және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын арнайы әскери бөлімшелер болып табылады.

Жазаны орындайтын органдар – қамаққа алу түріндегі жазаны, сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар;

Жазаны өтеу режимі – ҚАК және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген жазаларды орындау және өтеу тәртібі;

Мерзімді әскери қызмет – ер азаматтарды Заңда айқындалған тәртіппен Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери лауазымдарына шақыруға негізделген әскери қызмет;

Қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган – қылмыстық-атқару қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі – қылмыстық жазалардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер, сондай-ақ көрсетілген органдар мен мекемелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдар жүйесі;

Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесі – бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды орындауға арналған мемлекеттік мекеме;

Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің уәкілетті органы – қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның өзінің құзыреті шегінде бақылау және (немесе) іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы;

Пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі;

Қылмыстық теріс қылық деп - қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Қамаққа алу - сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді. Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады.

Қамауға алу түріндегі жазаны орындау сотталған жері бойынша қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеуге арналған тергеу изоляторларының арнаулы қабылдау орындарында немесе оқшауланған учаскелерінде заңды күшіне енген сот үкімінің негізінде жүзеге асырылады.

Санкция – сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жалпы қылмыстық қудалау органының процесік әрекет жасауына тергеу судьясының (сот) рұқсаты.

Тергеу изоляторы – бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмысты жасады деп күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталғанды ұстауға арналған арнаулы мекеме.

Ұйқамақ – күдіктіні, айыпталушыны немесе сотталушыны күзетпен қамауда ұсталмай, қылмыстық процесік кодексінде көзделген негіздері бойынша және тәртіпте тергеу судьясымен (сот) белгіленген шектеулерді қолдана отырып қоғамнан оқшаулауы.

Экстрадициялық қамақ – бұл шетелдердің құзыретті органының адамды күзетпен ұстау туралы шешімін орындау бойынша соттың іздестірілудегі тұлғаға қатысты шетелге ұстап беру мақсатында қолданылатын қамтамасыз ету шарасы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘҚТК	Әкімшілік құқық юзушылықтар туралы кодекс
ӘХК-НКЮ	Әділет халықтық комиссариты
АҚО	Арнаулы қабылдау орындары
АҚШ	Америка құрама штаты
АИТВ	Адамның иммун тапшылығы вирусы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БТБ	Бас түрме басқармасы
БАҚ	Бұқаралық ақпараттар құралдары
БОАК-ВЦИК	Бүкіл одақтық атқару комитеті
БМСБ - ОГПУ	Біріккен мемлекеттік саяси басқарма
ЕТК-ИТК	Еңбекпен түзеу колониясы
БМСБ-ІХК	- Біріккен мемлекеттік саяси басқарма-Ішкі істер
ОГПУ-НКВД	органдарының халықтық комиссариаты
ЖС	Жоғары сот
ҚазАКСР	Қазақ автономиялық кеңестік социалистік
ЕТМББ	- республикасының еңбекпен түзеу колониясының бас
ГУИТУ	басқармасы
ҚАЖ	Қылмыстық-атқару жүйесі
ҚОБ	Қамауға алу орындарының басқармасы
ҚК	Қылмыстық кодекс
ҚПК	Қылмыстық- процесстік кодексі
ҚАК	Қылмыстық-атқару кодексі
ҚАЖК	Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті
ҰҚК	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІМ	Ішкі істер министрлігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
РКФСР ҚПК	Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік
	Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
РФ	Ресей Федерациясы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТИ	Тергеу изоляторы
ҰАТ	Ұлттық алдын алу тетігі

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, қылмысқа қарсы іс-қимыл бойынша шаралардың тиімділігін арттырудың құқықтық механизмінің сан алуан арсеналын пайдалана отырып жүргізіліп отырған қылмыстық саясатты тиімді іске асыруға тырысады [1].

Қоғам өмірінің барлық аясын демократияландыру, құқықтық мемлекет құру, қоғамдағы идеологиялық алуантүрлілік, қылмыспен күресті күшейту – мемлекетте жүргізіліп жатқан құқықтық саясат үшін базалық басымдылықтар болып табылады.

Мемлекеттің егеменді дамуының соңғы үш онжылдығы бойы заң аясын реформалаудың, заңдылықты нығайтудың, құқық қолдану үдерісін жетілдірудің, қылмысқа қарсы іс-қимылдың жаңа нысандары іздеудің дерлік үздіксіз үдерісі жүзеге асырылады, олар үнемі жаңартылды, жетілдірілді, жаңғыртылды, сол сияқты құқық қорғау органдарының жұмыс сапасын жақсартуға да аса назар аударылады.

Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы іс-қимыл жасауды ұйымдастыруға мемлекеттік бақылау жөніндегі шаралар барынша жүйелі сипат алуға. Олар бағдарламалық саясаттың сабақтастығы қағидаттарына негізделеді. Алайда, заманауи қылмыс құрылымында орын алып жатқан жағымсыз үрдістер мен үдерістер оған қарсы тұрудың жаңа бағыттары, құқық қорғау жүйесі қызметінің жаңа нысандары мен әдістерін іздеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назбаев 2017 жылғы 31 қаңтарда Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында «әкімшілік және қылмыстық заңнаманы ізгілендірген жөн» деп атап өтті [2].

Өйткені жаза тағайындау аясындағы мемлекеттік саясат құқық қолданудың тиімділігін тікелей анықтайды, онда жұмыстың осы бағытының сапасына көп нәрсе тәуелді, ал ең бастысы мемлекеттің құқық қорғау жүйесінің және бүтіндей бүкіл мемлекеттің беделі.

2014 жылғы 3 шілдеде қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтарда заңды күшіне енген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 39-бабында қылмыстық жазаның мәжбүрлі сипатын, жаза мақсаттарын (әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғанды түзеу, сотталған адамның да және басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасауының алдын алу) және қылмыстық жазаны тағайындау мен орындаудың міндетті шартын (тән азабын шектірмеу, адамның қадір-қасиетін қорламау) түртіп өтетін оның мәні, мазмұны анықталғаны кездейсоқ емес [3].

Қылмыстық саясатты жүзеге асыра отырып, мемлекет қылмыс үшін жаза даусыз болуына ұмтылуы, басқа жағынан осы жазаны барынша әділ және тиімді етуге ұмтылуы тиіс, ол сотталған адам секілді мемлекет үшін де жазаны тағайындау мен орындаудың әлеуметтік зардаптарын төмендетеді.

Ел Президенті Қ.К. Тоқаев, 2020 жылғы 1 қыркүйектегі өзінің Қазақстан халқына жолдауында қылмысқа қарсы іс-қимыл жасауды әрі қарай жетілдіру қажеттігіне үлкен көңіл бөлгені кездейсоқ емес. Ол қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңыздылығын айтты. Оны жиі түзету, өзгерту құқық қолдануға теріс әсер етеді және бірыңғай тергеу және сот практикасын жетілдіруге мүмкіндік бермейді.

Заңнаманы қолдануға қатысты шешімдер жиірек тиісті талдаусыз және болжамсыз, құқық қолданушыларға ыңғайлылығынан шыға қабылданады. Сондықтан «әкімшілік» және «қылмыстық» құқық бұзушылықтардың жаңа ұғымдарын әзірлеу керек. Қоғамға және заң қауымдастығына құқық бұзушылықтар үшін жаза белгілеудің логикасы түсінікті болады [4].

Біздің пікірімізше құқық қолдану үдерісін іске асыру барысында жасалған қоғамға қауіпті әрекет үшін жазаның болмай қоймайтындығы қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ретте қылмыстық заң ауыр және аса ауыр қылмыстар жасайтын айқын қылмыскерлерге қатысты қатал болуы тиіс, сол уақытта онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар жасаған адамдарға қатысты ізгілік таныту керек. Әсіресе қылмысты бірінші рет жасаған адамдарға қатысты.

Қылмыстық және қылмысты-атқару заңнамасын реформалау нәтижесінде пенализациялауда, яғни бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны пайдаланулы қысқартуға бағытталған қылмыстық жазалардың жаңа түрлерін құқық қолдану тәжірибесіне қосымша енгізуде қажеттілік туындады.

Заң шығарушының пікірінше, жазаға қатысты тиімсіздерден бас тарта отырып және барынша жазалардың жаңа түрлерін енгізе отырып, сонымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар (қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар) үшін қылмыстық жауаптылықты күшейте немесе жеңілдете отырып, мемлекет қылмыспен күресте қажетті тепе-теңдікті ұстап тұруға ұмтылады.

1997 жылы қылмыстық заңнамаға қамаққа алу секілді жазаның жаңа түрін енгізу осындай мысалдардың бірі болып табылады, өйткені А.Б.Бекмағамбетов, В.П.Ревин, О.А. Рыхлов атты ғалымдардың пікірінше түзеу және тәрбиелеу колонияларында бас бостандығынан айыруды өтеуге қарағанда қамаққа алуды өтеудің шарттары қаталдау деп есептейді [5, 201 б.].

Қамаққа алуды жаза түрі секілді қылмыстық заңнамаға енгізудің себебі ғылыми сияқты тәжірибелік те қызығушылықты тудырады [4], себебі әкімшілік заңнамада да әкімшілік жазаның осыған ұқсас түрі «әкімшілік қамаққа алу» көзделген, ол Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 50-бабына сәйкес отыз тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді, ал төтенше жағдай режимін бұзған үшін –

қырық бес тәулікке дейін. Әкімшілік қамаққа алуды судья айрықша жағдайларда кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген шектерде тағайындайды [6].

Қазақстандық ғалым С.М. Рахметовтың пікірінше қамаққа алу пенитенциариде қолданатын «шошыту» аталатын сипаттағы шаралардың классикалық түрлерінің бірі. Жазаның бұл түрінің мақсаты сотталған адамдардың белгілі бір санаттарына «шошып қалумен» салыстыруға болатын соншалықты күшті психологиялық ықпал етуден тұрады. Үлкен қоғамдық қауіптілік білдірмейтін адамдар үшін қамаққа алу үйінде болудың өзі (қысқа уақыттың өзінде де) қатты күйзеліс келтіруі мүмкін, одан түзеу және арнайы превенция мақсаттарына барынша қысқа уақыт аралығында қол жетеді [7, 54 б.].

Сонымен бірге құқық қолдану тәжірибесі жазаның өз алдына түрі секілді қамаққа алуды енгізген сәттен белгілі бір міселелерді анықтады. Осылайша, бірінші рет қамаққа алу жаза түрі секілді Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексіне енгізілген [8], ал содан кейін Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 10 шілдедегі №177- IV Заңымен қамаққа алу жаза түрі секілді Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 39-бабынан алынып тасталды [9]. Алайда, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы жаңа Қылмыстық кодексін әзірлеу кезінде қамаққа алу негізгі жаза түрі секілді қайта қосылған, бірақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 40-бабының 1-бөлігі 4-тармағына қылмыстық теріс қылықтар жасаған үшін, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексіндегі оның мақсаты Ресей Федерациясының 1996 жылғы Қылмыстық кодексіндегідей (РФ ҚК-нің 44-бабы)-тармағы және 45-бабының 1-бөлігі) [10], қылмыстар жасаған үшін де көзделген. Осылайша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабының 2-бөлігіне сәйкес қылмыстар жасаған үшін кінәлі адамға жазалардың басқа түрлерімен қатар айыппұл, түзеу жұмыстарына қоғамдық жұмыстарға тарту тағайындау көзделеді, оларды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көзделген тәртіпте қамаққа алуға ауыстыруға жол беріледі [3].

ҚР ҚК 467 бабының 1-1 бөлігіне сәйкес, 45-бабының ережелері әскери қызметшілерге қатысты және осы Кодекстің 41-бабы алтыншы бөлігінің 1) тармағында, 42-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағында және 43-бабы 2-1-бөлігінің 1) тармағында көзделген жағдайларда – 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал қосымша жаза түрі ретінде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу тағайындалған адамдарға қатысты 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады деп белгілей отырып, оның қолданысы 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын деп көрсетілген [3].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 1-бабында халықаралық-құқықтық актілердің ішкі қылмыстық-атқару заңнамасынан

басымдығын бекіту көрсетілген актілермен белгіленген талаптарға сәйкес қамаққа алуды тағайындау және орындау тәртібін, қамаққа алуға сотталған адамға түзету ықпалын зерттеу үшін негіз болып табылады [11].

Сөйтіп, қамаққа алу түріндегі жазаны арнайы қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқарушылық зерттеу жүргізу қылмысқа қарсы күрес аясында заңнаманы жетілдіруге байланысты ерекше өзектілікке ие.

Осылайша, Қазақстан Республикасы соттарының №10 «соттар оларға қатысты сот актілерін шығарған адамдардың саны туралы» нысанды есептілігіне сәйкес 2015 -2016 жылдары - соттар қамаққа алуды тағайындаған жоқ, 2017 жылы – қамаққа алуды тағайындаудың 10 фактісі, 2018 жылы- қамауға алуды тағайындаудың 6 фактісі, 2019 жылы қамаққа алуды тағайындаудың 4 фактісі, 2020 жылы - соттардың қамаққа алуды тағайындауының 4 фактісі, 2021 жылы - соттардың қамаққа алуды тағайындауының 5 фактісі, 2022 жылы - соттардың қамаққа алуды тағайындауының 1 фактісі болды [12].

Қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнаулы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртіптемесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 504 бұйрығына сәйкес, «Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау заңды күшіне енген сот үкімі негізінде қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеуге арналған сотталған жері бойынша арнаулы қабылдау орындарында немесе тергеу изоляторларының оқшаулау учаскелерінде жүзеге асырылады» [13]. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 367 бұйрығына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда сотталғандарды ұстау тәртібі қағидалары бекіту» тәртібі қарастырылған [14]. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 51 бұйрығына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полициясы органдарының гауптвахтасында сотталғандарды ұстаудың ішкі тәртіптемесі мен тәртібінің қағидаларын бекіту туралы» сұрақтары қарастырылған [15]. Ал, ҚР ҚК 45 бабының 4 бөлігіне сәйкес әскери қызметшілер қамақта болуды гауптвахтада өтейді деп қарастырылған [3].

Сотталған әскери қызметшілердің жазасын гауптвахтада өтеуді жүзеге асыратын әскери полиция органдары болып табылады. «Әскери полиция органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 32 Заңына сәйкес, әскери полиция органдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Ұлттық ұланының құрамына ұйымдық тұрғыдан кіретін және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын арнайы әскери

бөлімшелер болып табылады [16].

Зерттеудің мақсаты қамаққа алу түріндегі жазаны қолдануды тәртібін және шарттарын реттейтін заңнаманы кешенді қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқарушылық талдаудың негізінде қамаққа алу түріндегі институтты жетілдіру бойынша құқықтық актілерге енгізілуі қажет өзгерістер мен толықтыруларды негіздеуден және ұсынудан тұрады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін автор мына **міндеттерді** алдына қойды:

- қамаққа алу жазасының тарихын салыстырмалы-құқықтық талдау;
- қамаққа алу түріндегі жазаның мәнін, мазмұнын және нысанын қарастыру;
- қамаққа алу түріндегі жазаны тағайындаудың тәртібін зерделеу және мәселелерін анықтау;
- қамаққа алу түріндегі жазаны орындау мен өтеуге қатысты қылмыстық-атқару заңнамасының ережелерін талдау;
- қамаққа алуға сотталған адамдарға түзету ықпалын және олардың түзелуінің құралдарын зерттеу;
- қамаққа алу түріндегі жазаны қолдану жөнінде қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару заңнамаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- сотталған тұлғаның құқықтық жағдайын реттеу бойынша халықаралық стандарттарды отандық заңнамалармен талдау;
- бірқатар шет елдердің заманауи қылмыстық заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жазаны зерттеу;
- шет елдердің заманауи қылмыстық атқару заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жазаны орындау тәртібін зерделеу болып табылады.

Қамаққа алу түріндегі жазаны тағайындау және орындау үдерісінде туындайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы **зерттеу объектісі** болып табылады. Қамаққа алу түріндегі жазаның мәні, мазмұны, нысаны, қамаққа алудың Қазақстандағы және бірқатар шет елдердегі жаза түрі секілді қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқарушылық белгілері **зерттеудің пәні** болып табылады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы ғылымында жаза мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлінген. Бұл институтқа шетел ғалымдарының еңбектерін атап өтуге болады, олардың ішінде: О.Г.Ананьевтың, Е.О.Ананьеваның, И.Н. Барицицтің, Б.Б. Бидованың, Е.В. Варфоломеевтің, Р.Р. Галиакбаровтың, М.Н. Гернеттің, В.И. Горобцовтың, Н.С. Глазуновтың, Л.В. Багрий-Шахматовтың, В.В. Джужоманың, Е.Э. А. Donoso, Ганаеваның, А.И. Зубковтың, В.Н. Ерёминнің, С.И. Кургановтың, Б.В.Здравомысловтың, В.Н. Земсковтың, В.Д. Ивановтың, А.В. Поливцевтің, С.В. Познышевтың, А.А. Пионтковскийдің, М.Д. Шаргородскийдің, А. Шиловтың, И.В. Шмаровтың, А.В. Маслихиннің, А.Ф. Маруковтың, А.А. Михайловтың, С.Ф. Милуковтың, Б.С. Никифоровтың, И.Г. Набиевтің, А.В.

Наумовтың, В.Н. Орловтың, К.М.Осмоналиевтің, А.Н.Игнатовтың, Ю.И. Калининнің, Ю.А.Красиковтың, И.И. Карпецтің, Н.Е. Крылованың, А.И.Коробеевтің, П.М.Комардың, В.Н.Кохманның, Н.Ф. Кузнецованың, В.Ф. Лапшиннің, В.В. Яковлевтің және басқалардың жұмыстары арналған.

Қазіргі уақытта қазақстандық ғалымдар Т.К. Акимжановтың, А.Н. Ағыбаевтың, Е.О. Алаухановтың, С.М. Апеновтың, К.Ж. Балтабаевтың, А.Б. Бекмагамбетовтың, И.Ш. Борчашвилидің, Е.А. Джубановтың, Е. Қайыржановтың, М.Ш. Курмангалидің, Т.М. Культелеевтің, Д. Молдабековтың, А.Е.Мизанбаевтың, Ж.М. Нусеновтың, Е.А.Онгарбаевтың, Б.К. Шнарбаевтың, Г.Б. Саматованың, Е. Саламатовтың, А.Б. Сакенованың А.Б. Скаковтың, С.М. Рахметовтың, В.П.Ревиннің, И.И. Роговтың, Д.С. Чукмаитовтың, және басқалардың жұмыстары біз үшін ғылыми қызығушылық тудырады, алайда, олардың да біздің зерттеу тақырыбымызға жанама түрде ғана қатысы бар.

Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру түрінде қылмыстық жазаны орындайтын мекемелердің құрылуы (тарихи-құқықтық аспект) С.К. Бастемиевтің кандидаттық диссертациясы [17]. «Сотталғандармен қарым-қатынас жөніндегі халықаралық-құқықтық стандарттар және оларды Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасына имплементациялау мәселелері» атты М.Ш. Курмангалидің кандидаттық диссертациясы [18]. «Міндетті әскери қызмет саласындағы қылмыстылықтың криминологиялық сипаттамасы және алдын алу» атты Ж.М. Нусеновтың кандидаттық диссертациясы [19]. «Әскери қылмыстар саласындағы қылмыстық саясаттың мәселелері мен перспективалары» аты Е.А. Джубановтың кандидаттық диссертациясы зерттеу негізінің бірі болып табылады [20].

Қамаққа алу түріндегі жазаның арнайы қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару мәселелеріне Л.В. Рябова, А.В. Поливцев пен В.В. Яковлевтың диссертациялық зерттеулері арналған.

Диссертацияның теориялық негізі. Диссертациялық материалдарды жалпылама зерттеу үшін Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханасынан, және де «Одесса ұлттық университеті Заң Академиясы», «Висмар Шығыс Университеті-Қолданбалы Ғылымдар, Технологиялар, Бизнес және Дизайн Университеті» (Висмар К., Германия) кітапханасы, [www. adilet.kz](http://www.adilet.kz), [www. online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz), Web of Science, Scopus және т.б. электрондық кітапхана жүйесінің порталының ғылыми электрондық ресурстары, www.gamgor.kz, www.sud.gov.kz, gov.kz және т.б., мемлекеттік органдардың ресми портал-сайттары кеңінен пайдаланылды.

Зерттеудің нормативтік негізіне қолданыстағы заңнаманың негізгі ережелері, ратификацияланған халықаралық нормативтік актілер мен стандарттар құрады. Автор диссертацияны жазу кезінде Қазақстан

Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексін, Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңдарды және заң асты актілерін, шетелдердің қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасы қолданды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Диссертациялық зерттеу жалпы ғылыми әдістердің (логикалық, әлеуметтік, тарихи, статистикалық, индукция, дедукция, модельдеу, талдау, синтез, жинақтау, салыстыру, абстракциялау, жүйелі, сауалнама), және арнайы әдістер (диалектикалық, сапалық және сандық талдау, салыстырмалы-құқықтық, формальді-логикалық, талқылау, техника-заңи талдау) негізінде орындалды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығына әртүрлі тарихи кезеңдерде қамаққа алу түріндегі жазаны тағайындау және орындаумен байланысты туындайтын қылмыстық және қылмыстық-атқару занамаларын реттеу мәселелері бойынша шетелдердің және отандық заңнамаға салыстырмалы-құқықтық талдауды жүргізу, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмысты-атқару кодексіндегі қамаққа алу түріндегі жазаны тағайындау және орындау бойынша мәселелерді анықтау мен жетілдіру мақсатында концептуалдық тәсілмен зерттеу және жүйелі-құрылымдық талдауды жүргізу, және де сол бағыттағы отандық құқықтық теорияның дамуы жатады. Сондай-ақ Қазақстанның құқықтық доктринасын ескере отырып, сотталғандарға қарау бойынша халықаралық-құқықтық стандарттардың заманауи осы заманғы жүйесінің құқықтық табиғаты кешенді түрде зерттелуінде, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына имплементациялау бойынша теориялық-құқықтық Ережелерге негізделгенімен қорытындаланады. Диссертацияда сотталғандарға қарау бойынша халықаралық-құқықтық стандарттардың өзіндік анықтамасы қалыптастырылған, ұлттық заңнаманың рөлі мен мағынасын анықтауға ықпал ететін түрлі өлшем шарттар бойынша осы стандарттардың классификациясы әззірленген және қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстардың теориялық-құқықтық негіздемелері әзірленген.

Зерттеудің эмпирикалық базасын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің статистикалық деректері, мекемелердің қызметін айқындайтын жарияланған материалдар, 2015-2022 жылдар кезеңіндегі сот және ведомстволық практикаға шолулар құрады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

Жүргізілген зерттеуді ескере отырып, мына ұсыныстарды іске асыру жолымен Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жетілдіру бойынша тұжырымдар ұсынылады:

1. Қамаққа алудың қысқа мерзімдері мен қатаң оқшаулауымен, және де бас бостандығынан айырумен салыстырғанда жазаның шығыны аз түрімен

байланысты жазаның түрі секілді оның тиімділігін ескере отырып, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған үшін де жазаның негізгі түрі ретінде қамаққа алуды қосу арқылы жазаның осы түрін қолдануды кеңейту керек. Осылайша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабының 2-бөлігі бас бостандығынан шектеуден кейін «қамаққа алумен толықтырылуды ұсынамыз;

2. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімнің баптарының санкцияларында қамаққа алуды бас бостандығынан айыруға және жазалардың басқа түрлеріне балама ретінде көзделуді ұсынамыз. Мысалы, қамаққа алуды жазаның балама түрі ретінде профилактикалық сілкіп алу сияқты аталатын қысқа уақытта сотталған адамға осы жаза барынша тиімді және пәрменді болатын сондай қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін енгізуді көздеу. Оны тиімділігі аз, ұзақ және мемлекет үшін шығынды, үлкен әлеуметтік жағымсыз салдары бар бас бостандығынан айыруды емес, қамаққа алу секілді жаза түрін қолдану кезінде ғана жүзеге асыруға болады.

Осылайша, қамаққа алуды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің жекелеген баптарының санкцияларына жазаның басқа түрлеріне қосымша қосу көңілге қонымды және мақсатқа сай болар еді және құқық қолдану үдерісінің тиімділігін айтарлықтай арттырар еді. Қамаққа алуды жазаның балама түрі ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің мына баптарына қосу үшін ұсынуға болады: 110-бап (Қинау), 115-бап (Қорқыту), 119-бап (Қауіпті жағдайда қалдыру), 124-бап (Жас балаларды азғындық жолға түсіру), 126-бап (Бас бостандығынан заңсыз айыру), 131-бап (Қорлау), 132-бап (Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту), 133-бап (Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту), 134-бап (Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту), 200-бап (Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу), 267-бап (Заңсыз әскерилендірілген құралымды ұйымдастыру), 273-бап (Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау), 293-бап (Бұзақылық); 417-бап (Парамен коммерциялық сатып алуға не паракорлыққа арандату), 419-бап (Көрінеу жалған сөз жеткізу), 421-бап (Куәнің немесе жәбірленушінің айғақтар беруден бас тартуы), 426-бап (Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашу) және басқа құрамдар.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабына «Қамаққа алу» мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілуді ұсынамыз:

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабының 2 бөлігі «Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді» деген сөздер «Қамаққа алу отыз тәуліктен тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді» деген сөзбен ауыстырылсын;

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабының 4 бөлігі

«Әскери қызметшілер қамақта болуды гауптвахтада өтейді» деген сөздер «мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері» деген сөзбен ауыстырылсын;

4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабының 2-бөлігінен қылмыстық теріс қылықтар жасаған адамдарды соттаған үшін сотталғандықтың жоқтығын көздейтін ережені нақтылау қажет. Себебі бұл ереже тағайындалған қылмыстық жазаның белгілерінің бірі және құқықтық салдары болып табылатын сотталғандық деген уақыт бойынша тұрақтаған тұжырымдаманы бұзады. Бұдан басқа қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адамды сотталғандығы жоқ деп танитын осы ереже қылмыстық-құқықтық саясаттың жүргізіп жатқан ізгілігінің белгісі болып табылып қоймай, қылмыстық құқықтың превентивтік қызметін бұлдыр қылуға ықпал етеді.

Қамаққа алу жазасы балама түрі ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жекелеген баптарына қосылған жағдайда, сотталған болып есептелсін.

Яғни, қылмыстық кодекстің 79 бабының 3 бөлігінің 3-1 тармақшасына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілуді ұсынамыз «Онша ауыр емес қылмыстар - үшін қамаққа алу жазаның балама түрі ретінде сотталған адамдарға қатысты тағайындалғанда – жазаны өтегеннен кейін бір жыл өткен соң»;

Қылмыстық кодекстің 79 бабының 3 бөлігінің 3-2 «Ауырлығы орташа қылмыстар үшін қамаққа алу жазаның балама түрі ретінде сотталған адамдарға қатысты тағайындалғанда – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өткен соң».

5. Қолданыстағы заңнаманы (қылмыстық және қылмыстық процестік) толық көрсету мақсатында қамаққа алу түріндегі жазаны орындау негіздерінің қатарына (2014 жылғы ҚР ҚАК 84-бабы) сот үкімінен басқа, айыппұл, түзеу жұмыстары және қоғамдық жұмыстар сияқты жаза түрлері қамаққа алуға ауыстырылған жағдайда, заңды күшіне енген сот қаулыларын да қосу ұсынылды.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Зерттеу жұмысы аясында 13 ғылыми-зерттеу жұмысы отандық және шетелдік басылымдарда жарияланды, оның ішінде: 2 мақала Халықаралық-ғылыми конференциялар материалдарында жарияланған, 7 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі ғылыми басылымдардағы ғылыми мақалалар, 1-мақала «Journal of advanced research in law and economics» жірналында (процентиль 43), 1 –мақала «Ad alta-journal of interdisciplinary research» журналында, 2 – оқу құралы. Диссертациялық жұмыс Каспий университетінде «Әділет» жоғары заң мектебінде дайындалған.

Диссертация құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, он бір тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ҚАМАҚҚА АЛУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫҢ ҰҒЫМЫ

1.1 Қамаққа алу жазасының тарихи қалыптасуы мен ғылыми тұжырымдамасы

Қамаққа алу түріндегі жазаны тағайындау және осы жазаны орындайтын мекемелер жүйесінің қалыптасуының тарихи-құқықтық аспектіде зерделеу белгілі бір тәжірибелік мәнге ие, өйткені ол оның қалыптасуының динамикалық процесін көрсетеді, өткеннің тәжірибесін шығармашылықты тұрғыда пайдалануға және алдыңғы қателіктерді болдырмауға, сондай-ақ нақты ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Ш. Уәлиханов өзінің еңбегінде, көшпелі халықтарда жазалау жүйесі аздап басқаша дамығанын атап өткен, онда жазалаулар сатысымен қарастырылған өлім жазасы мен бас бостандығынан айыру, әдетте, айыппұлмен алмастырылып отырған. Мысалы, көшпелі-қазақтарда кісі өлтіру кезінде кінәлі құн төлеген, өзге қылмыстарды жасаған кезде - айып төлеген. Одан басқа, көшпелі-қазақтарда толық дерліктей демократиялық сот жүйесі - билер соты болған, ол туындаған мәселелер мен кикілжіндерді ымыраға келу мен келісу бастауларында шешіп отырған [21, 327 б].

Сондықтан қазақ қоғамында түрмелар мен осы тектес мекемелер салуда қажеттілік болмаған. Мұнда құқық бұзушы, әдетте, бостандықта қалып отырған, оған тумаластары тәрбиелік әсер етіп отырған, яғни адамды оның табиғи мекен ету ортасында түзетіп отырған. Осы тектес практика оң нәтижелер берген болуы керек. Сондықтан қазақ қоғамында адамды түзеу мүмкіндігі туралы идеяны сол дәуірдегі көптеген ағартушы-ғалымдар қолдап отырған. Мысалы, бұл туралы Абай Құнанбаев былай жазған: «Менің қолымда билік болса, мен адам түзелмейтін сияқты деп айтатын адамның тілін кесетін едім» [22, 211 б.].

Р. Сәкенов ойынша, Қазақстанның аумағында түрмелер патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты дәуірінде салына бастаған деп санайды. Түрмелердің құрылысы көп күш пен қаражатты қажет еткен. Сондықтан түрмелар баяу әрі біртіндеп салынған. Мысалы, Семей Түрмесі 1773 жылы, Орал Түрмесі 1858 жылы және т.б. пайдалануға енгізілген [23, 10 б.].

Е. Саламатов пікірінше, қазіргі Қазақстанның аумағында қазіргі мағынасындағы алғашқы пенитенциарлық мекеме патшалық Ресеймен 1720 жылы Өскемен қаласында салынғанын атап өткен. Содан кейін 1773 жылы Семей қаласында, 1810 жылы Петропавлда, 1858 жылы Оралда және т.б. Бұл мекемелердің кейбіреуі бүгінде де тергеу изоляторлары ретінде қызмет атқарып тұр, бірақ басынан бастап Ресейдегі сияқты да олар колониялар деп емес, түрмелер немесе қамаққа алу үйлері деп аталған [24].

Тергеудегі адамдар ұсталған түрмелерді тергеу изоляторларына қайта құру

Кеңес кезеңінде 1963 жылы жүзеге асырылған. Бұл процесс күрделі болған жоқ, өйткені тергеу изоляторында да, түрмедегі сияқты адамдар камераларда ұсталады. Кейбір тергеу изоляторлары, соның ішінде Қазақстанның аумағында да, сот мерзімінің бір бөлігін түрме режимінде өткеуді тағайындаған сотталған адамдарға қатысты түрмелердің функцияларын орындауды ұзақрып жатты. Дәл сондықтан да бүгінгі күні де көптеген тергеулік-қамауға алынғандар және сотталған адамдар ауызекі сөйлеуде тергеу изоляторын түрме деп атайды [24].

В. Кашляк пікірінше, түрмелер салынғанға дейін қамауға алынғандар армия гауптвахталарында ұсталғанын атап өткен. Оларда ұстау жағдайлары шектен тыс ауыр болған. Мысалы, Семейде орналасқан армияның гауптвахтасында тұтқындар үшін еркектерге және әйелдерге арналған екі бөлме бөлінген. Тұтқындарға арналған осы гауптвахта туралы В. Кашляк былай деп жазады: «Адамдар оларда лықа толы, адамдар еңкейіп қана ұйықтап қоймай, бірақ көптегендері жүресінен отырып ұйықтады, өйткені бұрылатын жер жоқ еді. Мұнда тұтқындар ұйықтап қана қоймай, тамақ ішті, жұмыс істеді, бірақ тамақ та олармен осы жерде пісірілді, өйткені гауптвахтада ерекше ас бөлме болған жоқ. Бұл ретте дәл сол жерде атақты «дәрет сындыратын шелек тұрған еді» [25].

Т.М. Күлтелеев сөзінше, қазақтың әдет-ғұрып құқығы - жазылмаған құқық деп есептеді. Ол негізгі нормативтік институттардың бірқатарында және негіз қалаушы материалдық және процесік нормативтерді құрайтын қысқаша, оңай еске сақталатын әрі дәл сол кезде және мәнерлі нақыл сөздердің көпшілігінде тізілген. Соңғылары, әдетте, нақты бір өмірлік жағдайларға адекватты логикалық мүшелеп шығару, түсіндіру жолымен нақты нормаларды шығарудың бастаулары болып табылады [26, 77 б.].

Әдет-ғұрып заңының нормалары тікелей, сөзбе-сөз қолдануға және орындауға арналмаған. Ешкім сырттан, жоғарыдан қоғам мүшелерін оларды мүлтіксіз сақтауға міндеттеген жоқ. Олар тәртіптің, реттіліктің классикалық үлгісі ретінде шыққан. Олардың іс-әрекеттерімен қамтылған, қоғамдық қатынастардың қатысушылары бұл үлгіден бас тартуы мүмкін, яғни бас тарта алған [26, 78 б.].

М.Н. Гернет пікірінше, Ресей империясының түрмелеріндегі жағдай XVIII-інші де, XIX жүз жылдықта да өзгерген жоқ деп жазды, ол туралы профессор М.Н. Гернеттің «Патша Түрмесінің тарихы» атты іргелі еңбегі куәландырады, ол үшін автор Патшалық сыйлыққа ие болды [27, 128 б.].

С.В. Познышев ойынша, патшайым Екатерина II түрменің айтралықтай реформасын жүргізгісі келетінін және тіпті 1781 жылы түрме жарғысының жобасын жазғанын атап өтеді, онда қамалғандардың әртүрлі санаттары үшін алуан түрлі түрмелер құруды, міндетті жұмыстарды енгізуді және қамалғандарды түнге бөлек ұстау жоспарлағанын. Бірақ бұл жоба заңдастырылмаған және іс жүзінде түрмелер бұрынғы жағдайында қала берді

[28, 16 б.].

Түрмелердің қанағаттанарлықсыз жағдайының себептерінің бірі бірнеше жүз жылдықтар бойы Ресей империясында жазаның мақсаты кек алу мен қорқыту болып табылған. Дәл сондықтан да патшалық Ресейде ХХ-ғасырдың шегінде, мысалы, Батыс Еуропа елдеріне қарағанда, пенитенциарлық білімге сұраныс болмады, осыдан пенитенциарлық ғылым қалыптаспады да, қамаққа алу орындарының қызметінің заңнамалық негізі дамымады да [28, 17 б.].

Б.С. Утевскийдің айтуынша, түрмелердің нашар жағдайының себебі түрмелік қамалуға үкім шығарылан тоғытылғандар санының үнемі өсуі болған. Мысалы, егер Ресей империясының түрмелерінде 1898 жылы 83 209 адам ұсталса, 1917 жылғы 01 қаңтарында олардың саны 152 052 адамды құрады [29, 21 б.].

М. Сапарғалиев атап өткендей, Қазақстанның аумағында ХХ-ғасырдың басына қарай 20 түрме қызмет еткенін атап өткен. Оларда сондай-ақ қамалғандардың едәуір санын ұсталды. Бұл туралы мынандай фактілер куәландырады: мысалы, 300-350 орынға есептелген Торғай облысының түрмелерінде 1915 жылғы соңында 9-10 еседен көп қамалғандар ұсталған. Верный облыстық түрмесінде 1905 жылы 7 708 адам ұсталған, ал 1907 жылы тұтқындар саны 17 063 адамды құраған [30, 57 б.].

Түрмелер қызметінің практикасы олардың тағы бір айтарлықтай кемшілігін анықтады: оларда өзіне тән дәстүрлері мен мінез-құлық қағидалары бар қылмыстық орта қалыптасып жатты. Белгілі Ресейлік ғалым А.И. Гуров бұл туралы былай деп жазады: «ХІХ-ғасырдың аяғындағы Ресейде тұрақты түрме жүйесін ұйымдастырумен ... өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен жаңа жағдайларда белгілі бір шоғырлануды қажет ететін қылмыскерлердің өзге дүниесінің қалыптасуы басталады. Мейлінше белсенді түрде бұл процесс рецидивистер арасында өтіп жатты» [31, 74 б.].

Тағы бір белгілі ғалым, профессор С.В. Познышев ортақ түрме камераларының кемшіліктері туралы былай деп жазды: «... Ол болған кезде сөзсіз сұмдық жыныстық азғындық дамиды... Ол болған кезде сөзсіз тұтқындық «майдан» мен карта ойыны гүлдейді. ...Жеке тұлға ашық түрде топпен қаналады, қамалғандар арасында қаланып жатқан дөрекі салттар мен дәстүрлерге бағынады және өзінің даралығының мейірімді қасиеттерінен айырылады...» [32, 123 б.].

ХІХ-ыншы жүз жылдықтың соңында, бір жағынан, түрмелердің қылмыстың ошағына айналуы болып жатады, ал екінші жағынан, Батыс Еуропа елдерінің қысымымен патша үкіметі өз ұстанымын қайта қарастырады және кек алу мен жазалаудың орнына түрмеге қамау түріндегі жазаның мақсаттары деп қылмыскерді түзеуді таниды [32, 124 б.].

Б.С. Утевский сөзінше, патша үкіметі жер аударылған-сотталғандар мен жер аударылған-қоныстанушылар үшін адамның басты қырып тастаудың,

камшымен ұрып жазалаудың және арбаға байлаудың күшін жойғанын сондай-ақ шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды енгізгенін атап өткен. Одан басқа, патша үкіметі жаңа түрмелерді салуды бастауға мәжбүр болды. 1905 жылы түзілген түрме құрысының жоспары губерниялық қалаларда 23 және уездік қалаларда 141 жаңа түрме салуды қарастырды [29, 60 б.]. Бұл бағдаламаны аяқтауға соғыс пен революция бөгет жасады.

С.К. Бастемиев өзінің ғылыми еңбегінде, XX-ғасырдың басында Ресей империясында басталған түрме жүйесінің реформасы аяғына дейін жеткізілмегенін атап өткен. Адамдардың аса көп болуына қарай бар түрмелерде қамалғандар арасында аштық, суық, аурулар мен жоғары өлім билік етті деп атап өтті [17, 21 б.].

1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкіметтің тарапынан түрме жүйесін реформалау талпынысы болған. Алайда, ол да аяқталған жоқ, ал үкіметтің өзі, белгілі болғандай, 1917 жылғы Қазан төңкерісімен қуылған еді.

1917 жылғы қазанынан кейін қамау орындарына басшылық ету РКФСР Әділет халық комиссариатына артылған болатын, оның жанында Қамауға алу орындарының бас басқармасы құрылды, 1918 жылғы мамырында жазалаушы, ал 1919 жылы - орталық жазалау бөлімі болып қайта аталған. Жерлерде Әділеттің губерниялық (облыстық) комиссариаттарының жанында түрме инспекциялары, ал 1919 жылдан бастап - жазалау бөлімдері қызмет етіп тұрды [17, 21 б.].

Қазақстанда болса ше Қазақ автономиялық Республикасының құрылуымен 1920 жылғы тамызында ҚазАКСР ӘХК қарамағында ҚОББ құрылды, оған тікелей республика аумағында қызмет атқарып тұрған 20 ортақ қамау орындары (түрмелер) бағынды. Одан басқа, ҚазАКСР ІХК құрамында төрт еңбек лагері болған. 1921 жылғы қазанына ҚазАКСР-ның қамау орындарында еңбек лагерлерінің қамалғандарын есепке алғанда барлығы 8 305 адам ұсталды [17, 21 б.].

1921 жылғы наурызының соңында ҚазАКСР ХКК шешімімен милиция қарамағында қамау үйлері мен ӘХК-ның еңбек лагерлері ҚазАКСР Әділет Халық комиссариаты ҚОББ құрамына кірді. Осындай шешімді мекемелердің осы түрлерінің әртүрлі ведомстволар бойынша шашыраңқы болуы көп күш пен қаражатты қажет ететіндігімен түсіндіруге болады. Сондықтан оларды бір ведомствоға шоғырландыру мақсатқа сай болды [17, 21 б.].

Алайда, 1922 жылы РКФСР-дің барлық қамау орындары Ф.Э. Держинскийдің ұсынысымен РКФСР-дың ІХК-ның қарамағына берілді. Сондықтан 1922 жылғы жазынан бастап Қазақстанда да барлық қамау орындары ҚазАКСР ІХК-ның қарамағына өткен [17, 22 б.].

Жаңа құрылыста жазаның мақсаттары туралы мәселе ғалымдар мен практиктер арасында үлкен пікірталас пен даулар тудырғанын атап өту керек. Бәзбіреулер Кеңес мемлекетінің қылмыстық саясаты кек алу мен жазаның

қатыгездігі қағидаттарында негізделмеуі тиістігін дәлелдеді, бірақ дәл сол кезде жазаның мақсаты өзін-өзі қорғау және ортақ өмір сүру жағдайларын қорғау деп тани отырып, террор мен оқшаулау шараларымен әрекет етуді ұсынды. Басқалары таптық жаулардың өкілдерін түзеу мүмкіндігін теріске шығарды және сондықтан жазалау мен кек алу қағидаттарын басшылыққа алуды ұсынды. Үшіншілер жазаның мақсаты қылмыскерді түзеу және т.б. деп таныды [17, 21 б.].

Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленин сөзінше, Кеңес мемлекетіндегі қамау орындары патша түрмелеріне қарағанда өзгеше болуы керек және олардың басты мақсаты қамалғандарды түзеу болуы тиіс деп санағанын және түрмелерді тәрбиелеу мекемелерімен алмастыру қажеттігін негіздегенін атап өту керек [30, 355 б.].

Б.С. Утевскийдің пікірінше, Кеңес билігінің нақ алғашқы жылдары В.И. Ленин, мемлекет басшысы бола тұра, Халық Комиссарларының Кеңесінің: 1919 жылғы 18 маусымындағы «Губерниялық және облыстық Әділет бөлімдерінің жазалаушы бөлімдері жанындағы бөлу комиссияларын құру туралы» декрет; 1921 жылғы 21 наурызындағы «Бас бостандығынан айыру және қамалғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босату тәртібі туралы» декрет; 1921 жылғы 28 қарашасындағы «РКФСР-дың бас бостандығынан айыру орындарындағы және бас бостандығынан айырусыз мәжбүрлі жұмыстарды өтеп жатқан қамалғандардың еңбегін пайдалану туралы» декрет және басқалар сияқты бірқатар декреттер мен қаулыларға қол қойған [31, 25 б.].

И.В. Шмаров сөзінше, қабылданған актілердің ішінде маңызды орынды РКФСР ӘХК-мен 1918 жылғы 23 шілдесінде бекітілген «Жаза шарасы ретіндегі бас бостандығынан айыру және оны өтеу тәртібі туралы» уақытша нұсқаулықты алатынын атап өткен. Онда алғаш рет, ортақ қамау орындарынан (түрмелерден) басқа, реформаторий және жер өңдеу колониялары, өтпелі еңбекпен түзеу үйлері сияқты ашық және жартылай ашық түзеу мекемелерін қосатын бас бостандығынан айыру орындарының жаңа жүйесі көрсетілді [32, 65 б.].

РКФСР ӘХК-ның бұл уақытша инструкциясы 1920 жылғы қарашасына дейін қолданыста болды. Содан кейін 1920 жылғы 15 қарашасында РКФСР ӘХК-ның қаулысымен «Ортақ қамауға алу орындары туралы ереже» бекітілді, онда егжей-тегжейлі қоғамдық пайдалы еңбекті, оқу-тәрбие және мәдени-ағарту жұмыстарын, жазаны өтеу режимін және т.б. қолдану реттелді [32, 67 б.].

С.К. Бастемиев ойынша, Қазақстанның ортақ қамауға алу орындарының (түрмелердің) практикалық қызметінде жоғарыда көрсетілген Ережеде қарастырылған ұстау режимінің негізгі талаптары сақталмағанын атап өту керек. Оған себеп сол кезде материалдық-техникалық қамтамасыз ету әлсіз болды және қазақстандық қамау орындарының қаржылық жағдайы шектен тыс ауыр болған, ал кейбір ортақ қамауға алу орындары жартылай бұзылған жағдайда болған. Мысалы, Павлодар бас бостандығынан айыру үйінің жағдайы

туралы есепте: «...камалғандарды мұндай үй-жайда бұдан қарай ұстау мүмкін емес, камералардың ішіндегі барлық сылақ құлап жатыр... ғимарат бір жылдан аса мүлде шатырсыз болуына қарай ғимарат іші дымқыл ... камераларды күн сайын жуу жүргізіледі және пештер жылытылады, бірақ мұның барлығы тазалыққа қатысты ешқандай оң нәтиже беріп отырған жоқ» делінген [17, 49 б.].

Осылайша, Кеңес билігінің алғашқы жылдары қамау орындарының қызметінің құқықтық негіздемелерін дамытуға орасан әсерді қылмыстық құқықтың классикалық мектебі және түзеу түрмелерін құруда едәуір тәжірибеге ие Батыс Еуропа елдерінің пенитенциарлық жүйелерінің қызметінің практикасы көрсетті деп айтуға болады. Дәл сол кезде, азаматтық соғыс жағдайларындағы елдегі әлеуметтік-саяси, экономикалық тұрақсыздық және қамау орындары жүйесінің әлсіз материалдық-техникалық базасы қабылданған құқықтық нормалардың тұжырымдамалық Ережелерін іске асырғызбады.

Белгілі болғандай, азамат соғысынан кейін 1921 жылы Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленин нарықтық экономика арқылы, мемлекеттік капитализм арқылы социализмге өтуді ұсынған. Мұндағы мұқтаждық елдің экономикалық артта қалуымен шартталған болатын. Бұл туралы В.И. Ленин, мысалы, келесіні жазды: «...біз жеткілікті есептеусіз – пролетарлық Мемлекеттің тікелей бұйрықтарымен коммунистікше, шағын шаруа елінде мемлекеттік өндіріс пен азық-түліктерді мемлекеттік бөлуді жолға қоюды болжадық. Өмір біздің қатемізді көрсетті. Бірқатар өтпелі баспалдақтар қажет етілді: мемлекеттік капитализм мен социализм... Бұлай деп бізге революцияның дамуының объективті барысы айтты» [33, 151 б.].

Нарықтық экономикаға өту, бірінші кезекте, мемлекеттің құқықтық жүйесін құруды керек етті. Осыған байланысты келесі 1922 жыл, белгілі болғандай, ұйымдастырушылық-құқықтық реформа жылына айналды. Сондықтан бір жыл ішінде қылмыстық және азаматтық кодекстер, жаңа жер және еңбек кодекстері дайындалып, қабылданды. Заңдарды қабылдау соттардың реформасымен қоса еріп жүрді. Дәл сол кезде мемлекеттік прокуратура құрылды және адвокатура жүйесі реттелді. Ал азаматтық соғыс бойы әрекет етіп тұрған ревтрибуналдар мен әкімшілік сот өндірісі сияқты сот органдары жойылды.

1922 жылы РКФСР-дің Қылмыстық кодексін қабылдаудан кейін РКФСР-дің алғашқы ЕТК жобасы әзірленді. Бір жыл ішінде бұл жоба көптеген кәсіпорындар мен ұйымдарда, сондай-ақ 1923 жылы Мәскеуде өткен пенитенциарлық істің жұмыскерлерінің бірінші Бүкілресейлік съезінде талқыланды.

С.В. Познышев пікірінше, 1924 жылы Әділет жұмыскерлерінің V съезіндегі баяндамасында Н.В. Крыленко Кеңес билігінің таптық жауларын түзеудің мүмкін еместігі туралы өзінің тұжырымдамасын өрбітті және оның баяндамасы бойынша қарарда таптық жеккөрушілікке, таптық психология немесе таптық

дағдыларға қарай қылмыс жасаған адамдарға қатысты еңбекпен түзеу шаралары орын ала алмайтындығы туралы ереже енгізілген [28, 35 б.].

Осыған қарамастан, барлығына ортақ түзеу теориясының жақтаушылары берілген жоқ. Мысалы, профессор С.В. Познышев өзінің көзқарасын қорғай отырып, дәл сол 1924 жылы: «Түзетілмейтіндер туралы мәселе қылмыстық құқық ғылымында кезектен алынып тасталуы керек. Қылмыстық құқық түзетілмейтіндерді білмейді, тек түзетілмегендерді біледі» деп жазды [28, 36-б.].

1924 жылы РКФСР-дың ЕТК-ны қамау орындарының жабық типтерін құруды қарастырғанын атап өту керек: қамау үйлері, еңбекпен түзеу үйлері және арнайы мақсаттағы изоляторлар.

С.К. Бастемиев ойынша, 1924 жылғы РКФСР ЕТК-ның нормаларына сәйкес, қамау үйлері тергеліп жатқан және алты айға дейін бас бостандығынан айыруға үкім шығарылған адамдарды ұстауға арналған деп есептейді [17, 23 б.].

Еңбекпен түзеу үйлері алты айдан он жылға дейін бас бостандығынан айыруға үкім шығарылғандарды ұстауға арналған [17, 23 б.].

1924 жылғы ЕТК нормаларына сәйкес аталған мекемелерде қамауға алынғандарды камера бойы, топтар бойы ұстау қарастырылғанын атап өтпеуге болмайды [17, 23 б.].

Бас бостандығынан айыру орындары — қылмыскерді бас бостандығынан айырып, қоғамға қауіп төндірмеу мақсатында оны қоғамнан оқшаулап, сот үкімін орындау үшін қамау орны деп танылады. Қазақ жеріндегі бас бостандығынан айыру орындары XVIII ғасырдың соңына қарай пайда бола бастаған екен [17, 24 б.].

Бұрынғы заманда бас бостандығынан айыру орындары «абақты» деп аталған. «Абақты — қылмыскерді бас бостандығынан айырып, қауіпті әрекетін одан әрі өрістетпеу мақсатымен, оны қоғамнан оқшаулатуға, сот жазасын өтеуге арналған қамау орны. Абақтыға ауыр қылмыс істеп сотталғандар қамалады. Абақты буржуазиялық қоғамда пайда болып, қанаушы таптың жеке адамдарды қорлау, азаптау орнына айналды. Советтік әділ сот қылмыскерді абақтыға жапқанда оның адамгершілік намысын қорлауды көздемейді» [17, 24 б.].

Қазақстанда түрме XIX ғасырдың соңына қарай пайда бола бастапты. «Сібір қазақтары деп атаған бес ояз жерінде атақты екі түрме ғана болған екен. Бірі 150 адамға арналып салынған Омбы қаласында, екіншісі 50 адамға арналып 1869 жылы салынған Петропавл қаласында болыпты. Ақмола, Көкшетау ояздарында 1890 жылдардан бастап түрме үшін бұрынғы әскери гауптвахтаны пайдаланыпты. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Атбасар оязының орыс-қырғыз училище ғимараты да «ақ түрме» аталып кеткен еді. Кейін қайта жөндеп, гастроном дүкенін жасады. Ол бұрынғы «Ленин» көшесінде болатын» [17, 25 б.].

Қамауға алынғандарды ұстау режимі 1924 жылғы РКФСР-дің ЕТК нормаларымен қарастырылған жазаны өтеудің дамушы жүйесі туралы ережеге

негізделіп отырды. Оның мәні қамауға алынған жазасын қамау орындарында өтей отырып бірнеше кезеңнен өтуі тиістігіне және оның мінез-құлқы мен жазасын өтеу мерзіміне қарай оны ұстау жағдайлары да өзгеруі тиістігіне сайды. Сонымен, ЕТК-тің 100-бабына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарында үш ішкі разряд құру керек болды: бастауыш, орта және жоғары. Ал қамауға алынғандарды үш санатқа бөлу қажет болды:

– бірінші санат – қатаң оқшауланған бас бостандығынан айыруға жататын адамдар;

– екінші санат – кәсіби қылмыскерлер, сондай-ақ еңбекшілер табына жатпастан, өздерінің таптық әдеттері мен көзқарастары немесе мүдделері салдарынан қылмыс жасаған қамауға алынғандар;

– үшіншісі – бірінші де екінші санатқа жатпаған барлық басқа қамауға алынғандар.

Бірінші және екінші санаттағы қамауға алынғандар ЕТК-қа түсу кезінде бастапқы ішкі разряд есептелуі тиіс болған, онда бірінші санатты қамауға алынғандар ЕТК-тың 103-бабына сәйкес мерзімнің жартысынан кем емес уақыт, ал екінші санатты қамауға алынғандар сотпен тағайындалған мерзімнің төрттен бірінен кем емес уақыт ұсталуы тиіс болатын. Орташа ішкі разрядқа аударылған қамауға алынғандар онда барлық қамауға алынған мерзімінің үштен бір уақытында болуы, қандай жағдайда да, алты айдан кем емес болуы тиіс еді [17, 25 б.].

Жоғары ішкі разрядты қоспағанда, барлық ішкі разрядтың қамауға алынғандарының камераларын тәулік бойы бекіту болжанған. Ал жоғары ішкі разрядтың қамауға алынғандарының камералары таңертеңнен кешкі тексеруге дейін ашық болуы тиіс еді.

Ұстау жағдайларын келесідей түрде өзгерту қарастырылған болатын:

1. Бастапқы ішкі разрядтың қамауға алынғандарына ЕТК-тің 130-бабының талаптарына сәйкес екі аптада бір рет кездесулер мен шығарулар және аптасына бір рет берілімдер беріліп отырған сондай-ақ олар өздерінің есеп-шоттарында бар ақшаның үштен бірінен аспайтынын пайдалана алған.

2. Орта санаттың қамауға алынғандарына ЕТК-тің 131-бабының талаптарына сәйкес аптасына бір рет кездесулер, шығарулар және берілімдер беріліп отырған. Олар өздерінің есеп-шоттарында бар ақшаның үштен екісін пайдалана алған.

3. Жоғары санаттың қамауға алынғандарына ЕТК-тің 132-бабына сәйкес күні бойы олар үшін арнайы белгіленген бөлімшелер шегінде еркін қозғалуға рұқсат етілген; кездесулер, шығарулар және берілімдер аптасына екі рет рұқсат етілген, ал ақша - олар өздерінің есеп-шоттарында бар ақшаның төрттен үшіншінен аспайтынын пайдалануға рұқсат етілген.

С.Қ. Бастемиев сонымен қатар атап өтті, яғни ЕТК-тің 143-бабына сәйкес, бақылау комиссиясының қаулысымен орта және жоғары санаттың қамауға

алынғандарына бір апталық және екі апталық демалыс беру қарастырылып отырды.

Арнайы мақсаттағы оқшаулағыштарда, ЕТК-тің 167-бабына сәйкес, қамауға алынғандардың тек бір бастапқы ішкі разрядта ұстау қарастырылғанын атап өту керек. Оқшаулағыштарда ұстау жағдайлары қамауға алудың басқа орындарымен салыстырғанда қатаңдау болған. Жекелеп алғанда, қамауға алынғандарды оқшаулағыш аумағынан тыс жерде пайдалануға түпкілікті тыйым салынған. Демалыс және іссапарларға рұқсат етілмеген. Кездесулер, шығарулар және берілімдер екі аптада бір рет беріліп отырған және олар еңбекпен тапқан ақшасының үштен бірінен аспайтынын пайдалана алған. Оқшаулағыштағы қамауға алынғандарды өкімдік комиссияның қаулысымен орташа ішкі разрядқа жатқыза отырып, еңбекпен түзеу үйлеріне ауыстыруға рұқсат етілген [17, 26 б.].

Сонымен бірге, ЕТК-тің 121-бабына сәйкес, мекеменің түрі мен ішкі разрядына қарамастан, қамауға алынғандарға, егер бұйымдардың саны мен аталымы рұқсат етілген бұйымдардың тізбесіне сәйкес келсе, өз киімін киіп, өзінде камерада қажетті бұйымдарға ие болуына рұқсат етілген. Ал шаншып-кесетін бұйымдар мекеме бастығының жазбаша рұқсатымен ғана рұқсат етілген [17, 26 б.].

Сондай-ақ, барлық мекемелер мен ішкі разрядтарда қамауға алынғандарға бұғаулар, кісендер қолдануға, оларды карцерге орналастыру, қатаң жалғыз басты қамауға, тамақтанудан айыруға түпкілікті тыйым салынған. Арнайы мақсаттағы оқшаулағыштарды қоспағанда, қамауға алынғандардың тор арқылы кездесу өткізуіне тыйым салынған [17, 27 б.].

ЕТК-тің 115-бабына сәйкес, әйел жынысты қамауға алынғандар мен тергеліп жатқан қамауға алынғандарды, сондай-ақ басқа жаққа ауыстырылатын қамауға алынғандарды бөлек ұстау ұйғарылғанын атамай өтуге болмайды [17, 27 б.].

Осы Кодекстің талаптарына сәйкес, карантинде болу кезінде қамауға алынғандар кітапхананы пайдалана алған, газет оқи алған, шахмат ойнай алған және т.б. Бұл Кодекспен сондай-ақ тергелушілер мен сотталушыларды қызмет түрін таңдау құқығын сақтай отырып, еңбек қызметі ұсынылған.

Қазақстанның қамауға алу орындарының қызметінің практикасында не болды және не жүзеге асырылмады деген заңды сұрақ туындайды [17, 27 б.].

С.К. Бастемиев мұрағаттық деректер бойынша бізбен 1925 жылғы шілдесінде ҚазАКСР қамауға алу орындарын басқару (ҚОБ) аппараты Орынбор қаласынан Қазақстанның жаңа астанасы - Қызыл-Орда қаласына қайта қоныстанған. Содан кейін КСРО ҚОБ 1926 жылғы 01 қаңтарынан бастап ҚазАКСР ІХК жанындағы Қамауға алу орындарының бас инспекциясы болып қайта аталды, ол 1928 жылғы аяғында Қазақстанның жаңа астанасы - Алматы қаласына қайта қоныстанғаны анықталған [17, 28 б.].

Сондай-ақ, мұрағат материалдары бойынша бізбен Қазақстанда 1924 бастап 1929 жылдар бойғы кезеңде:

- арнайы мақсаттағы оқшаулағыштар: Орал, Төрткүл және «Возрождение» аралындағы Өлкелік изоляторы;

- қамау үйлері: Көкшетау, Шымкент, Атбасар, Темір, Ташқазак, Қазалы, Қызылорда, Ойыл, Түркістан, Зайсан, Гурьев, Қарқаралы, Павлодар;

- еңбекпен түзеу үйлері: Ақтөбе, Жетісу, Әулие-Ата, Семей, Петропавл, Қостанай, Өскемен, Қызылорда, Алматы;

- Қазалы қаласындағы кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған Еңбек үйі функциялағаны анықталған.

Көрініп отырғандай, 1924 жылғы РКФСР ЕТК-ның талаптарына сәйкес бұрын қызмет атқарып тұрған қамауға алудың ортақ орындары (түрмелер) арнайы мақсаттағы оқшаулағыштарға, қамау үйлеріне және еңбекпен түзеу үйлеріне түрлендірілген.

Көрсетілген қамауға алу орындарын толтыру лимиті шағын болған. 1927 жылғы 80 мамырында ҚОБИ-дің №21 бұйрығымен бекітілген штаттық кестеден, біріншіден, Петропавл еңбекпен түзеу үйі 350 орынға, Ақтөбе – 100 орынға, Жетісу – 400 орынға, Қостанай – 200 орынға, Семей – 450 орынға, Өскемен – 400 орынға есептелгені көрініп тұр. Қызылорда – 150, Әулие-Ата – 150 орындық [17, 29 б.].

Екіншіден, көрсетілген қамауға алу орындарындағы қызметкерлердің саны да шағын болды сондай-ақ бірдей болды: бастық, оның екі көмекшісі, есепші немесе есеп жүргізуші, іс жүргізуші, мұғалім-тәрбиеші және төрт аға қадағалаушы, сондай-ақ толтыру лимитінен қарай 13-тен 44-ке дейін кіші қадағалаушы болған.

Оң аспект ретінде, далалық жұмыстар кезеңінде қамауға алынғандарға, КСРО БОАК-ның 1925 жылғы 21 сәуіріндегі қаулысына сәйкес, үш айға дейін демалыс беріліп отырғанын да атап өтеміз [34].

Оралуына қарай қамауға алынған ол шын мәнінде де ауылшаруашылық жұмысында істегені туралы куәлік ұсынуы тиіс болғанын түртіп өтейік. Осындай куәлік болмаған жағдайда, өкімдік комиссия демалыс уақытын есептемей қоюға құқылы болған [35].

Оқшаулағыш бастығының есебінде Арал теңізінің дерлік ортасында болып тұрған бұл арал балық аулауға да, мал бағумен айналысуға да ыңғайлы, өйткені топырақ мал жайылымына жақсы қорекке ие екендігі айтылатынын атап өту керек. Мұнда 1917 жылғы революциясына дейін жергілікті тұрғындар да, өнеркәсіпшілер де балық аулау, аң аулаумен айналысқанын, үш тұзды көлден тұз алған және сексеуілді құрлыққа шығарған және т.б. Революциядан кейін кәсіп ұлттандырылған. Содан кейін оның орынына кеңестік шаруашылық ұйымдастырылған, бірақ ол тиімсіз, рентабельді емес болды және сол себепті жойылған болатын. Сондықтан, 1924 жылғы басына қарай аралда бар-жоғы 4-5

қырғыз-қазақ жанұялары тұрған және бұрыннан қалған бірнеше үй-жайлар болды [36].

Бұл оқшаулағыш 1926 жылы 1 қазанында жойылған. Біздің көз қарасымызша, бұл оқшаулағыш материктен алыс болғандығына қарай жойылған, ал табиғи-климаттық жағдайлар байланысты оқшаулағышпен жыл бойы байланыс ұстап тұруға мүмкіндік бермеді. Оқшаулағыштың балық аулау құралдарымен қамтамасыз етілмегенін; қамауға алынғандардың) жұмыс тәжірибесінің болмауын; балық аулаудың қарапайым тәсілін; салыстырмалы шамалы өткізу қабілеті бар жасанды кәсіптерін; қосалқы қожалықтың болмауын сондай-ақ әлсіз кадрлық қамтамасыз етуді есептен алып тастауға болмайды [36].

Возрождение аралындағы арнайы мақсаттағы оқшаулағыш жойылғаннан кейін Орал арнайы мақсаттағы изоляторы 400 адамды толтыру лимиті бар өлкелік маңызы бар оқшаулағышқа айналған. Алайда, ол да осындай тағдырға тап болды: 1929-1930 жылдары арнайы мақсаттағы барлық оқшаулағыштар бүкіл ел бойынша жаңа заман талаптарына жауап бере алмайтын ретінде жойылған. XX-ғасырдың 20-жылдарының аяғына қарай қуғын-сүргін машинасының маховигі жеделдей түседі, қамауға алынғандардың саны ұлғаяды, бұл қамауға алу орындарының жүйесін қайта ұйымдастыру туралы мәселе қойды. Осы мезеттен бастап арнайы мақсаттағы оқшаулағыштардың орнына БМСБ-ның концентрациялық лагерлері құрыла бастады [36].

Аталған қамауға алу өндірістік қызметі 1931 жылғы 1 қаңтарынан бастап өнеркәсіпқаржыфинжоспар негізінде құрылып отырған. Осы мезеттен бастап барлық қамауға алу орындарынан өндірістік жоспарды орындау және асыра орындау талап етілді. Бұл туралы, мысалы, ҚОББ бастығы М.Л. Масанчидің 1931 жылғы 01 қаңтарындағы №4002.1 бұйрығында келесі айтылады: «...өз жұмысшыларын жұмыста қандай да бір ынталандыру енгізу жолымен қызықтырылсын, социалистік жарыс пен екпінділік енгізілсін және өзінің міндеті етіп не болса да оны орындау мен асыра орындау қойылсын» [36].

Алайда қамауға алу орындарының ұсақ және оның үстіне ауыл шаруашылығының кәсіпорындары рентабельді емес болды және Қазақстанның көптеген қамау үйлері жоспарлық тапсырманы орындай алмады. Мысалға, 1932 жылғы 28 қарашасындағы ҚазАКСР ЕТМББ бойынша №157 бұйрықта: «ЕТМ қожалықтары бойынша күзгі егіс науқаны, жерлермен берілген түйіндемелерге сәйкес орындалмағаны» айтылады [36].

1933 жылы РКФСР ӘХК-ның бастамасымен жаңа Еңбекпен түзеу кодексі дайындалған болатын, ол РКФСР БОАК және ХКК 1933 жылғы 1 тамызындағы қаулысымен бекітілген болатын [36].

1933 жылы РКФСР ЕТК-де қамауға алынғандарды ұстау үшін түрмелер құру қарастырылмаған болатын. Бұл кемшілікті мекемелердің жабық типтері (түрмелер) ауыр өндірісті ұйымдастыруға жарамды болмағанымен түсіндіруге болады. Керісінше, қамауға алынғандар мен тергеудегілердің көп болуы

жағдайында оларды тергеу изоляторлары және басқа орынға ауыстырылатындардың тармақтері ретінде пайдалану мақсатқа сай болған [36].

Осылайша, 1933 жылдағы РКФСР ЕТК-ның нормаларында өндірістік-экономикалық көзқарас тұрғысынан ұтымды барлық нәрсе рұқсат етілді және, керісінше, бұл процеске кедергі келтіретін барлық нәрсе еленбеді немесе тыйым салынған өзін-өзі қамтамасыз ету жағдайларында одақтас және автономды республикалардың ӘХК қамауға алу орындары қызметінің қалыптасып қалған практикасы бекітілген болатын. Одан басқа, бұл кодекс, ол кезге қарай қамауға алынғандардың басым бөлігі ұсталған, КСРО БМСБ еңбекпен түзеу лагерлерінің қызметін реттемеді [36].

Келесі 1934 жылы БМСБ өзінің барлық еңбекпен түзеу лагерлерімен және одақтық және автономиялық республикалардың ӘХК-ның барлық қамауға алу орындарымен бірге КСРО-ның ОАК 1934 жылғы 10 шілдесіндегі Қаулысымен құрылған КСРО-ның Ішкі істер халық комиссариатының құрамына кірді. КСРО-ның ІХК мекемелерінде Еңбекпен түзеу лагерлері мен еңбек қоныстарының бас басқармасы (ЕТЛЕҚББ) құрылды [37, 302 б.].

КСРО-ның басқа аймақтарындағыдай, Қазақстанда да ӘХК ҚОББ жойылған болатын. Оның орынына 1934 жылғы аяғында ҚазАКСР ІХКБ-да қамауға алу орындары мен еңбек қоныстарының бөлімі құрылған болатын.

Осылайша, 1934 жылы барлық құқық қорғау органдары қатаң түрде орталықтандырылып, КСРО-ның ІХК ЕТЛЕҚББ-на тікелей бағынды. Сонымен, одақтас және автономды республикалардың билігі мен басқаруының органдары қылмыспен күрес проблемаларынан ғана емес, сонымен бірге құқық қорғау органдарының қызметінің үстінен, соның ішінде қамауға алу орындарын қадағалаудан да толығымен қиылып қалған [37, 303 б.].

Осы бұйрықтың талаптарына сәйкес тергеу түрмелерінде тергеу мүдделерін қамтамасыз ететін режим орнатылып жатты. Бұл жерде тергеудегілер жабық түрме камераларында ұсталып, күзетте болуы тиіс еді; күн сайын 1 сағат шегінде серуенге шығуға жол берілді; кездесулер, берілімдер, хат жазысулар, газеттер мен кітаптар алуға тергеу органдарының рұқсатымен ғана жол берілді [36].

Осы тектес түрмелерде ұстаудың қатаң режимін орнату нұсқалды: камералар жабық және күзетілетін болады; камералардан барлық шығарулар күзетпен жүзеге асырылады; сыртқы жұмыстарға бас бостандығынан айырылғандар шығарылмайды; кездесулер мен берілімдер айына 1 рет, хат жазысу айына 2 рет рұқсат етіледі; серуендеу 1 сағат шегінде жол беріледі [36].

Қамауға алынғандарды ұстау үшін түрмелердің қажеттілігін біз КСРО БМСБ-ІХК-ның еңбекпен түзеу лагерлерінде бірлескен түрде алғаш рет сотталғандар мен бірнеше рет сотталғандар, рецидивистер ұсталғандығымен түсіндіреміз. Соңғылары өз тобын құра отырып, жиі сотталғандардың басым бөлігін тықсырды, кикілжің шешуге кездесулер мен жаппай тәртіпсіздіктерді

ұйымдастырып отырды. Одан да арысы, қамауға алынғандардың кейбір бөлігі жұмыстан бас тартып отырды [36].

Бас бостандығынан айырылғандарға арналған түрмелерде сотталғандарды жіберу жоғарғы, облыстық және облыстық соттарға жататын, онда үкімде түрмеге қамау көрсетілген. Одан басқа, түрмелерге ІХК ЛАГББ-ның және өлкелік және облыстық ІХК бастықтарының анықтамасы бойынша тәртіптік ретте қамау орындарынан түрмелерге алмастырылған қамауға алынғандарға қатысты қамауға алынғандар жіберіліп отырған [36].

В.Н. Земсков пікірінше, КСРО-ның ІХК-сының түрмелері туралы 1939 жылғы 28 шілдесіндегі Ереженің құрылымы 40 тармақтан тұратынын және тергелудегілер үшін түрмелерді құру және жою, осындай түрмелерде ұсталуға жататын қамауға алынғандардың санаттары, түрме режимінің негізгі ережелері, түрме режимін бұзғаны үшін жазалау шаралары сияқты мәселелерді реттегенін атап өткен [38, 75 б.].

1941 жылғы 20 наурызына КСРО аумағында барлығы 492 түрме болған, онда 438 819 қамауға алынғандар ұсталған. Егер біз одақтас және автономды республикалар бойынша сауал қозғасақ, онда РКФСР-де 265 түрме болғанын атап өту керек. Оларда 257 933 қамауға алынған адам болған. Содан кейін бұл параметр бойынша Украина ереді – 60 түрме және 75 783 қамауға алынған. Беларусь – 33 түрме және 31 061 қамауға алынған. Қазақстан – 21 түрме және 13 657 қамауға алынған. Өзбекстан – 16 түрме және 10 884 қамауға алынған. Басқа 11 республикада барлығы 97 түрме болған, онда 49 501 қамауға алынған ұсталған [38, 75 б.].

Көріп отырғандай, түрмелерде қамауға алындардың айтарлықтай саны болған. Осыған қарамастан, түрмелер еңбекпен түзеу лагерлерінің қосымшасы болған.

Салыстырмалы талдау 1941 жылғы 20 наурызына Қазақстанның кейбір түрмелерінде қамауға алынғандардың саны толтырудың штаттық лимитін 6 есе, ал Өскемен қаласының түрмесінде 8,5 еседен асқанын көрсетеді.

С.К. Бастемиев мұрағат материалдары түрмелерде қамауға алынғандардың сұмдық жағдайларда ұсталғанын куәландыратынын атап өткен. Сол жылдардағы бұйрықтарда жиі әрі жылдан жылға «кір», «антисанитарлық жағдай», «биттілік» және т.б. сияқты сөздер қайталанып отырады. Мысалы, Қазалы ортақ түрмесінің жағдайы туралы 1939 жылғы 12 қарашасындағы 1671/54 бұйрықта: «... Түрменің барлық ғимараттары бастықтың кабинетінен камераларға дейін, аса ластанған, жинау бес күнде 1-2 рет жүргізіледі, ағарту (эктеу) жүргізілмеген, кейбір камераларда биттілік орын алған. Түрменің ас бөлмесі аса антисанитариялық жағдайда. 1937 жылы бекітілген түрменің штаты жасақталмаған» [17, 43 б.].

Ереженің 2-тармағына сәйкес тергеудегілерді ұстау үшін түрмелерді басқару КСРО-ның ІХК-ның Бас түрме басқармасымен жүзеге асырылды.

Қамауға алынғандарды ұстауға арналған түрмелер жүйесіне қатысты болса, онда КСРО-ның ІХК-нің 1938 жылғы 4 желтоқсанындағы №00780 бұйрығының негізінде Қазақ КСР ІХК-нің 1938 жылғы 19 желтоқсанындағы №1523/76 бұйрығымен Қазақстанда Қазақ КСР ІХКБ-ның түрме бөлімі құрылды [17, 42-б].

Ол кезде Қазақстанның аумағында барлығы 24 ортақ түрме қызмет атқарып тұрған. 1939 жылғы 01 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстанның түрмелерінің штаттық кестесіне сәйкес түрмелерді толтыру лимиті шағын болды: 50-ден 500 орынға дейін. Толтыру лимитінен қарай жеке құрамның штат саны 27-ден 113 адамға дейін болған. Алматы, Орал, Ақтөбе, Жамбыл, Темір, Үржар түрмелерінде бос лауазымдар болған. 1939 жылғы 01 ақпанына Қазақстанның түрмелері жүйесіндегі бос лауазымдылардың жалпы саны 172 бірлікті құрады [17, 42 б.].

Штаттық кестеге сәйкес түрмелердің жеке құрамының жартысын түрме қадағалаушылары құрады. Мысалы, Алматы қ. Түрмесінің жеке құрамының 90 адамынан 40-ы қадағалаушылар, Семей қ. түрмесінің 113 қызметкерінің 66-сы қадағалаушылар, Орал қаласының түрмесінің 99 қызметкерінің 53 бірлігі - қадағалаушылар болды және т.б. [39].

КСРО-ның ІХК халық комиссары Л.Берияның кезінде КСРО-ның ІХК-сының 1939 жылғы 27 қазанындағы №001289 бұйрығымен «аса құпия» грифі бар КСРО-ның ІХК-сының Бас түрме басқармасы (БТБ) туралы ереже жарияланды. Бұл ереже Ішкі істер халық комиссарының орынбасары В. Меркуловпен бекітілген [39].

Осы Ереженің нормаларына сәйкес, КСРО-ның барлық түрмелері КСРО-ның ІХК Бас түрме басқармасының құрамына кірді. Түрмелерді басқару бойынша жұмысты БТБ түрме басқармалары, одақтық және автономиялық республикалардың ІХК-нің бөлімдері мен бөлімшелері, өлкелер мен облыстардың ІХКБ арқылы жүзеге асырып отырды [39].

60-жылдардың аяғына қарай, бас бостандығынан айыру орындарының негізгі түрі біржолата жабық үлгідегі еңбекпен түзеу колониялары болған кезде, КСР Одағының 1969 жылғы 11 шілдесіндегі еңбекпен түзеу заңнамасының Негіздері қабылданған болатын. Онда да түрмелер құру қарастырылған [39].

Осының барлығынан кейін Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесінің 1971 жылғы 17 желтоқсанындағы қаулысымен Қазақ КСР-нің Еңбекпен түзеу кодексі бекітілген болатын [39].

Қазақ КСР-нің 1971 жылдағы Еңбекпен түзеу кодексі жеті бөлімнен тұрды, ал әрбір тарау бірнеше тарауды қосты. Тұтастай, Кодексте 125 бап болған [40].

Д. Молдабеков сөзінше, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, 1997 жылғы 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті, 1998 жылғы 01 қаңтарынан бастап күшіне енген, жаңа Қылмыстық-атқару кодексіне қол

қойғанын атап өтті [40].

Өткенге қарағанда, осы кодекс Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен қарастырылған барлық жазалардың орындалуын реттейді. Осыған байланысты, осы Кодекстің құрылымы 24 бөлімнен тұратын 7 тарауды қосады. Барлығы Қазақстан Республикасының жаңа ҚАК-да 184 бап бар [40].

Бұл кодекстің құрылым мен тұтас мазмұны, бір жыл бұрын қабылданған, Ресей Федерациясының Қылмыстық-атқару кодексінен көшірілгенін атап өту керек. Сондықтан түзеу мекемелерінің жүйесі мен түрлері бізде, соның ішінде бір колония шегінде жазаны өтеу жағдайларының түрлері бірдей [40].

Қамауға алу жазаның түрі ретінде 1997 жылдағы ҚР ҚК-ның 46-бабында мазмұндалған. ҚР ҚК-ның 46-бабының 1-бөлігіне сәйкес қамауға алу сотталғанды, тағайындалған жазаның бүкіл мерзіміне, қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстаудан тұрады. Осы баптың 2-бөлігінде қамауға алу бір айдан алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді деп бекітілген. Қоғамдық жұмыстарға тартуды, түзеу жұмыстарын немесе айыппұлды қамауға алумен алмастыру жағдайында, ол бір айдан аз мерзімге тағайындала алады. 3-бөлік қамауға алу үкім шығару кезіне он алты жасқа толмаған адамға, сондай-ақ жүкті әйелдерге және кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге қолданылмайтынын орнатты. Көрсетілген баптың 4-бөлігінде әскери қызметшілер қамауға алу түріндегі жазаны гауптвахтада өтейтіні анықталған [3].

2011 жылға дейін қамауға алу түріндегі жазаны орындау бірнеше рет кейінге шегеріліп отырды.

1997 жылдағы ҚР ҚК-н заңды күшіне енгізу кезінде [8], бастапқыдан осы Кодекстің қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, қамауға алу, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жазалар туралы ережелері Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің заңды күшіне енуінен кейін жазалардың осы түрлерінің орындалуына қажетті жағдайлар тудырылуына қарай 2003 жылдан кешіктірмей қолданысқа енгізілетіні анықталған. Бұл ереже «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдесіндегі №168-1 Заңының 4-бабымен бекітілген [8]. Жоғарыда көрсетілген заңның көрсетілген бабына 2000 жылғы 05 мамырында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының №47-ІІ Заңымен өзгерістер енгізілді (Қазақстан Республикасының аталған Заңының 4-т.), оларға сәйкес бұрынырақ көрсетілген жазалар тізбесінен қоғамдық жұмыстар алынып тасталып, осы Кодекстің қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза туралы ережелері 2000 жылғы 1 қаңтарынан бастап заңды күшіне енеді деп бекітілген [8].

Кейінірек, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсанындағы №514-ІІ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қамауға

алу, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза міселелрі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қамауға алу туралы ережелерін қолданысқа енгізу мерзімі қайтадан өзгертілді – 2003 жылғы орнына 2008 жыл белгіленді [8].

Одан әрі, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жазаларды орындау жүйесін және қылмыстық-атқару жүйесін ары қарайғы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 10 желтоқсанындағы 228-IV Қазақстан Республикасының Заңының 4-тармағына сәйкес, қамауға алу түріндегі жаза туралы 1997 жылдағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелері 2010 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі [8].

Бірақ бұл Ережелер сол қалпы қолданысқа енген жоқ, өйткені Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 қаңтарындағы Заңының 1-бабының 1-тармағының 8-тармақшасының негіздемесінде параллельді түрде қамауға алу сияқты жазаны орындауға арналған 1997 жылдағы Қазақстан Республикасы ҚАК-тың 64-67-баптарының заңды күшіне ену күніне қатысты дәл осындай өзгерістер 1997 жылғы 13 желтоқсанындағы №209 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіні қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілді [8].

Осылайша, он жылдан астам уақыт ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық және Қылмыстық-атқару кодекстерінің жекелеген ережелері іске асырылу, практикада қолдану үшін мүмкіндікке ие болмаған ахуал болды.

Бұл ахуал 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің [3] және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі - 2014 жылғы ҚР ҚАК) [11] қолданысқа ену шеңберінде қайталанды, расында ұзақ кезеңнен аз уақыт ішінде.

2014 жылғы 3 шілдесінде қабылданған 2014 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде жазаның түрі ретінде қамаққа алуға 45-бап арналған, ол қамауға алу тағайындалған жазаның бүкіл мерзіміне қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында тұрады деп айқындайды (1-бөл.). Көрсетілген баптың 2-бөлігінде қамаққа алу мерзімі отыздан тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге орнатылған. Ұстау мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады. Қарастырылып отырған баптың 3-бөлігінде қамаққа алу тағайындалмайтын адамдар тізіледі: кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және одан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және одан асқан еркектерге, бірінші және екінші топтың мүгедектеріне. Осы баптың 4-бөлігіне сәйкес әскери қызметшілермен қамаққа алу гауптвахтада өтейді [3].

2014 жылдағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабы

«Осы Кодексті қолданысқа және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерін күшін жойған деп тану туралы» 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 467-бабынан сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі. Қазіргі күнге 2014 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабының қолданылуы, әскери қызметшілерге қатысты қолданылатын ережелерді қоспағанда және 2017 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданылатын, осы Кодекстің 41-баптың 3-бөлігімен, 42-баптың 3-бөлігімен және 43-баптың 2-бөлігімен көзделген жағдайларда (яғни, сотталғандарға тағайындалған айыппұл, түзеу жұмыстары және қоғамдық жұмыстар бірқатар мән-жайларға қарай қамаққа алумен алмастырылатын ахуалдар, 2020 жылғы 1 қаңтарына дейін тоқтатыла тұрған. Көрсетілген күндер, 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 467-бабына 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 45-бабының қолданылуы бойынша көрсетілген нақтылауларды қамтитын 1-1-бөлікті қосқан, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 18 сәуіріндегі №58-VI Қазақстан Республикасының Заңында орнатылған [3].

Осылайша, Қазақстан Республикасында қамаққа алу ретіндегі жазаны қолданудың басталуының формалды күні 2017 жылғы 1 қаңтары болып табылады, яғни 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 45-бабының 2014 жылғы ҚР-ның Қылмыстық кодексі заңды күшіне енуінен кейін екі жыл өткен кейін әрекетке енгізіледі. Рас, ҚР ҚК-ның 45-бабының ережелері 2020 жылғы 1 қаңтарына дейін толық емес көлемде қолданылады, тек 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 467-бабының 1-1-бөлігімен көзделген жағдайларда ғана қолданылатын болады [3].

Алайда, қамаққа алу тиімділіктің жеткілікті жоғары дәрежесіне ие екеніне қарамастан, оны нақты қолдану практикада біздің күндерімізде айтарлықтай экономикалық проблемалармен байланысты. Сотталғандарды орналастыру үшін Қазақстан Республикасында 50 ден кем емес қамаққа алу үйін салу қажет болған, бұл қазіргі кезге әлі орындалмаған [3].

Д. Молдабеков Құқықтық саясатты зерттеу орталығы директорының орынбасары Т. Зинович 2014 жылы, қамаққа алу үйлерін салуға қажетті сома едәуір қомақты деп пайымдағанын атап өткен. Құқықтанушының пікірінше, бұл ақшаның ғимарат салудан басқаға да жетуі өте маңызды. «Қамаққа алу үйі - бұл тұтас кешен, ол медициналық блокты, серуендеу орындарын, ас блогын, кір жуатын орындар және т.б. қосуы тиіс, өйткені қамаққа алынғандар онда бірнеше айға дейін ұсталатын болады, бұл, сөзсіз, толыққанды ұйымдастыруды және қамаққа алынғандардың тұрмыстық мұқтаждықтарын қамтамасыз етуді керек етеді. Сондықтан қамаққа алу үйлерінде барлық осы жағдайлардың болуы шамадан тыс маңызды» - деп атап өтті Т. Зинович ханым [40].

ҚР ҚАК-тың 24-бабының 4-бөлігіне сәйкес қамаққа алу түріндегі жаза ішкі істер органдарымен және әскери полиция органдарымен орындалады.

Қамаққа алу түріндегі жазаны орындаудың реті тәртібі мен шарттары ҚР

ҚАК-тың 15-тарауында белгіленген, ол сондай-ақ 2017 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі [3].

Жаңа 2014 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі қабылданғанға дейін қамаққа алу үйлерін салуға уақыт жеткілікті ме деген және болашақта оларды қай орган ұстайтыны туралы мәселе көтерілген. Кейбір заңгер ғалымдар қамаққа алынғандардың өндірісте жұмыс істеуін ұсынды. Осылайша «аймақтар» өз-өздері үшін жұмыс істейді, бұл қамаққа алынғандарды ұстауға деген мемлекеттік шығындарды қысқартады [3].

Алайда, Д. Молдабеков пікірінше, қамаққа алу үйлеріне мұндай практика қолданыла алмайды. Құқықтанушының айтуынша, ұйымдастырушылық күрделілік туындайды. «Қамаққа алу үйлерінде үлкен ағын байқалады. Қамаққа алынғандар қамаққа алу үйлеріне әртүрлі, бірақ, әдетте, қысқа мерзімге - бірнеше күннен бірнеше айға дейін орналастырылатын болады, олар әрбір қамаққа алынғанды өндірістегі жұмыстың ерекшелігіне жеткілікті түрде үйретпейді. Бас бостандығынан айырудың өзге орындарында ұйымдастырылған өндірістер (мысалы, аспаптар дайындау, киім тігу және т.б.), бас бостандығынан айырудың ұзақ мерзімдеріне ие (бір жылдан аса) қамаққа алынғандардың өндірісте жұмыс істеу үшін арнайы дағдыларды, бекітілген жұмыс орындарын және т.б. алуына есептелген» [40]

2014 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексін қабылдау сәтіне мәселе ақша жеткілікті ме дегеннен емес, уақыттың жеткілікті ме дегеннен қорытылды. Сол сәтке қалыптасып қалған жай емес ахуалдан шығудың жолы болып қылмыстық теріс қылықтар үшін жазаның түрі ретінде 2017 жылғы 1 қаңтарынан бастап соттармен қамаққа алуды қылмыстық жаза ретінде қолдануды арнайы айтып кететін норманы енгізу қызмет етті. Екі жыл ішінде қамаққа алу ретіндегі жазаның түрін қолдануды толыққанды іске асыруды қамтамасыз ету үшін әр аймақта қамаққа алу үйлерін салуға болады деп жоспарланған болатын [3].

Өкінішке орай, қазіргі кезде бірде-бір қамаққа алу үйі Қазақстанда салынбаған және қамаққа алу ретіндегі жазаның түрі практикада қолданылмайды. Сөзсіз, қамаққа алу үйлерін салу мемлекет үшін қаржылық тұрғыдан қиын екенін мойындау керек, одан басқа құрылыс үшін өте ұзақ мерзімдерді ескермеуге болмайды. Бұл проблеманың шешімі, біздің көз қарасымызша, қоныс-колонияларды түзеу мекемелерінің бір түрі ретінде жою және оларды қамаққа алу үйлеріне қайта ұйымдастыру қызмет ете алар еді. Сонымен бірге, қазіргі кезде, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабының 5-тармағына сәйкес колония-қоныстарда бас бостандығынан айыруды өтеу абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға, сондай-ақ ол үшін бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған қасақана қылмыс жасағаны үшін алғаш рет сотталған адамдарға тағайындалатынын ескеру қажет. Тиісінше,

колония-қоныстарда ұстау режимі қамаққа алу үйлеріндегі ұстау режимінен кейбір айырмашылықтарға ие. Осылайша, бұл мәселені айтарлықтай қайта ұйымдастыруларсыз және материалдық салымдарсыз шешу мүмкін болмайды. Бұл ретте жүргізілген сауалнама барысында респонденттер тарапынан қарастырылып отырған жазаның түрін, оны тағайындау және орындау практикасын жетілдіру бойынша қандай да бір ұсыныстар болмағанын атап өту керек [3].

Сотталған әскери қызметшілерге қатысты қамаққа алу түріндегі жазаны орындау тәртібінің өзге адамдарға қатысты қамаққа алуды орындау тәртібінен айырмашылығы бар, бұл олардың Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызметті өтуімен шартталған. Қамаққа алуды гауптвахталарда өтеу, сондай-ақ әскери өзара қатынастардың ерекшеліктерімен туындаған қамаққа алуға сотталған әскери қызметшілерді бөлек ұстау кезіндегі ажыратылғандықтың артқан дәрежесі негізгі айырмашылықтар болып шығады.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының Ішкі қызметі жарғысының 207-тармағына сәйкес - әскери полиция органдарының жанында әскери қызметшілерді күзетпен ұстау үшін жабдықталған үй-жай гауптвахта аталады [41].

Сотталғандарды гауптвахтада ұстаудың ішкі тәртіптемесі мен тәртібін Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару қызметінің, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс салаларындағы уәкілетті органдары айқындайды (ҚР ҚАК-тың 83-бабының 1-бөлігі) [11].

Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу уақыты әскери қызметтің жалпы мерзіміне және кезекті әскери атақ беру үшін еңбек сіңірген жылдарына есептелмейді (ҚР ҚАК-тың 87-бабының 1-бөлігі). Жазаны өтеу уақытында сотталған адамды кезекті әскери атақ беруге ұсынуға, жоғары тұрған лауазымға тағайындауға, жаңа қызмет орнына ауыстыруға және, денсаулығына байланысты қызметке жарамсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, әскери қызметтен шығаруға болмайды (ҚР ҚАК-тың 87-баб. 2-бөл.) [11].

Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу уақытында сотталған әскери қызметшілерге ақшалай ризық төленбейді (ҚР ҚАК-тың 87-баб. 3-бөл.) [11].

Осылайша, сотталған әскери қызметшілерге қатысты қамаққа алуды орындау мүмкіндігі өзге адамдарға қатысты қамаққа алуға қарағанда қазіргі кезде реалистілеу, өйткені сотталған әскери қызметшілер үшін бөлек қамау үйлерін салу қажеттілігі жоқ [11].

Баяндалғанның негізінде келесі қорытындыларды жасауға болады:

1. Түрмелер салу Қазақстанның аумағында патша үкіметінің отаршылдық саясатының дәуірінде басталған және XX ғасырдың басына дейін мұнда 150-ден 450 орынға дейін толтыру лимиті бар 20 шағын түрмелер салынған. Бұл

түрмелердің айтарлықтай кемшілігі, олардың толтырылу лимитін бірнеше рет асатын қамалғандардың көп саны болған. Түрмелерге асыра орналастыру қамауға алынғандар арасында түрлі жұқпалы және жыныстық жолмен берілетін аурулардың таралуының басты себептерінің біріне айналған. Оның үстіне, қорқыту және кек алу мақсатында құрылған Ресей империясының түрмелері қылмыскерді түзеу міндеттерін шешуге жарамсыз болған.

2. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қоғамдастық ортасында жазаның мақсаттары туралы талқылаулар мен даулар басталған. Көптеген ғалымдар мен практиктер, соның ішінде Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленин де жазаның мақсаты қылмыскерді түзеу екенін мойындады. Мәселені бұлай қою, бірінші кезекте, түзеу мекемелерін құруды талап еткен. Бұл жағдай, өз кезегінде, ғалымдар мен практиктерді Батыс Еуропаның елдері мен АҚШ-тың пенитенциарлық жүйелерінің тәжірибесіне жүгінуге мәжбүр етті, өйткені мұнда түзеу мекемелерін құру процесі XVIII ғасырдан бері жүріп келе жатқан, және сондықтан олар бұл мәселеде белгілі бір тәжірибеге ие болған.

3. XX-ғасырдың 20-жылдарында Батыс Еуропаның елдері мен АҚШ-тың пенитенциарлық жүйелерінің тәжірибесінің негізінде бірқатар нормативтік актілер, соның ішінде 1924 жылғы РКФСР ЕТК әзірленіп, қабылданды. Алайда, оның негізгі ережелері 20-жылдары бірнеше себептерге қарай іске асырылмай қалды: дайындалған кадрлардың болмауы; әлсіз материалдық-техникалық база; бөлінген қаражаттың жеткіліксіздігі және қамауға алу орындарын қаржыландырудың бірыңғай нормаларының болмауы және т.б.

Осылайша, құрылған заңнамалық негізге қарамастан, 20-жылдары түрмелерді түзеу мекемелеріне айналдырудың ыңғайы келмеді деп айта аламыз. Олардың атауларына қарамастан (қамауға алу үйлері, еңбекпен түзеу үйлері, арнайы мақсаттағы оқшаулағыштар), олар өздерінің мәні бойынша түрмелер болып қала берді, онда қамауға алынғандар, патшалық Ресей кезіндегідей ортақ түрме камераларында ұсталды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін қылмыстық-атқару заңнамасы мен түзеу мекемелерінің жүйесін дамытудың жаңа кезеңі басталды.

Сонымен бірге, тәуелсіздік жылдарындағы біздің мемлекетіміздің және қоғамның әлеуметтік-саяси және экономикалық негізінің, моральдық-адамгершілік құндылықтарының өзгеруіне қарамастан, әлі күнге дейін Қазақстанның аумағында XX-ғасырдың 60-жылдары құрылған түзеу колониялары қызмет етеді. Бұл түзеу колонияларында объективті түрде сотталғандарды түзеу мүмкін емес. Керісінше, оларда сотталғандар қоғам үшін қалаулы емес бағытта дамиды. Осыған байланысты автормен Қазақстан Республикасының түзеу мекемелерінің жаңа жүйесін құру ұсынылған:

1) Қамауға алу үйлері - тергеудегілерді және қамауға алынғандарды бір айдан алты айға дейінгі мерзімге ұстауға арналған.

2) Колония-қоныстар - сотталғандарды қасақана қылмыстары үшін алты

айдан бес жылға дейін және абайсызда жасаған қылмыстары үшін жеті жылға дейін ұстауға арналған.

3) Түзеу түрмелері - сотталғандарды қасақана қылмыстары үшін бес жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге және абайсызда жасаған қылмыстары үшін жеті жылдан астам мерзімге ұстауға арналған.

4) Түзеу түрмелері – сотталған әйелдер мен кәмелетке толмағандарға арналған.

5) Арнайы мақсаттағы оқшаулағыштар - он бес жылдан астам мерзімге және өмір бойына бас бостандығынан айырылған сотталғандарды ұстауға арналған.

6) Оңалту орталықтары – түрмелер мен арнайы мақсаттағы оқшаулағыштардан алмастырылған сотталғандарға арналған.

7) Түзеу орталықтары – бір жылдан бес жылға дейін бас бостандығын шектеуге жазаны өтеу жағдайларын бұзған сотталғандарды ұстауға арналған.

Сотталғандардың санаттарын ескере отырып, автормен колония-қоныстарының үш типін құру, ал түзеу түрмелері мен арнайы мақсаттағы оқшаулағыштарда сотталғандарды үш санатқа: алғаш рет қылмыс жасағандар; абайсызда қылмыс жасағандар; екі немесе одан да көп рет соттылығы барларға бөле отырып, жазаны өтеудің прогрессивті жүйесін енгізуді ұсынылған.

Осылайша, диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттер толық көлемде шешілген: Қазақстанның ХХ-ғасырдың 20-жылдарындағы қамауға алу орындарының қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздемелері зерделенген және заманауи жағдайларда тарихи тәжірибені пайдалану мүмкіндіктері анықталған; Қазақстанның түрмелерінің қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздемелері талданған; еңбекпен түзеу лагерлерінің бой көтеру және даму үдерісі айтылып кеткен, олардың қызметінің әлеуметтік-құқықтық салдары анықталған; түзеу колонияларының қызметінің тарихи-құқықтық негіздемелері танылған, олардың қызметінің әлеуметтік-құқықтық салдарлары анықталған; кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған мекемелердің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздемелері зерделенген; Қазақстанның түзеу мекемелерінің заңнамасы мен жүйесін дамытудың негізгі кезеңдері айқындалды және Қазақстан Республикасының Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасы мен түзеу мекемелерінің жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар қалыптастырылған.

1.2 Қамаққа алудың түсінігі, мәні, белгілері, мақсаттары және оның қылмыстық жазалардың жалпы жүйесіндегі орны

Қазақстанда қамаққа алу түріндегі жаза институтының пайда болуы өткен жүзжылдықтың 90-жылдарының басында тиісті құқықтық инфрақұрылымды талап ететін экономикалық және саяси түрлендірулердің салдары болған. Жекелеп алғанда, «Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформаның

мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 1994 жылғы 12 ақпанындағы №1569 Қаулысында жазалар жүйесіне өзгерістер енгізу талап етіледі деп көрсетілген: нарықтық қатынастарға мейлінше сәйкес келетін мүліктік сипаттағы санкциялардың мөлшері мен қолданылу аясын кеңейту; жазалардың жаңа түрлерін орнату - қоғамдық жазғыру және лауазымынан алып тастау, шартты түрде соттау, түзеу жұмыстары сияқты түрлерді шегеріп тастап, бас бостандығын шектеу және қамаққа алу_(үш айға дейінгі мерзімге); жасалғаны үшін өлім жазасы қарастырылатын қылмыстардың санын шектеу [42].

Біршама кейінірек, «Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйегіндегі №949 Жарлығында Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатын іске асыру бағыттарының бірі бас бостандығын шектеу, қамаққа алу, өмір бойына бас бостандығынан айыру сияқты жазаның жаңа түрлерін қарастыратын қылмыстық-құқықтық нормаларды қолданысқа енгізуге деген қажетті жағдайлар тудыру болып айқындалды [43].

Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында алдымен 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі [8] және 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі [44] қабылданды.

Қылмыстық құқықтың қазіргі жағдайы оның біртіндеп дамуын растайды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қылмысқа қарсын күрестің және адамның барлық құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың жеткілікті тиімді аспабы болып табылады [1].

Сондықтан, Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында [45] жазылғандай, сөз қылмыстық әділетке татылған азаматтардың санын қысқарту, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық шараларды мейлінше кеңінен қолдану үшін жағдайлар тудыру туралы болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында қамаққа алу түріндегі жаза алғаш рет 1997 жылдағы ҚР ҚК-де қарастырылған. Әйтсе де бірқатар елдердің қылмыстық заңнамасы үшін жазаның бұл түрі жаңа емес [44].

Л.В. Рябованың деректері бойынша жазаның аталған түрі 1930 жылғы Италияның, 1979 жылғы ҚХР-дың, 1937 жылғы Швейцарияның, 1907 жылғы Жапонияның және басқа да бірқатар елдердің Қылмыстық кодексінде бекітілген [46, 4 б.].

Қамаққа алудың қатаңдығы қамаққа алу сотталғанды тағайындалған жаза мерзімінің бүкіл кезеңіне қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауда қорытылады. Егер қамаққа алу адамды, сондай-ақ қоғамнан оқшаулауды болжайтын бас бостандығынан айыру сияқты мейлінше қатаң жазаның түрімен салыстырса, онда ҚР ҚК-ның 46-бабының 1-бөлігінде бас бостандығынан айыру

сотталғанды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне жіберу арқылы қоғамнан оқшаулауда тұрады деп жазылған. Яғни, бұл бапта қамаққа алу кезіндегідей қатаң оқшаулау туралы сөз болып отырған жоқ. Сондықтан қамаққа алу мерзімдері де бас бостандығынан айыру мерзімімен салыстырғанда едәуір шектеулі [3].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің 2008-2014 жылдардағы есебіне сәйкес, қамаққа алу жаза түрі 2008 жылы-18рет, 2009 жылы – 29 рет, 2011 жылы – 11 рет, 2012 жылы – 1 рет, 2013 – 2014 жылдары тағайындалмады. Қамаққа алу жаза түрі ретінде 1997 жылғы қылмыстық кодекске сәйкес онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға тағайындалған. Қамаққа алу жазасы басқа жазаларға қарағанда бірнеше есе аз тағайындалған, ал егер бас бостандығын айырумен байланысты жазамен салыстырғанда, бас бостандығынан айыру жазасы 2008 жылы – 1385 рет, 2009 жылы – 1353, 2011 жылы – 1073, 2012 жылы – 2270 рет, 2013 жылы – 2870, 2014 жылы – 2042 рет тағайындалған [12].

Біздің көзқарасымызша, қамаққа алу ол ҚР ҚК-ның Ерекше бөлімінің бабының санкциясында тікелей көрсетілген кезде, қылмыстық теріс қылықтар үшін, тағайындалатын жазаның негізгі және ең қатаң түрі болып табылады. Қамаққа алу сотталғанды қоғамнан он күннен елу күнге дейінгі мерзімге қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауда қорытылады [3].

Ерекше бөлімнің баптарының санкцияларында қамаққа алуды бас бостандығынан айыруға және қылмыстық жазалардың басқа да түрлеріне балама ретінде көздеу. Қамаққа алудың жазалау элементінің мәні сотталушының қатаң оқшаулау жағдайларында қысқа мерзімді болу негізінде оқшаулау қатері туралы актіде қорытылады [47, 123 б.].

Қоғамнан қатаң оқшаулау сотталғанның еркін қозғалу, болу жері мен тұрғылықты жерін таңдау, сондай-ақ ҚР аумағының шегіне шығу конституциялық құқығынан айырылатындығында қорытылады (ҚР-ның Конституциясының 21-бабы) [1].

Одан басқа, қатаң оқшаулау жеке сипаттағы шектеулерді де болжайды (күн тәртібі, телебағдарламалар қарау).

Сотталғанды оқшаулау оны осындай жағдайларға, атап айтқанда ҚР ҚАК-тың 85-бабының 1-бөлігіне сәйкес камераға орналастыру ретінде айқындалады (определяется), ондайлар кезінде ол өзінің бұрынғы айналасымен немесе тұтастай қоғаммен байланысы мен контактілерінен айырылады [11].

И.Ш. Борчашвили ойынша, қамаққа алу сотпен жазаның негізгі түрі ретінде тағайындала және ол ҚР ҚК-ның Ерекше бөлімінің бабының санкциясында болмаған кезде тағайындала алатынын атап өтті:

- оны төлеуден қасақана жалтарғаны үшін айыппұл алмастырылған жағдайда ҚР ҚК-ның 43, 45-баптары (1-бөліктері), ҚР ҚК-ның 41-бабының 6-

бөлігі ережелерін ескере отырып, төрт айлық есептік көрсеткіш үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебінен (ҚР ҚК-ның 41-баб. 6-бөл.);

- түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда, жазаның орындалмаған бөлігі ҚР ҚК-ның 43 және 45-баптарының (1-бөліктері), ҚР ҚК-ның 42-бабының 5-бөлігі) ережелерін ескере отырып, төрт айлық есептік көрсеткіш үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебінен қамаққа алумен алмастырылады;

- қоғамдық жұмыстардан жалтарған жағдайда ҚР ҚК-ның 45-бабының (1-бөлігі), ҚР ҚК-ның 43-бабының 2-1-бөлігі) ережелерін ескере отырып, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебінен [48, 291 б].

Қамаққа алу мерзімі тәулікпен саналады (ҚР-ның Қылмыстық кодексінің 62-бабының 1-бөлігі). Жаза мерзіміне, қамаққа алудың бір күні үшін күзетпен ұстаудың бір күні есебімен, сотталғанды үкімнің заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстаудың уақыты есептеледі (ҚР-ның Қылмыстық кодексінің 62-бабының 3-1-бөлігі (1-тармағы). Үкімнің заңды күшіне енуіне дейін үй қамақта ұстаудың уақыты жаза мерзіміне қамақтың бір күні үшін үй қамақта ұстаудың екі күні есебімен есептеледі (ҚР 62-бабының 4-бөлігі) [3].

Қамаққа алудың мазмұны мен мәнін, жазаның түрі ретінде қолдану ретіндегі оны мақсатын толығырақ ашу үшін біз осы саладағы жетекші маман ғалымдардың пікірлеріне жүгінеміз.

Сонымен, В.В. Яковлевтің пікірінше, қамаққа алудың мәні кез-келген басқа жаза сияқты - жазалау [49, 74 б.]

Кейбір авторлар қамаққа алудың жазаның түрі ретінде келесі негізгі элементтерін көрсетеді.

Сонымен, А.И. Коробеев ойынша, қамаққа алу түсінігіндегі (ключевыми) екі белгі: сотталушыны қатаң оқшаулау және бұл оқшаулаудың қысқа мерзімділігі негізгі болып табылатынын екенін атап өтеді [50, 803 б.]

Ары қарай А.И. Коробеев қатаң оқшаулау қамаққа алу сотталғандарға, жазасын түрмеде өтеп жатқан бас бостандығынан айыруға сотталғандар үшін белгіленген ұстау жағдайларының (жалпы режимнің ережелері бойынша) таралуын білдіреді деп жазады. Сотталғандардың үнемі камералық үлгідегі үй-жайларда (жалпы немесе жалғыз басты) болуы түрмеде ұстаудың мәні болып табылады. Оқшауланған және бөлек түрде орналастырылады: ерлер, әйелдер, кәмелетке толмағандар, сондай-ақ бұрын түзеу мекемелерде жазасын өтеген және соттылығы бар сотталғандар [50, 804 б.]

Одан басқа, А.И. Коробеевтің пікірінше, қамаққа алудың көрнекті ерекшелігі, сотталғанды қоғамнан оқшаулаудың қысқа мерзімді сипаты болып табылады [50, 804 б.]

Бұған Б. В. Здравомыслов та, қамаққа алу өзінің мәні бойынша қысқа мерзімді бас бостандығынан айыру болып табылады деп атап өткен [51, 355 б]

Қамаққа алудың мәнін белгілі ғалымдар А.Н. Игнатов, Ю.А. Красиков жеткілікті түрде анық айқындап берді, оның пікірінше, қамаққа алудың айырықша мазмұны салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылатын сотталушыға шоғырланған және жоғары қатал әсер етуден тұрады [52, 405 б.]

Жекелеген авторлар қылмыстық жаза мақсаттарынан бастау ала отырып қамаққа алудың мәндік белгілерін бөліп шығарады.

Мысалы, Н.Ф. Кузнецова, И.М. Тяжкова өз еңбектерінде, қамаққа алудың қылмыстық-құқықтық мәні сотталушыны қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында оны орындаудың ерекше тәртібі мен шарттарын ескере отырып, түзетушілік ықпалға ұшырайды деп санайды [53, 51 б.]

Қамаққа алудың мәнін түсінуге сәл біршама өзгеше ыңғай табуды Р.Р. Галиакбаровта орын алған, ол қамаққа алудың төрт мәнді элементін бөліп шығарған: 1) адамды мәжбүрлеп ұстау; осыған арналған мекемелерде ұстау; 3) қатаң оқшаулау жағдайларында ұстау; 4) бір айдан алты айға дейін мерзімге ұстау [54, 190 б.]

Қылмыстық жазаның түрі ретінде қамаққа алудың мәнін түсіну үшін оның мазмұнын қылмыстық жазаның белгілері мен мақсаттары призмасы арқылы қарастырамыз.

Г.Б. Саматова пікірінше, 2014 жылғы 3 шілдесінде қабылданған 2014 жылғы ҚР ҚК-де қамаққа алуға жазаның түрі ретінде 45-бап арналғанын, ол қамаққа алу тағайындалған жазаның бүкіл мерзіміне қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында тұратынын айқындайтынын атап өтті (1-бөлігі). Көрсетілген баптың 2-бөлігінде қамаққа алу мерзімі отыздан тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге белгіленді. Ұстау мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады. Қамаққа алу ҚР ҚК-ның 40-бабында көзделген қылмыстық жазаның түрлерінің бірі болып табылатындықтан [55, 255 б.], ол жазаның түрлерінің бірі бола отырып, ортақ, тұтастың бір бөлігі бола отырып заңмен бекітілген жазаның өзінің барлық белгілеріне ие.

Біздің пікірімізше, қамаққа алу сияқты жазаны Қазақстан Республикасында қолданудың формальді датасы 2017 жылғы 1 қаңтары болып табылады, яғни 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 45-бабының 2014 жылғы ҚР-ның Қылмыстық кодексі заңды күшіне енгеннен кейін екі жыл өткен соң қолдасқа енгізіледі. Рас, ҚР ҚК-ның 45-бабының ережелері 2020 жылғы 1 қаңтарына дейін толық емес көлемде қолданылатын болады, тек 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 467-бабының 1-1-бөлігінде көзделген жағдайларда ғана қолданылады [56, 77 б.].

Сондықтан бұл толық шамада оның қамаққа алу сияқты түріне қатысты деп санай отырып, жазаның өзінің, оның белгілері мен мақсаттарының жалпы түсінігін қарастырамыз, содан кейін жазаны қамаққа алу ретінде тікелей қарастырамыз.

Қылмыстық жауаптылық институтына қарағанда, қылмыстық жаза

институтының теориялық проблемалары әдебиетте сөзбе-сөз әзірленген, сондықтан бас бостандығынан айыру ретінде жазаның бір түрінің аспектілерін қарастыру жазаның жалпы ережелерін қарастыруға тоқталамыз.

Жаза проблемасы ғалымдардың назарын аударды, ол бойынша әртүрлі пікірлер айтылған. Осы проблеманы дамытуда айрықша орын қылмыстық құқық теориясында И.И. Карпецтің [57], В.Ф. Лапшиннің [58] және Н.А. Стручкованың ғылыми жұмыстарына тиесілі [59].

Профессор В.Ф. Лапшинің пікірінше, қылмыстық саясат белгілі бір әлеуметтік құбылыс ретінде көбінесе мемлекеттік құрылымға, басқару формасына және жоғарғы биліктің басқа да сипаттамаларына қарамастан ғылыми зерттеудің басты бағыты болып табылады [58, 24 б.].

А.Е. Рысалдиева сөзінше, қылмыстық кодекстің 40-бабының 1-бөлігіндегі ережелерден шыға отырып қылмыстық теріс қылық жасаған үшін, адамға айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту және қамаққа алу сияқты негізгі жазалар қолданылатынын атап өткен. ҚР ҚК-ның 40-бабының 2-бөлігіндегі нормалар бойынша қылмыс жасаған үшін адамға айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығынан айыру, бас бостандығын шектеу немесе өлім жазасы сияқты негізгі жазалар қолданылады [60, 92 б.].

Оларға деген назар аудару қылмысқа қарсы күрестің құқықтық шараларының жүйесіндегі қылмыстық жазаның ерекше орынымен түсіндіріледі.

Оларға деген назар аудару қылмыспен күресудің құқықтық шараларының жүйесіндегі қылмыстық жазаның ерекше орынымен түсіндіріледі.

Біздің зерттеуіміз бойынша, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодекстегі қамаққа алу түріндегі жаза тағайындалатын қылмыстық теріс қылық құрамы бойынша келесі төмендегі баптар құрап отыр: 111, 114., 1 б, 115, 117., 1 б, 118., 1 б, 119., 1 б, 137., 1,2 б, 138., 1 б, 140., 2 б, 145., 1,2 б, 149., 1,2 б, 152., 1,2 б, 154, 155., 1 б, 156., 1,2 б, 183, 187., 1,2 б, 195., 1,2 б, 196., 1,2 б, 197., 1,2 б, 198., 1,2 б, 199., 1,2 б, 204., 1,2 б, 205., 1,2 б, 206., 1 б, 208., 1 б, 213., 1 б, 222., 1,2 б, 225, 226., 1, 227, 228., 1, 229., 1 б, 230., 1 б, 234., 1 б, 236., 1 б, 239., 1 б, 241, 243., 1,2 б, 246, 247., 1,2 б, 246, 269-1., 1 б, 276., 1 б, 287., 1 б, 288., 1, 4 б, 289, 294, 295-1., 1 б, 296., 1,2, 3 б, 303., 1 б, 306., 1 б, 316., 1,2 б, 317., 1 б, 320., 1 б, 322, 1, 2 б, 325, 1 б, 326, 1 б, 328., 1 б, 331., 2 б, 334., 1 б, 336, 340., 1, 2, 3, б, 342., 1 б, 348., 1 б, 349., 1 б, 351., 1 б, 353., 1 б, 354., 1 б, 356., 1 б, 357, 358., 1 б, 359., 1 б, 363., 376., 1 б, 378, 381, 382., 1 б, 383, 384, 389., 1, 2 б, 390., 1 б, 391., 395, 397, 398., 1, 2 б, 400, 402, 403, 406, 407., 1, 2 б, 410., 1, 2 б, 414., 1, 4 б, 419., 1 б, 436, 437., 1, 5 б, 438., 1 б, 440., 1, 2 б, 443., 1 б, 447., 1 б, 448., 1 б, 449., 1, 2 б, 458., 1 б, 460, 463., 1 б, 464., 1 б, 466., 1 б [61, 179-195 б.].

Әрбір қылмыстық-құқықтық норманың санкцияларында мазмұндалушы жазаланушылық кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгісін құрамдайды. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы жаңа қылмыстық

заңнамасында жазаның соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде анық түсінігі беріледі [3].

Алайда, осыған қарамастан, бұрын қолданыста болған қылмыстық заңнамада оның анықтамасы берілмеген болатын, дегенмен, осы түсінікпен байланысты кейбір сәттер ҚазКСР-інің 1959 жылғы ҚК-де мазмұндалған болатын [62].

Сонымен, Қазақ КСР-нің Қылмыстық кодексінің 20-бабында мәні бойынша, ол жасалған қылмыс үшін жаза болып қана қоймай, сотталғандарды еңбекке адал қарау, заңдарды дәл орындау, социалистік ортақ тұрудың ережелерін құрметтеу рухында түзеу және қайта тәрбиелеу, сондай-ақ сотталғандардың да және өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу мақсатына ие екенін мойындай отырып, жазаның басты қасиетіне нұсқаған. Жаза тән азап шектіру немесе адамның қадір-қасиетін қорлау мақсатына ие емес [62].

1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі іс жүзінде бұл анықтаманы «мұраға алып алды» [8], кейін ол 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне өтіп кетті. Қылмыстық кодекстің 39-бабының 1-бөлігінің мәтінінде: «жаза дегеніміз - соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген айырудан немесе оларды шектеуден қорытылады [3].

Қылмыстық теріс қылықтарды жасау ҚР-ның жаңа Қылмыстық кодексінің 79-бабының 2-бөлігіне сәйкес сотталғандық сияқты қылмыстық-құқықтық салдарларға әкеп соқпайтын болады. Қылмыстық теріс қылықтар үшін ең көп жаза шарасы 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу түрінде белгіленген, алайда мұндай мөлшерде ол 114 құқық бұзушылықтың 41 құрамы бойынша ғана қарастырылған [61, 179-195 б.].

Бұрын 1997 жылдағы ҚР ҚК-дан алынып тасталған жазалардың жекелеген түрлері жаңа ҚР ҚК-де қайта көрініс тапқаны көзге түсерлік. Жазаның мұндай түрі, жекелеп алғанда, қамаққа алу болып табылады, ол сотталғанды тағайындалған жазаның бүкіл мерзіміне қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстаудан тұрады [8].

Шындығында да, қылмыстық жазаның мақсаттарына жетуге қарай адамның жеке басының, оның құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу дәрежесі, қоғамдағы құқық тәртібінің тұрақтылығы және мемлекеттің құқық қолдану қызметінің тиімділігі туралы айтуға болады.

Қылмыстық теріс қылықтарды әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстардан шектеу үшін, барлығынан бұрын, еліміздің заңнамасында бар қылмыстық теріс қылықтың, әкімшілік құқық бұзушылықтың және қылмыстың анықтамаларына жүгіну керек.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 10-бабының үшінші бөлігінде қылмыстық теріс қылықтың анықтамасы берілді. Осы анықтамадан қылмыстық құқық бұзушылық келесі белгілерге ие екені көрініп тұр:

- қылмыстық теріс қылық деп кінәлі жасалған іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) танылады;
- қылмыстық теріс қылық үлкен қоғамдық қауіп білдірмейді;
- қылмыстық теріс қылық болмашы зиян келтіреді не болмаса дәл сондай зиянды адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке келтіру қатерін туғызады;
- қылмыстық теріс қылық жасаған үшін айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, сотталғандыққа әкеп соқпайтын қамаққа алу түріндегі жаза қарастырылған [3].

Осылайша, Қылмыстық кодекстің 10-бабының үшінші бөлігінде мазмұндалушы қылмыстық теріс қылықтың анықтамасында қоғамдық қауіптілік, кінәлілік және жазаланушылық белгілері көрсетіледі [3].

Қазақстан Республикасы соттарының №10 «соттар оларға қатысты сот актілерін шығарған адамдардың саны туралы» нысанды есептілігіне сәйкес, 2015 -2016 жылдары - соттар қамаққа алуды тағайындаған жоқ, 2017 жылы – қамаққа алуды тағайындаудың 10 фактісі, 2018 жылы-қамауға алуды тағайындаудың 6 фактісі, 2019 жылы қамаққа алуды тағайындаудың 4 фактісі, 2020 жылы - соттардың қамаққа алуды тағайындауының 4 фактісі болды [12].

Ал, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗаңының 50 бабына сәйкес, Әкімшілік қамаққа алу - отыз тәулікке дейінгі, ал төтенше жағдайлар режимі талаптарын бұзғаны үшін қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Әкімшілік қамаққа алуды судья айрықша жағдайларда осы бөлімнің Ерекше бөлігінде көзделген шектерде тағайындайды [6].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2016-2021 жылдардағы статистикалық есебіне сәйкес, әкімшілік қамаққа алынғандардың саны 2016 жылы -75197, 2017 жылы -67079, 2018 жылы-45760, 2019 жылы-45893, 2020 жылы – 58152 [12].

Қамаққа алу жазасы мен әкімшілік қамаққа алуды салыстыру мәліметін қарастырсақ, Қазақстан Республикасында соттармен қамаққа алу жазасын тағайындау мәселесі күрделі болып тұр.

С.Б. Сакенова ойынша, бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен байланысты қылмыстық жазаларды практикада тағайындаудың, сондай-ақ олардың одан әрі дамуы мен жетілдірілуінің негізгі үрдістерінің талдауы өте өзекті болып көрінеді [63, 117 б.].

Осылайша, қамаққа алу Қазақстан Республикасы ҚК-мен көзделген жазалардың жаңа түрлерінің және бас бостандығынан шектеу немесе айырумен байланысты бірі болып табылады, оны қолдану 2017 жылғы 1 қаңтардан

заңнамалық тұрғыда мүмкін болды. Жазаның негізгі түрі ретінде қамаққа алуды енгізу Қазақстан Республикасы ҚК-ге қылмыстық теріс қылық санатын енгізумен байланысты. Қамаққа алу қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалатын жазаның ең қатаң түрі болып табылады [63, 117 б.].

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 45-бабына сәйкес қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді. Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады [63, 118 б.].

Қамаққа алуға сотталғандар қатаң оқшаулау жағдайларында ұсталатынын екере отырып, жаза тағайындау кезінде заңшығарушы ізгілік қағидатын басшылыққа ала отырып, кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге тағайындамау мүмкіндігін көздеді [63, 118 б.].

Әкімшілік қамауға алудың қылмыстық жаза ретінде қамаққа алудан айырмашылығы олардың салалық тиесілігінің ерекшелігімен байланысты. Осылайша қамауға алу әкімшілік жаза түрінің бірі ретінде әкімшілік құқық бұзушылық үшін белгіленеді және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексмен көзделеді. Өз кезегінде қылмыстық жаза түрі ретінде қамаққа алу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексмен белгіленеді. Мазмұндық тұрғыдан қамаққаалу түріндегі қылмыстық жаза әкімшілік қамауға алудан толып жатқан айрықша сапалық және сандық көрсеткіштермен ажыратылады. Өзінің құқықтық мәні бойынша қамаққа алу түріндегі қылмыстық жаза сотталған адамды қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді, яғни арнаулы қабылдау орындарында, тергеу изоляторларының оқшауланған учаскелерінде он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге. Қылмыстық жаза түрі ретінде қамаққа алудың формалдық және мазмұндық өлшемшарттарының жиынтығы оның әкімшілік қамауға алумен салыстырғанда үлкен ауырлығы туралы жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік береді [63, 118 б.].

Профессор А.Б. Скаков пікірінше, жазаның осы түрі қылмыстық секілді әкімшілік сот өндірісінде де қолданылатынын айтады. Қылмыстық жаза ретіндегі қамаққа алуды әкімшілік жаза ретіндегі қамаудан ажырату керек. Жекелеп алғанда, өзінің заңдық салдары бойынша қылмыстық жаза түріндегі қамаққа алу әкімшілік қамауға қарағанда барынша қатаң болып табылады. Біріншіден, жазаны өтеу тәртібі мен шарттары бойынша. Екіншіден, қылмыстық сотөндірісі тәртібінде қамаққа алуға жазаланған адамның сотталғандығы болуы бойынша оның құқықтық мәртебесінде тиісті шектеулер кешеніне алып келеді [64, 10 б.].

Профессор А.В. Наумов әділ айтқандай «қамаққа алу қылмыскердің қылмыстық жаза мәнісін, жазаның бұл түрінен соң ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру да болуы мүмкін екендігін өзінше бір есіне түсіру» [65, 409 б.].

С.Ф. Милюковтың пікірінше, қамаққа алу екі типтік ахуал қолданылуы тиіс: а) кінәлінің жеке басы теріс мінезделеді, оның бас бостандығынан айыру орындарында болу тәжірибесі жоқ және сондықтан қысқа уақыттық болса да, бірақ қарқынды ықпал ету оны жаңа қылмыстар жасаудан бетін алдыруға қабілетті; б) кінәліге жаза, оның ішінде бас бостандығынан айыру қолданылған болса, бірақ қазіргі уақытта жауапкершілікке тартыпылып жатқан ҚК-нің санкциясы қамаққа алуға қарағанда барынша қатаң жаза қарастырмайды [66, 21 б.].

Қамаққа алудың мазмұны түзеуге әсер ететін мына элементтер: соттау фактісінің өзі; сотталғанның қозғалу бостандығын шектеу; оны қоғамнан оқшаулау; қамалғанның арнаулы қабылдау орындарындағы, тергеу изоляторларындағы өмірі мен тұрмысының белгіленген жағдайларымен байланысты құқықтық шектеулер; сотталғандықтың болуы арқылы ашылады.

Чезаре Беккариа өзінің «Қылмыстар мен жазалар туралы» еңбегінде «Жазаның қатыгездігінде емес, құтылмайтындығында қылмыстың алдын алудың тиімді әдістерінің бірі қорытылады... Жазадан құтылмайтындығы, тіпті орташа болса да, егер бұл ретте жазасыздыққа үміт бар болса, ең қатал жазаға ұшыраудан қорқудан гөрі әрқашан қатты әсер болғызады. ... Жазаның қатыгездігі одан құтылуға деген қалау бізге қатер төндіруші зардап қаншалықты зор екеніне қарай күшейе түседі» [67, 165 б.]

Дәл сол кезде, қылмыстық қудалаудан жасырынып жүрген, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауда кінәлі, адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстардың рецидиві кезінде мемлекет қатаң, бірақ жауаптылық шарасын әділ анықтауы тиіс. Бұл ереже қылмыскердің жеке басының криминалды жүгенсіз кеткенділігімен және оның жасаған әрекетінің жоғары қоғамдық қауіпмен түсіндіріледі.

Қылмыстық жаза басқа мемлекеттік мәжбүрлеу шараларынан өзінің тән белгілерімен, оның мазмұнының құқықтық табиғатымен, оны қолданудың мақсаттары және міндеттерімен және оны қолдану нәтижесінде келген құқықтық салдармен ажыратылады.

Жазаның жекелеген айырықша белгілерін талдауға тоқталайық.

1. Жаза дегеніміз - адамды белгілі бір заңға бағынушы мінез-құлыққа деген мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары алуан түрлі. Қылмыстық жаза - ерекше, мейлінше қатаңдау және ауырлаулардың бірі.

Бұл шараның ерекше сипаты оның қылмыстық заңмен көзделген адамның жасаған іс-әрекеті үшін ғана тағайындалатындығында білінеді (ҚР Қылмыстық кодексінің 10-бабы) [3].

Жазаны мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде анықтау, оның тек соттың үкімі бойынша және мемлекеттің атынан қолданылатынына көрсетеді. Осымен, біріншіден, жазаның жариялы сипаты анықталады, екіншіден, сот өндірісінің (производство): «Қазақстан Республикасында сот төрелігі тек сотпен ғана жүзеге асырады» деген конституциялық бастаулары расталады (ҚР Конституциясының 75-бабының 1-бөлігі) және үшіншіден, оған сәйкес жаза тек қылмыстық заң негізінде қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға ғана тағайындалатыны қағидаты бекітіледі, өйткені «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» (ҚР Конституциясы 77-бабының 3-бөлігі) [1]

Айыптау үкімі қылмыс пен оны жасаған адамға деген ресми теріс баға береді (мемлекет тарапынан жазғыру).

2. Мемлекеттік мәжбүрлеудің белгілі бір шарасы ретінде жаза өзінің мазмұны мен мәжбүрлеп әсер ету көлемі бойынша, біріншіден, қылмыстық-құқықтық әсер етудің басқа шараларынан, екіншіден, заңды жауаптылықтың басқа түрлерінен (тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық) айтарлықтай ажыратылады.

3. Жаза қатаң жеке сипат алады және әрқашан тек сотталушыға және оның іс-әрекетіне қарсы бағытталған және қандай жағдайда да болмасын басқа адамдарға (мысалы, кәмелетке толмаған сотталушының әке-шешесіне) артыла алмайды.

4. Соңында, жаза, атап өтілгендей, өзінің объективті мазмұны бойынша – бұл әрқашан жасаған іс-әрекет үшін деген жаза болып табылады. Бұл қасиетті жаза жаңа қылмыстық заңнамада мұндай термин жоқ болғаны үшін жоғалтпайды; «мемлекеттік мәжбүрлеу» термині заң шығарушы жазаға жазаның имманентті белгісі ретінде тиісті мәнділікті бермейді дегенді мүлде білдірмейді: бір де бір басқа әсер ету шарасы жаза болып табылмайды.

Қылмыстық жазаның жалпы белгілерінен шыға отырып, біз қарастырып отырған қамаққа алу сияқты жазаның осы түрінің бірінің белгілерін де қалыптастыруға болады.

Бірінші белгі. Қамаққа алу қылмыстық теріс қылықтар жасаған үшін ғана емес (ҚР ҚК-ның 40-бабының 1-бөлігі 4)-тармағы), сондай-ақ қамаққа алу баптардың санкцияларында көзделмеген жекелеген қылмыстар үшін де тағайындалатын қылмыстық жазаның негізгі түрі болып табылады, бірақ сот тағайындаған айыппұлды, қоғамдық жұмыстарды, түзеу жұмыстарын ҚР-ның Қылмыстық заңнамасында белгіленген тәртіпте ауыстыру кезінде қолданылады. Бұл ретте айыппұлды қамаққа алумен ауыстырудың белгілі бір тәртібі (ҚР ҚК-ның 41-бабының 6-бөлігі 1-тармағы), түзеу жұмыстарын (ҚР ҚК-ның 42-бабының 5-бөлігі, 1-тармағы) және қоғамдық жұмыстарды (ҚР ҚК-ның 43-бабының 2-бөлігі, 1-тармағы) көзделген [3].

Екінші белгі. Қамаққа алу қылмыстық жазаның бір түрі ретінде мәжбүрлеу

сипатын алады және қылмыстық теріс қылықтар үшін, сондай-ақ жекелеген қылмыстар үшін, тағайындалуы ҚР ҚК-ның 40-бабының 2-бөлігіне сәйкес қылмыс жасау үшін қарастырылған, оларды жасау үшін қылмыстық заңнамада белгіленген тәртіпте тағайындалған, жазаның басқа түрлерімен (айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстар) ауыстырылған жағдайда, жазаның ауыр түрлерінің бірі болып табылады.

Үшінші белгі. Қамаққа алу жазаның мейлінше қатаң түрі болып табылады, өйткені ол қатаң оқшаулауды және жазасын түрмеде өтеп жатқан бас бостандығынан айыруға сотталғандар үшін белгіленген ерекше, камера бойы ұстаудың жағдайларын көздейді (толық қауіпсіздік мекемесі ҚР ҚАК-тың 89-бабының 1-бөлігі, 6)-тармағы).

Төртінші белгі. Қамаққа алу сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаның басқа түрлерінен ерекшеленетін заңмен анықталған өтеу орындарын және орындаудың ерекше тәртібін көздейді.

Бесінші белгі. Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау, мысалы, бас бостандығынан айыру немесе бас бостандығын шектеуге қарағанда, сотталғанға, әсіресе әскери қызметшілерге мейлінше қарқынды әсер етуді болжайды.

Сондықтан заң шығару түрінде оны кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге қатысты қолдануға тыйым салынған, сондай-ақ оны қолданудың 10-нан 50 тәулікке дейінгі қысқартылған мерзімі көзделген (ҚР ҚК-ның 45-бабының 2-3-бөлігі), өйткені мұндай қатаң камера бойы ұстау, қатаң оқшаулау жағдайларына (тәулік ішінде ұзақтығы 1,5 сағат бір серуенге рұқсат етіледі, қалған уақытта камерада болу көзделген) сотталғандар шыдай алмауы мүмкін.

Қамаққа алу мерзімі 2014 жылдағы ҚР ҚК-ның 45-бабының 2-бөлігіне сәйкес қазіргі кезге он және елу тәулік шегінде белгіленген. 2018 жылғы 12 шілдесіне дейін бұл мерзім өзгеше болды – отыздан тоқсан тәулікке дейін болған. Көрсетілген өзгерістер 2014 жылдағы ҚР ҚК-ге 2018 жылғы 12 шілдесіндегі №180-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы және құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен енгізілді [3].

Бұрынғы 1997 жылғы ҚР ҚК-де қамаққа алу мерзімі едәуір көп: бір айдан алты айға дейін болған (ҚР ҚК-ның 46-бабының 2-бөлігі) [8].

2014 жылдағы ҚР ҚК-ның 45-бабының 5-бөлігіне сәйкес жазаны ауыстыру кезінде қамаққа алудың ең төменгі мерзімі он тәуліктен төмен болуы мүмкін.

Бұл ахуал заңнамада көзделген келесі жағдайларда туындауы мүмкін:

1. қылмыстық теріс қылық үшін сотталғанға тағайындалған айыппұл

мәжбүрлеп орындалған кезде - айыппұлдың төленбеген бөлігі төленбеген төрт айлық есептік көрсеткіш үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебінен қамаққа алумен ауыстырылады (ҚР ҚК-ның 41-бабы 6-бөлігінің 1-тармағы);

2. сотталғанның түзеу жұмыстарын орындауына кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда (еңбекке қабілеттілігінен айырылуынан басқа) - олар өндіріліп алынбаған төрт айлық есептік көрсеткішке қамаққа алудың бір тәулігі есебінен ауыстырылады (ҚР ҚК-ның 42-бабы 5-бөлігінің 1-тармағы);

3. сотталған қоғамдық жұмыстардан жалтарған жағдайда - олар қоғамдық жұмыстардың орындалмаған төрт сағаты үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебімен қамаққа алуға ауыстырылады (2014 жылғы ҚР ҚК-ның 43-бабы 2-1-бөлігінің 1-тармағы) [3].

2014 жылғы ҚР ҚК-ның 45-бабының 3-бөлігіне сәйкес қамаққа алу белгілі бір адамдар тобына тағайындалмайды. Олардың санына кіреді:

1. кәмелетке толмағандар;
2. жүкті әйелдер;
3. жас балалары бар әйелдер;
4. жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер;
5. елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер;
6. алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер;
7. бірінші және екінші топтағы мүгедектер [3].

Бұл тізім, адамдардың үш санатын ғана қосқан, 1997 жылғы ҚР ҚК-мен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған:

1. үкім шығару сәтіне он алты жасқа толмаған адамдар, кейіннен – үкім шығару кезінде «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық істерді тергеу процедураларын қарапайымдату, қылмыстың кейбір құрамдарын декриминализациялау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2004 жылғы 09 желтоқсанындағы №10-III Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес он сегіз жасқа толмаған кейіптер адамдар [8].

2. жүкті әйелдер;
3. кәмелетке толмаған балалары бар әйелдер.

Қарастырылып отырған жаза тағайындалмайтын адамдар санына кәмелетке толмағандарды (бастапқыда - он алты жасқа толмаған адамдарды) қосу осылайша балаларға қатысты осы жазаның теріс салдарларының алды алынатындығымен ақталған. Қоғамнан қатаң оқшаулау (жабылатын камераларда ұстау, әке-шешелерімен немесе басқа жақын адамдармен кездесудің болмауы), жалпы білім беру және кәсіптік білімнің болмауы, айдауылмен жүріп-тұру, олар кейіннен, жазаны өтегеннен кейін не қиын не болмаса мүлде қалпына келтірілмейтін немесе орны толмайтын болып

табылатын, әке-шешелерімен, жақын және өзге адамдармен жағымды әлеуметтік-эмоционалды байланыстардың бұзылуына, білім алу, психикалық пен физикалық жетілдіруді жақсарту жоспарында уақыт пен мүмкіндіктен қол үзуге әкеледі [11].

Қамаққа алу тағайындалмайтын адамдардың тізбесіне қатысты қылмыстық заңнамадағы өзгерістер екі бағытта жүзеге асырылды:

1. кеңейтулер: тізімге: 1) жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, 2) елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, 3) алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, 4) бірінші және екінші топтағы мүгедектер кірді;

2. тарылулар: кәмелетке толмаған балалары бар әйелдердің орынына енді сөз жас балалары бар әйелдер туралы болып жатыр.

Т.К. Әкімжанов, Б.А. Торғауытова, Т.Ш. Зинкевич, В.В. Луитцик, М.В. Чокина пікірлерінше, қамаққа алу деп сотталғанды қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында жазаны тағайындаудың барлық мерзіміне ұстау деп түсінілетінін атап өткен. Ол сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын жазаның негізгі және ең қатаң шарасы болып табылады. Қамаққа алу мерзімі 10-нан 50 күнге дейін бола алады [68, 510 б.].

Қамаққа алудың жазалаушы мәні қатерде, қатаң оқшаулауда қысқа мерзімді болу негізіндегі оқшаулауды білдіреді. Қоғамнан қатаң оқшаулау сотталғанның еркін қозғалу құқығынан, болу және тұру жерін таңдау құқығынан сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығу құқығынан айырылатынын білдіреді [68, 510 б.].

Оқшаулау, онда ол өзінің айналасындағы әлеммен байланыс пен контактілерден айырылатын, жеке сипаттағы шектеулерді болжайды.

Сот қамаққа алу тіпті ҚР-ның Қылмыстық кодексінің баптарында болмаған жағдайда да жазаның негізгі түрі ретінде тағайындай алады:

- оны төлеуден қасақана жалтарғаны үшін айыппұл ауыстырылған жағдайда (қамаққа алудың 24 сағаты 4 айлық есептік көрсеткіш) ҚР ҚК-ның 43, 45-баптары (ҚР ҚК-ның 41-бабының 3-бөлігі);

- түзеу жұмыстарын орындауға қарсы мән-жайлар пайда болған жағдайда, онда жазаның орындалмаған бөлігі ҚР ҚК-ның 43 және 45-баптарының (ҚР ҚК-ның 42-бабының 3-бөлігі) нормаларына сәйкес қамаққа алуға алмастырыла алады (қамаққа алудың 24 сағаты = 4 айлық есептік көрсеткіш);

- ҚР ҚК-ның 45-бабының нормаларына сәйкес қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтарған жағдайларда (24 сағат қамаққа алу = 4 сағат қоғамдық жұмыстар) [68, 510 б.].

Қамаққа алу мерзімі тәулікпен саналады (ҚР Қылмыстық кодексінің 62-бабының 1-бөлігі). Сотталғанды күзетпен немесе үй қамақта ұстаудың уақыты үкім заңды күшіне енгенге дейін жаза мерзіміне бірге бір есебімен есептеледі. Күзетпен ұстауда немесе үй қамақта өткізілген бір күн қамаққа алудың бір

күніне теңестіріледі (ҚР Қылмыстық кодексінің 62-бабының 3-4-бөліктері) [68, 510 б.].

А.Б. Скаковтың пікірінше, жүргізіліп жатқан қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару саясатын талдау жазалардың бірқатар негізгі түрлері үшін қазіргі кезге дейін оларды орындау бойынша материалдық және құқықтық шарттар айқындалмағанын айтады. Бұл, бірінші кезекте, қажетті материалдық-техникалық жағдайлардың болмауына байланысты қолданылатын қамаққа алу сияқты қылмыстық жазалардың түрлеріне жатады; оларды өтеу тәртібі мен шарттарын құқықтық реттеумен қамтамасыз етілмеген қоғамдық жұмыстар сондай-ақ орындалуы жекелеген жағдайларда заңнамалық белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін бас бостандығынан айырудың түрлері. Одан басқа, бас бостандығынан айырудың ең көп мерзімдерін азайту, өлім жазасын жою, санкциялары бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қарастыратын баптардың санын қысқарту мақсатында заңнаманы түбегейлі жетілдіруді керек етеді. Автордың пікірінше, сондай-ақ Қылмыстық кодекс баптарының санкцияларын нақтылап, оларды ең көп жазаның екі түрімен шектеу қажет. Бұл сот органдарының жұмысын жақсартады және оларды жазаны тағайындау кезінде қателіктер жасаудан шектеп қалады және жазаның жасалған қылмысқа сәйкесті қағидатын іске асыруды қамтамасыз еткізеді [69, 2 б.].

Алайда, қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаның мазмұнын) құрайтын құқықтық шектеулерге жүргізілген талдау іс жүзінде қамаққа алудың мазмұнды элементтері қылмыстық қана емес, қылмыстық-атқару заңнамасының, сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық актілердің нормаларымен де көзделген деп растайды. Одан басқа, қылмыстық-атқару сипатындағы нормативтік-құқықтық актілердің бірқатары қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаның жазалау жағын күшейтетін бірқатар қосымша құқықтық шектеулерді құрамдап қойып қана емес, жазаның осы түрінің құқықтық шектеулерінің көлемін тарылтатынын да атап өту керек [69, 2 б.].

Заң әдебиеттерінде бірнеше рет нақты қылмыстық заңнамада қылмыстық жазаның сол немесе өзге түрінің мазмұнына кіретін барлық құқықтық шектеулерге көрініс беру қажеттілігіне атап өтіліп отырған.

Сондай-ақ «қылмыстық-атқару заңнамасы қылмыстық жазаның сол немесе өзге бір түрін өтеудің тәртібі мен жағдайларын белгілеуді болжай отырып, қылмыстық жазаның белгілі бір түрінің мазмұнына кіретін сол немесе өзге құқықтық шектеулерді қайта болғыза алады, бірақ оларды өзбетінше белгілей алмайды» деген мәлімдеумен келіспеуге болмайды.

Қарастырылып отырған қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаның мазмұнын құрайтын құқықтық шектеулердің сипаты іс жүзінде қамаққа алудың екі түрінің: 1) азаматтық (штаттық) қамаққа алу, яғни азаматтық (штаттық) адамдарға қолданылатын қамаққа алудың; 2) әскери қамаққа алу, яғни әскери қызметшілерге қолданылатын қамаққа алудың болуы туралы мәлімдеуге

мүмкіндік береді. Бұл ретте қамаққа алудың екінші түрі, мазмұны бойынша, сөзсіз, үлкен жазалаушы мазмұнға ие.

Қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаның екі түріне тән жалпы элементтерге келесі жазалау элементтерін: мемлекет тарапынан білдірілген адамның мінез-құлқына теріс баға берілуін; сотталғанды қоғамнан қатаң оқшаулау; жазаны өтеуіне қарай азамат төзіп жатқан әртүрлі құқықтық шектеулерді; референдумға қатысу құқығынан айыруды, сайлау және сайлану құқығынан айыруды; өзімен мамандандырылған мекемеде болу алып жүретін тұрмыстық сипаттағы шектеулерді; қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаның ұзақтығын; қамаққа алуға сотталғандарды еңбекке мәжбүрлеп тартуды жатқызу керек.

Әскери қамаққа алынғандарға тән арнайы жазалау элементтері: қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеу уақытын әскери қызметтің жалпы мерзіміне қоспау; қамаққа алуды өтеу уақытын кезекті әскери атақты беру үшін еңбек сіңірген жылдарына қоспау; кезекті әскери атақты беруге ұсыну құқығынан айыру; әскери қызметшінің жоғары тұрған лауазымға тағайындалу құқығынан айыру; жаңа қызмет орнына ауыстырылу мүмкін еместігі; сотталған әскери қызметшіге әскери қызметтен шығуға тыйым салу; қамаққа алынған сотталған әскери қызметшінің ақшалай ризығынан ұстап қалу, яғни сотталған әскери қызметшінің әскери атағы бойынша жалақысы мөлшерін шектеу; сотталған әскери қызметшіні күніне төрт сағаттан аспайтын еңбекке мәжбүрлеп тарту; сотталған әскери қызметшіні қосымша төлемдер алуға деген құқығынан айыру.

Қамаққа алу түріндегі осы қылмыстық жазаның екі түрінің әртүрлі жазалау мазмұны бізге іс жүзінде қылмыстық жазаның өзалдына екі түрінің бар екендігі туралы мәлімдеуге мүмкіндік береді: азаматтық (штаттық) қамаққа алу және әскери қамаққа алу.

1.3 Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасы бойынша қамаққа алу жазасын тағайындаудың жалпы тәртібі

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады делінген.

Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген ережелерін негізге ала отырып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына, сотталушының қызметтегі және қоғамдағы дәрежесіне қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешуі қажет екендігіне соттардың назары аударылсын [70].

Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет [70].

Е. Қайыржановтың пікірінше, жазаны тағайындау - қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асырудың шешуші сәті. Сот таңдайтын жаза жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігін бағалаудың түпнұсқалық өлшемдік құралы, сондай-ақ кінәліні түзеудің ең қысқа жолы, сотталған мен басқа адамдардың тарапынан қылмыстың алдын алудың пәрменді құралы болуы тиіс. Ол белгілі бір қағидаттарға негізделген: жазаның заңдылығы, соттың үкіміндегі жазаның анықталғандылығы; оның негізделгенділігі мен уәжділігі; адамгершіліктігі; жазаны даралау және оның әділдігі. Жазаны тағайындау - соттың ерекше құзыры [71, 78 б.].

Жазаны тағайындау үш шартқа жауап беруі тиіс:

- заңның бабында көзделген жаза шегіне сәйкес келуі;
- Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің қағидаларына сәйкес келуі;
- іс-әрекеттің сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, кінәлінің жеке басын, жауаптылыққа ықпал ететін мән-жайларды ескеруі тиіс [71, 78 б.].

Сотталғанды қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауда қорытылатын қамаққа алу (ҚР ҚК-ның 45-бабының 1-бөлігі) жазаның негізгі түрі ретінде ғана қолданылады (ҚР ҚК-ның 45-бабының 1-бөлігі). Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті әрбір адамның бостандыққа және жеке басына қол сұғылмаушылыққа құқығы бар екенін бекіткен. Ешкім де өз бетінше қамауға алынуға немесе күзетпен ұсталуға ұшырай алмайды. Ешкім де осындай негіздер бойынша және заңмен белгіленген осындай процедураға сәйкес бас бостандығынан айырылмауы тиіс [72].

Біздің пікірімізше, ҚР ҚК-мен реттелген қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны тағайындау ҚР Қылмыстық кодексінің 52-бабының 1-бөлігіне (жазаны тағайындаудың жалпы негіздері) сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықты іске асыруда кінәлі деп танылған адамға осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабымен белгіленген шектерде және осы Кодекстің Жалпы бөлігінің ережелерін ескере отырып, әділ жаза тағайындалады. Жазаны тағайындау

кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі, кінәлінің жеке басы, соның ішінде құқық бұзушылық жасалғанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталғанды түзеуге және оның жанұясының немесе оның асырауындағы адамдардың өмір сүру жағдайларына әсері ескеріледі [73, 130].

Л.В. Багри-Шахматов жаза жүйесін қылмыстық заңмен толықтырылған, толыққанды өзгерістерге ұшырамаған, белгілі бір тәртіпте орналасқан соттар үшін жаза тағайындауда міндетті түрде қолдану керек деп анықтады [74, 48 б.].

Қазақстан Республикасы соттарының №10 «соттар оларға қатысты сот актілерін шығарған адамдардың саны туралы» нысанды есептілігіне сәйкес, 2015 -2016 жылдары - соттар қамаққа алуды тағайындаған жоқ, 2017 жылы – қамаққа алуды тағайындаудың 10 фактісі, 2018 жылы-қамауға алуды тағайындаудың 6 фактісі, 2019 жылы қамаққа алуды тағайындаудың 4 фактісі, 2020 жылы - соттардың қамаққа алуды тағайындауының 4 фактісі, 2021 жылы қамаққа алуды тағайындаудың 5 фактісі, 2022 жылы - соттардың қамаққа алуды тағайындауының 1 фактісі болды [12].

Қазақстан Республикасы соттарының №10 «соттар оларға қатысты сот актілерін шығарған адамдардың саны туралы» нысанды есептілігін қарастыратын болсақ 2017 жылы үш үкімді әскери гарнизон соттары, оның ішінді бір Өскемен әскери соты ҚР ҚК 346 бап 1 бөлігі бойынша 45 тәулікке, Ақтөбе әскери гарнизон соты ҚР ҚК 346 бап 1 бөлігі бойынша 45 тәулікке, Талдықорған гарнизоны әскери соты екі үкім ҚР ҚК 187 бап 1 бөлігі бойынша 30 тәулікке және ҚР ҚК 440 бап 1 бөлігі бойынша 30 тәулікке, Ақмола облысы Есіл аудандық соты ҚР ҚК 393 бабы бойынша 30 тәулікке, Алматы облысы Талғар аудандық соты ҚР ҚК 346 бап 1 бөлігі бойынша 30 тәулікке, Алматы облысы Іле аудандық соты ҚР ҚК 346 бап 1 бөлігі бойынша 90 тәулікке, Маңғыстау облысы Қарақия аудандық соты ҚР ҚК 346 бап 1 бөлігі бойынша 30 тәулікке, Түркістан облыстық соты ҚР ҚК 296 бап 2 бөлігі қамаққа алу жазасы туралы Үкім шығарған. 2017 жылы қамаққа алу жазасын тағайындаумен байланысты Қазақстан Республикасы соттарының шығарған үкімдеріне талдау жасасақ он үкімнің бесеуі ҚР ҚК 346 бабы 1 бөлігі бойынша шыарылған, ол дегеніміз Жалпы 100 % үкімнің 50 % көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған, алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы не көлік құралын басқаруды осындай адамға беру, сол сияқты осындай адамның көлік құралын басқаруына лауазымды адамның немесе көлік құралы меншік иесінің не иеленушісінің жол беруі үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған [12].

2018 жылы Қазақстан Республикасының соттарының қамаққа алу жазасын тағайындаумен байланысты үкімдерді қарастыратын болсақ, жалпы алты үкім тағайындалған. Оның ішінде Алматы гарнизонының Әскери соты екі үкім

шығарған, біреуі ҚР ҚК 440-бабының 1- бөлігі бойынша 10 тәулікке және ҚР ҚК 346 бабының 1 бөлігі бойынша 30 тәулікке, Атырау облысы Атырау қаласының №2 соты ҚР ҚК 393 бап бойынша 30 тәулікке, Қарағанды облысы Балқаш қалалық соты 393 бабы бойынша 10 тәулікке, Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық соты 393 бабы бойынша 45 тәулікке Үкімдер шығарылған [12].

2019 жылы Қазақстан Республикасының соттарының қамаққа алу жазасын тағайындаумен байланысты үкімдерді қарастыратын болсақ, жалпы төрт үкім тағайындалған. Оның ішінде, Алматы гарнизонының Әскери соты ҚР ҚК 440 бабының 1 бөлігі бойынша 10 тәулікке, Шығыс-Қазақстан облысы Семей қаласының № 2 соты ҚР ҚК 296 бабының 2 бөлігі бойынша 21 тәулікке, Қарағанды облысы Приозерск қаласының соты ҚР ҚК 296 бабының 2 бөлігі бойынша үкім бойынша 20 тәулікке Үкімдер шығарылған [12].

2020 жылы Қазақстан Республикасының соттарының қамаққа алу жазасын тағайындаумен байланысты үкімдерді қарастыратын болсақ, жалпы төрт үкім тағайындалған. Оның ішінде, Алматы қаласы Әуезов аудандық соты ҚР ҚК 187 бабының 1 бөлігі, Қостанай облысы Денисовск аудандық соты ҚР ҚК 345 бабының 1 бөлігі бойынша 25 тәулікке, Алматы облысы Талдықорған қалалық соты 346 бабының 1 бөлігі бойынша 20 тәулікке, Қазақстан Республикасының әскери соты 443 бабының 1 бөлігі бойынша Үкімдер шығарылған [12].

2021 жылы Қазақстан Республикасының соттарының қамаққа алу жазасын тағайындаумен байланысты үкімдерді қарастыратын болсақ, жалпы төрт үкім тағайындалған. Оның ішінде, Атырау облысы Атырау қаласының №2 соты ҚР ҚК 187 бабы 2 бөлігі бойынша 25 тәулікке қамаққа алу жазасын тағайындаған [12].

Сонымен, А.А. Пионтковский, П.С. Ромашкин, В.М.Чхиквадзе пікірінше, жазаның түрі мен шарасын таңдау туралы мәселені шешкен кезде сот:

- а) жасалған іс-әрекеттің қылмыс болып табылатынын анықтауы;
- б) бұл жағдайда іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігін шегеретін мән-жайлардың болуын анықтауы;
- в) қылмыс жасаған адам жазадан босатылуы тиіс негіздердің жоқтығын анықтауы;
- г) кінәнің нысанын ескеруі;
- д) қылмыстық ниеттің жүзеге асырылу дәрежесін және олардың күшіне қарай қылмыстың соңына дейін жеткізілмеуінің себептерін ескеруі;
- е) адамның қылмыс жасауда қатысу дәрежесі мен сипатын ескеруі;
- ж) жазаның мақсаттары туралы Заңның ережелерін назарға алуы;
- з) жазаның әр түрлерін қолдану тәртібін қатаң сақтауы [75, 326 б.].

Біз, бұл пікірмен келісеміз, әсіресе әскери қызметшілерге жаза тағайындау барысында ескерілуі тиіс [76, 99-102 б.].

Е.О. Алауханов пікірінше қылмыстық-құқықтық жауапкершілік пен жазалауды жеңілдету жағдайында, қылмыстық жазадағы әдебиет жағдайында қылмыстық жазаланатын қылмыстың қоғамдық қауіптілік деңгейін айтарлықтай төмендететін және қылмыскердің жеке басын анықтайтын мән-жайлар жатады [77, 335 б.].

Ал профессор А. Ағыбаев жаза мақсатының төрт түрін анықтайды:

- әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру;
- сотталғандарды түзету;
- қылмыстылықтың алдын алу;
- басқа адамдардың қылмыстарын болдырмау (жалпы қауіпсіздік) [78, 13 б.].

ҚР ҚК 58 бабының 2 бөлігіне сәйкес, Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында тек қылмыстық теріс қылықтар қамтылса, онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңіру арқылы не жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Бұл ретте айыппұл түріндегі жазаның түпкілікті мөлшерін – төрт жүз айлық есептік көрсеткіштен, ал қоғамдық жұмыстарға тарту немесе қамаққа алу түріндегі жазаның түпкілікті мерзімін тиісінше төрт жүз сағаттан немесе елу тәуліктен асыруға болмайды деліген [3].

Д.С. Чукмаитов өзінің еңбегінде, жазаның мақсаттары өзара байланысты және әлеуметтік мақсаттарға және кінәнің нысанын, қылмыстың ауырлық дәрежесін, қылмыскердің жеке басын, жазаны тағайындау кезінде ескерілетін басқа да мән-жайларды, жазаның түрі мен мөлшерін ескеру қажеттілігімен анықталған, жазаны қолдану процесінің сатысы деп есептейді [79, 49 б.].

Жаза мәселесіне байланысты И.Ш. Борчашвили де айтып кетті, яғни бостандығынан айыру адамға, әсіресе жазаның осы түрі үшін бірінші рет сотталған адамдарға, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге және жаңа қылмыстардың алдын алуға көмектеседі деп есептейді [80, 298 б.].

Ғалым-профессорлардың көз-қарастарын ескере отырып, қамаққа алу жазасын тағайындаумен байланысты сот тәжірибесін қарастырайық.

24.04.2017 жылғы Алматы қаласының ауданаралық арнайы әкімшілік сотының қаулысымен ҚР ӘҚБтК-нің 613 бабының 4 бөлігімен А.Курманбаев кінәлі деп танылып, көлік құралын жүргізу құқығынан 02 (екі) жылға айырылған адам бола тұра, алкогольдік масаң күйде көлік құралын қайтадан басқарған, яғни төмендегі мән-жайларда қылмыстық теріс қылық жасаған [81].

06.08.2017 жылы, сағат 22.30 шамасында, сотталушы «К» орташа алкогольдік масаң күйде бола тұра, өзіне тиесілі ВА3-21093 маркалы, мемлекеттік тіркеу номері 817 USZ 05 автомобилін, яғни көлік құралын, жүргізу құқығынан айырылған адам бола тұра Іле ауданына қарасты Боралдай кентінің Водник-3 мөлтек ауданын аумағында басқарған [81].

Нәтижесінде, «К» орташа алкогольдік масаң күйде болғансалдарынан көлік

құралының жүрісін игере алмай, Іле ауданына қарасты Боралдай кентінің Водник-3 мөлтек ауданының №82 үйінің №2 пәтер тұрғыны «О» тиесілі, аталған үйдің артқы ауласындағы шарбақты соғып, жол көлік оқиғасын жасаған [81].

Сөйтіп, «К» ҚР ҚК-нің 346 бабының 1 бөлігімен көзделген көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған, алкогольдік масаң күйдегі адамның көлік құралын басқару қылмыстық теріс қылық іс-әрекетін жасаған.

Алматы облысының Іле аудандық соты «К» ҚР ҚК-нің 346 бабының 1 бөлігімен кінәлі деп танылсын, және оған осы бабпен: 90 (тоқсан) тәулікке қамаққа алу түрінде жаза тағайындалсын және белгілі бір қызметпен айналысу – автокөлік жүргізу құқығы 03 (үш) жылға айырылсын деген Үкім шығарған [81].

Тағы бір мысал ретінде, Маңғыстау облысы Қарақия аудандық соты «О» алкогольдік масаю күйінде автокөлік басқарғаны үшін Қарақия аудандық сотының 21 қыркүйек 2016 жылғы қаулысымен ҚР-ның ӘҚБтК-нің 608 бабының 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылған, содан 13 қаңтар 2017 жылы сағат 17.30 шамасында мемлекеттік белгісі 385 НРА 12 «Mitsubishi Lanser» маркалы автокөлігін Қарақия ауданының Құрық селосындағы «ПСС» мекемесіне қарсы тас жолда көлік құралын басқаруға құқық беретін құжатсыз алкогольдік масаю күйінде басқарған [82].

«О» ны Қазақстан Республикасының ҚК-нің 346бабының 1 бөлігімен кінәлі деп танып, оған осы бап бойынша көлік құралын басқару құқығынан 3 (үш) жыл мерзімге айыру жазасықолданылып, 30 (отыз) тәулікке қамаққа алу жазасы тағайындалсын деген Үкім шығарған [82].

Жоғарыда көрсетілген екі үкімді қарастыратын болсақ, екі үкімдеде азаматтардың жасаған қоғамға қауіпті әрекеттері сотқа дейінгі тергеп тексеруде толығымен дәлелденген, Сот ҚР ҚК 346 бабы 1 бөлігі бойынша кінәлі деп тауып қамаққа алу жазасын тағайындаған. Бірақта Қарақия аудандық сотының кімі қамаққа алу жазасының жоғарғы шегін тағайындаған, ал Іле аудандық соты отыз тәулікке қамаққа алу жазасын тағайындаған.

Көптеген азаматтар қамаққа алу жазасы мен әкімшілік қамаққа алуды шатастырады, сол себептен біздің ойымызша қамаққа алу жазасы тәулікпен емес айлар мен есептелуі тиіс деп есептейміз.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығының 4 бөлімінде, Қазіргі заманғы қылмыстық-құқықтық саясат адамның, оның құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің қылмыстық қатерден қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. адам құқықтары саласындағы халықаралық-құқықтық стандарттардың талаптарын, қылмысқа қарсы іс-қимылды және ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескере отырып,

қылмыстық заңнаманы және оны қолдану практикасын жетілдіру, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың жаңа ұғымын тұжырымдау; қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жаза тағайындау тетіктерін жетілдіру көзделген [83].

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы негізінде біз Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 45 бабы Қамаққа алу бабының 2 бөлігіне «Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді» сөзді «Қамаққа алу бір айдан алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді» деп ауыстыруды ұсынамыз.

Тағы сот тәжірибесін қарастыратын болсақ, Атырау облысы Атырау қаласының №2 соты үкіміне сәйкес, «И» Өзбекстан Республикасының азаматшасы бола тұра, 2017- жылғы 01-ақпанында Қазақстан Республикасының Атырау қаласына жалдамалы жұмыс жасап, табыс табу үшін келіп, 2017-жылғы 10-шілде күні, оның тіркеу құжаттарын Атырау облыстық Ішкі істер департаментінің Көші-қон қызметінің қызметкерлері тексеріп, оның Атырау қаласындағы тіркелген мекен-жайда тұрмайтындығы анықталған, сол үшін оған қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 517-бабының 2-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасы толтырылып, Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 2017-жылғы 28-шілдедегі қаулысымен Қазақстан Республикасы шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу түріндегі жаза тағайындалған. Осы сот қаулысына сай «И» өз еркімен Қазақстан Республикасы шегінен 2017-жылғы 17-тамызға дейін шығуы тиіс бола тұра, өзіне қатысты Қазақстан Республикасы шегінен тысқары жерге шығарып жіберу туралы сот қаулысы қабылданғанына қарамастан, шетелдік «И» бұл шешімді орындамай, Атырау қаласында жұмыс жасап, табыс табу мақсатында қалып қойып, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы 2017-жылғы 28-шілдедегі Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының шешімін орындамаған [84].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 388-389, 393, 395-398, 401-402-баптарын басшылыққа ала отырып, сот «И» ҚК-нің 393-бабымен көзделген қылмыстық теріс қылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын. «И» осы бап бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге 5 (бес) жыл мерзімге шығарып жібере отырып, 30 (отыз) тәулікке қамаққа алу жазасы тағайындалсын деген үкім шығарды [84].

Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының 2013 жылғы 12 қазанындағы шешімімен «Ф» Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығарылған [85].

Алайда, «Ф» жоғарыда көрсетілген сот шешімін орындамаған, сонысымен қолданыстағы заңнаманың талаптарын бұза отырып, Қазақстан

Республикасының Қарағанды қаласының аумағында болған [85].

2018 жылғы 28 қыркүйегінде шамамен сағат 19.00-де Қарағанды қ. Космонавтов көшесі бойында 284-үйдің жанында көші-қон қызметінің қызметкерлерімен Ресей Федерациясының азаматы «Ф» анықталған, ол өзіне қатысты Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының 2013 жылғы 12 қазанындағы заңда белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы шешімін орындамаған. Сот отырысында сотталушы «Ф» қылмыстық теріс қылық жасаудағы кінәсін толығымен мойындап, 1987 жылы Қарағанды қаласына Ресей Федерациясының Омбы қаласынан әке-шешесіне келіп, құрылыспен айналысқанын көрсеткен. Кейіннен әжесі мен шешесі қайтыс болған, ол жалғыз қалған. Қазіргі уақытта ол әйелімен және балаларымен, немерелерімен тұрады, үй шаруаларына көмектеседі, немерелерін тәрбиелеумен айналысып жатыр. Бүгінгі таңда Қарағанды қаласынан шыққысы келмейді [85].

Сондай-ақ сотталушының қылмыстық теріс қылық жасаудағы кінәсі сотқа дейінгі тергеу органымен жиналған дәлелдемелердің жиынтығымен расталады, жекелеп алғанда: көші-қон қызметі бөлімі инспекторының 28.09.2018 жылғы баянатымен, оған сәйкес тексеру жүргізу барысында, оған қатысты Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының 2013 жылғы 12 қазанындағы оны Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығарып жіберу туралы шешімі шығарылған, Ресей Федерациясының азаматы «Ф» анықталған [85].

Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының №2 соты «Ф» Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 393-бабында көзделген қылмыстық теріс қылық жасауда кінәлі деп тануға және оған осы бап бойынша 5 (бес) жыл мерзімге шығарып жібере отырып, 10 (он) тәулік мерзімге қамаққа алу түрінде жазаны тағайындауға үкім шығарды [85].

В.В. Джужома пікірінше, «РФ-ның Қылмыстық кодексінің 54-бабын қамаққа алу (қысқа мерзімді бас бостандығынан айыру) ретінде өзгертуді ұсынады:

1. Қамаққа алу (қысқа мерзімді бас бостандығынан айыру) сотталғанды бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын түзеу мекемелерінде ұстаудан тұрады және егер жасалған іс-әрекет немесе қылмыскердің жеке басына қатысты ерекше мән-жайлар кінәліны қоғамнан оқшаулаусыз жазалау мақсаттарына жетуді мүмкін етпейтін болса, тағайындалады [86, 5 б.].

Республиканың көптеген өңірін қамтыған тәртіпсіздіктер және радикалды топтардың шабуылдары қоғамға, мемлекетке, бизнеске көп залал, нұқсан келтірді. Ішкі істер министрлігінің жедел штабының мәліметінше, полицейлер Ұлттық ұлан және арнайы мақсаттағы жасақтармен тізе қосып, террорлық шабуылдарға, тонау-мародерлыққа және өзге де топпен жасалған қылмыстарға қатысушыларды жаппай ұстау шараларын жалғастырып жатыр. Ұсталғандардың саны 10 мыңнан асқан. Осыған орай бірқатар қазақстандық "түрме толып қалған шығар" деп тұспалдауда. Бірақ "қасіретті қаңтар" оқиғаларына қатысып, қолдары кісенделгендер әзірге ішкі істер органдарының әртүрлі қалалар мен өңірлердегі изоляторларына, уақытша ұстау үй-жайларына тасымалданып жатқан көрінеді. Олардың үстінен сот болады. Тек сот қана айыпты деп танып, бас бостандығынан айырып, түрмеге атандыра алады. Кейбір дерек бойынша он мыңдай ұсталғанның бір бөлігі босап та шыққан. Тағы бір үлкен бөлігі ай соңына дейін еркіндікке шығуы мүмкін, себебі он-он бес тәулікке қамалыпты [119]. Бүгіннен бастап, ТИЗО-да отырғандарға табысталатын сәлемдеме-саухаттарды қабылдай бастапты. Сондай-ақ алдын ала жазылу бойынша оларға адвокаттарын жібере бастаған екен. Қалай болғанда, әзірше түрмелер контингенті күрт көбеймеген. Ол кейін болуы ықтимал. Құзырлы органдар жекелеген өңірде бүлікшілердің абақтыда отырған қылмыскерлерді босатып алуға қарекет жасағаны туралы хабарлады. Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәлімдеуінше, ҚАЖ

мекемелерінде "ерекше жағдайлар режимі" енгізілді. Бұл режим Президенті жариялаған төтенше жағдай аяқталғанша, 2022 жылғы 19 қаңтар күнгі 00 сағат 00 минутқа дейін қолданылады. Жазасын өтеушілер қашып кетіп, толқуларға қатыспауы үшін колониялардан тыс жерлердегі кәсіпорындарда жұмыс істеп келген сотталғандар кері қайтарып алынған [119].

Уақытша жұмыссыз отырады. ҚАЖ комитеті аталған режим күшінде болатын күндері түзеу мекемелерінің ішкі тәртіптемесі уақытша өзгертілетінін жеткізді. "Елімізде орын алған жағдайды ескере отырып, Қылмыстық-атқару кодексінің 105-113-баптарында көзделгендей, сотталғандардың құқықтарын уақытша шектеу шаралары қабылданды. Бұл ретте сотталғандарға сәлемдемелер мен саухаттар заңнамада белгіленген тәртіппен қабылданады. Сондай-ақ қауіпсіздігі барынша төмен мекемелердегі сотталғандар жұмысқа орналасқан ұйымдардан шақыртылып, мекеме аумағына қайтарылды және сонда болады", – деп түсініктеме берді комитет [119].

Мекеме жазасын өтеушілердің туған-туыстарын және былайғы жұртты шектеу шараларына түсіністікпен қарауды, сабырлық сақтауды сұрайды. Түрмелерге қатысты әлеуметтік желі немесе мессенджерлер арқылы тарауы мүмкін фейктерге сенбеу керектігін, тек ресми түсініктемелерге сүйенуді және жалған ақпарат таратпауды ескертеді. Мекемелерде ерекше жағдайлар режимі енгізілуі себепті бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатындар тустарымен кездесе алмауы мүмкін. Ондай жағдайда, пайдаланылмаған күндер сақталып, неғұрлым кеш мерзімде кездесуге мүмкіндік берілетіні нақтыланды. Өмір бойы сотталғандар және рецидивистер өзге түрмеге көшірілуі мүмкін [119].

Осы орайда Ішкі істер министрлігі "Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстеріне қылмыстық сот төрелігі, жазаны орындау және азаптау мен қатыгез әрекеттердің алдын алу саласында адам құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" жаңа заңның жобасын талқылауға шығарды. Құжатта алғаш сотталған адамдарды темір торға бірнеше рет оралған кәнігі қылмыскерлерден бөлек ұстау және Қостанай облысында, Жітіқара қаласының жанында орналасқан "Қара Бүркіт" секілді ҚАЖ-дың төтенше қауіпсіз мекемелерін жабу ұсынылған. "Бұл түзетулер бірінші рет бас бостандығынан айырылғандарды жасаған қылмысының түріне және ауырлығына қарамастан, бұған дейін нақты жазасын өтегендерден бөлек ұстауға бағытталған [119].

Осыған байланысты төтенше қауіпсіз мекемелерді жою ұсынылып отыр", – деп түсініктеме берді ПМ. Айта кету керек, бұған дейінгі жылдары Қазақстанда жыл сайын 1-ден 4-ке дейін түрме жабылумен болды. Қазіргі кезде, ресми мәліметке сәйкес, республикада ҚАЖ-дың 66 мекемесі жұмыс істейді. Оның ішінде 18-і – "қауіпсіздігі барынша жоғары" (максималды) мекемелер болып табылады, оларда баскесерлер, кісі өлтірушілер, адам зорлаушылар,

рецидивистер және басқасы отырады. Ал өмір бойы бас бостандығынан айырылғандар, өлім жазасына кесілгендер және аса қауіпті рецидивистер отыратын "төтенше қауіпсіз" мекемелер саны – 5-еу. ПМ ақпараты бойынша осы төтенше қауіпсіз мекемелерді жою 3 100 сотталушыға "тұрғылықты жеріне жақын түрмеге ауысуға және әлеуметтік пайдалы байланыстарын сақтау құқығын жүзеге асыруға", қарапайым тілмен айтқанда ағайындарымен, жақын-жуықтарымен араласуға мүмкіндік бермек. Бұл – Қазақстанда темір торда отырған сотталушылардың тура 10%-ы. "Халықаралық түрме реформасы" (PRI) сарапшыларының бағалауынша, Қазақстанда бас бостандығынан айыру – кеңес кезіндегідей, қылмыстық жазалаудың негізгі түрі болып қалуда [119].

Бұл туралы Құқықтық саясат тұжырымдамасында да айтылған. "Республикада бас бостандығынан айырудың жазалау компоненті басым, енді оның тәрбиелеу, түзеу компонентін арттыру шараларын қабылдау қажет. Атап айтқанда, жазаны орындауды индивидуализациялау қағидаты негізінде сотталғандарға түзеу-тәрбиелеу мақсатында ықпал етудің формаларын, әдістерін, контентін дамыту керек. Бұл ретте сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарына – жазаны өтеу режимі; тәрбиелік ықпал ету; қоғамға пайдалы еңбек; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы; қоғамдық ықпал ету және "жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру" жатады", – деп түсіндірді ПМ. Жаңа заң қабылданған жағдайда 14 шекарашыны және бір қорықшыны өлтіргені үшін сотталған Владислав Челах, 2016 жылғы 18 шілдеде Алматыда полицейлерге және ҰҚК департаментіне қарулы шабуыл жасап, он адамды өлтірген Руслан Күлекбаев және басқа да өмір бойы бас бостандығынан айырылғандар толық қауіпсіз мекемелерге көшірілуі мүмкін [119].

Осылайша, үкімдерді шығару қағидаттары адамның, ұлттық және халықаралық құқық деңгейінде бекітілген құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтаудың кепілі болып табылады. Осы институтпен орындалатын маңыздылығы мен рөлін ескере отырып, сондай-ақ үкімдерді шығару қағидаттарының мәні мен тізбесін либералды түсіндіруден құтылу үшін қажетті қадам, осы институттың тұжырымдамасы мен тізбесін бөлектеген мемлекеттердің ұлттық құқықтық заңнамасында және тиісті халықаралық заңдар мен нормативтік актілерде заңнама деңгейінде құжаттау болып табылады. Бұл ұсынымдар, түпкі мақсаты қылмыстық заңнамада ұлттық және халықаралық деңгейлерде бекітілген құқық бұзушының құқықтарын қорғаудың кепілі ретінде қағидаттарды қолданудың мейлінше этиімді стратегияларын әзірлеу болуы тиіс, осы бағыттағы зерттеулердің болашағын анықтайды.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ҚАМАҚҚА АЛУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ

2.1 Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жазаны орындау мен өтеудің тәртібі, шарттары және жекелеген проблемалары

ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-та алғаш рет сотталғандарды қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу үшін жіберу мерзімдері - үкімнің заңды күшіне енген күннен бастап (84-баптың 1-бөлігі), ал сотталған әскери қызметшілерге қатысты - заңды күшіне енген үкімді орындау туралы сот өкімін алған күннен бастап үш күн ішінде анықталды (84-баптың 2-бөлігі) [11].

Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау тәртібінің ерекшеліктері өзінің көрініс алуын ҚР ҚАК-тың 85-бабында тапқан. Осы ерекшеліктердің аз бөлігі Қазақстан Республикасының бұрынғы қылмыстық-атқару заңнамасына әлден белгілі болған. Мысалы, қамаққа алу сотталғандардың камераларда қатаң оқшаулау жағдайларында ұсталуы (1-бөлік). Бірақ бұл жерде ҚР-ның 1997 жылғы ҚАК-тың 64-бабының 1-бөлігінің редакциясында 2009 жылғы 10 желтоқсанындағы өзгерістерден кейін камералардың түрі нақтыланғанын нақтылау қажет: құлыпталатын жалпы камералар [44]. Бұған дейін мұндай нақтылау болмаған, дегенмен сотталғандарды құлыпталатын жалпы камераларда ұстау меңзелген. Бұл ҚР-ның 1997 жылғы ҚАК-тың 64-бабының 2-бөлігінің бастапқы редакциясында сотталғандарға (қамаққа алуға) түрмеде жалпы режим жағдайларында бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдар үшін осы Кодексте белгіленген ұстау жағдайлары таралатыны белгіленгенімен шартталған болатын. Қарастырылып отырған редакцияның ҚР-ның 1997 жылғы ҚАК-тың 127-бабы бас бостандығынан айыруға сотталғандар түрмелерде құлыпталатын жалпы камераларда ұсталатынын анықтаған (1-бөл.) [44].

Сондай-ақ, бұрынғыдай сияқты, қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу орындарында еркектер, әйелдер және бұрын жазасын мекемелерде өтеп жатқан және соттылығы бар адамдар бөлек ұсталады. ҚР-ның 1997 жылғы ҚАК-тың 64-б. 1-бөл. бастапқы редакциясында бұладамдардың тізбесі, ары қарай алынып тасталған, кәмелетке толмағандарды да қосқан [11].

Бірақ қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу тәртібінің көптеген ерекшеліктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасы үшін жаңа болып табылады [11]:

1. Дені сау адамдардан әртүрлі инфекциялық аурулармен ауыратын адамдар бөлек ұсталады (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 85-баб. 1-бөл.) [11];

2. Басқа сотталғандардан оқшаулағанды түрде – соттардың, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлері,

сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдар ұсталады (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 85-баб. 1-бөл.) [8];

3. Сотталған адамды денсаулық сақтау ұйымдарының емдеу мекемелеріне емдеуге жатқызуға жіберілген жағдайда оны күзетуді қамтамасыз ету үшін айдауыл қойылады (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 85-баб. 1-бөл.) [11];

4. Сотталған әскери қызметшілер құрамына қарай бөлек (офицерлер, сержанттар, старшиналар мен қатардағы құрамдардың әскери қызметшілері) және өзге де негіздер бойынша гауптвахтада ұсталушы әскери қызметшілерден бөлек ұсталады (ҚР ҚАК-тың 85-бабының 3-бөлігі) [11].

5. Қамаққа алуға сотталғандар тамақпен бас бостандығынан айыруға сотталғандардың нормалары бойынша қамтамасыз етіледі [11].

Қамаққа алуға сотталған әскери қызметшілерді тамақтандыру бюджеттік жоспарлау бойынша орталық уәкілетті органмен келісуіне қарай Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару қызметі, Ұлттық қауіпсіздік, Қорғаныс саласындағы уәкілетті органдармен белгіленген нормалар бойынша қамтамасыз етіледі (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 85-бабының 2-бөлігі) [11].

ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 86-бабына сәйкес қамаққа алу түріндегі жазаға сотталған адамға жалпы құқықтары мен міндеттерінен басқа (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 10 және 11-баптары) келесі құқықтар беріледі:

1. айына бір рет өз есебінен хаттар мен жеделхаттар алу және өз есебінен жөнелту;

2. ақшалай аударымдар алу;

3. ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

4. айына бір рет бірінші кезекте қажетті заттар мен маусым бойынша киім салынған сауқаттар, сәлемдемелер, бандерольдер алуға құқығы бар [11].

Сондай-ақ науқас сотталғандар мен мүгедектер медициналық қорытындыда саны мен ассортименті айқындалған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар салынған сауқаттар мен сәлемдемелер алуға құқылы;

5. адвокатпен саны, ұзақтығы шектеусіз және олардың құпиялылығы қамтамасыз етілген жағдайларда кездесуге;

6. күн сайын ұзақтығы бір жарым сағаттан кем емес сейілдеуге [11];

7. жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болған немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауырған; оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзала болған жағдайларда және жеке сипаттағы өзге де айрықша мән-жайларда өзінің жеке қаражаты есебінен жұбайымен (зайыбымен), жақын туыстарымен телефон арқылы сөйлесуге [11];

8. жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болуына немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауыруына, оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзалаға байланысты бару-қайту жолына қажетті (бес тәуліктен аспайтын) уақытты есептемегенде, жеті тәуліктен аспайтын мерзімге қысқа мерзімді жол жүруге құқығы бар [11].

Көрсетілген бапта барлық сотталғандар үшін ортақ құқықтармен және ҚР ҚАК-тың 10 және 11-баптарында көзделген міндеттермен қатар қамаққа алуға сотталған адамдарға деген арнайы құқықтар көзделген. ҚР 2014 жылғы ҚАК-тың 86-бабында анықталған қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу жағдайлары алдыңғы қылмыстық-атқару заңнамасынан айтарлықтай айырмашылығы бар екенін атап өту қажет.

Б.К. Шнарбаев пен А.Е. Мизанбаев сөздерінше, заң шығарушы бұрын заң теориясы мен практикасында орын алған қамаққа алу түріндегі жазаны орындауға репрессивті ыңғай табудан бас тартқанын атап өтеді. Жазаны қатаң оқшаулау жағдайларында өтеуге адамгершіктік ыңғай табу қамаққа алуға сотталғандарға деген арнайы құқықтарда көрініс алды [120, 329 б.].

Жекелей айтқанда, бірінші кезекте қажетті заттар мен маусым бойынша киім салынған сауқаттар, сәлемдемелер, бандерольдер алу енді айына бір рет мүмкін (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 86-бабының 2-бөлігі 4-тармақша), дәл сол уақытта бұрынырақ оларды алу көзделген болса да, бірақ олардың кезеңі айтылмаған [11].

Ары қарай, заң шығарушы ҚР-ның жаңа ҚАК-да сотталғанның тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажет заттарды сатып алуға деген ай сайынғы шығындары үшін, ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерге оралған (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 86-баб. 2-бөл. 3)-тармақша). Мұндай мөлшер ҚР-ның 1997 жылғы ҚАК-тың бірінші редакциясында да көзделген болатын. Бірақ көрсетілген мөлшер 2009 жылғы 10 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес үш айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылғанын ұмытпаған жөн [44]. Тиісінше, тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарын сатып алуға деген ай сайынғы шығындардың қазіргі қолданыстағы мөлшері қарастырылып отырған жазаны өтеу жағдайларын қатаңдатудың көрінісі болып табылады. Және біздің көз қарасымызша, бұл көрсеткішті үш айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтуды қарастыру мүмкіндігінде қажеттілік бар.

ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-да қамаққа алуға сотталғандарға деген сейілдеудіңнен аз ұзақтығы ұлғайтылғаны оңды бағаға лайық: бір сағаттан бір жарым сағатқа дейін (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 86-баб. 2-бөл.6-тармақша). ҚР-ның 1997 жылғы ҚАК-те де сейілдеу ұзақтығы бір жарым сағаттан кем емес көзделген, бірақ кәмелетке толмағандар үшін ғана [11].

Одан басқа, қазіргі қолданыстағы заңнамада, олар болған кезде,

сотталғанның жұбайымен (зайыбымен), жақын туыстарымен телефон арқылы сөйлесуіне рұқсат етіле алады, жеке сипаттағы айрықша мән-жайлар нақтыланды (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 86-баб. 2-бөл. 7-тармақша). Бұл заңды біркелкі қолдандырады және қамаққа алу түріндегі жазаны орындау орындарында тиісті қызметкерлердің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану фактілерінен болдыртпайды [11].

ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-та алғаш рет қамаққа алуды өткеш жатқан сотталғандарға келесідей құқықтар берілгені Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі ізгілендірудің куәсі болып табылады:

1. айына бір рет өз есебінен хаттар мен телеграммалар алу және жіберу (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 86-баб. 2-бөл. 1-тармақша) [11];

2. ақшалай аударымдар алу (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 86-баб. 2-бөл. 2-тармақ);

3. жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болуына немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауыруына, оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзалаға байланысты бару-қайту жолына қажетті (бес тәуліктен аспайтын) уақытты есептемегенде, жеті тәуліктен аспайтын мерзімге қысқа мерзімді жол жүруге (ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 86-баб. 2-бөл. 8-тармақ) [11].

87-баптың ережелері ҚР ҚАК-тың новеллалары болып табылады, ол алғаш рет қамаққа алу түрінде жазасын өтеп жатқан сотталған әскери қызметшілердің құқықтық жағдайының ерекшеліктерін анықтады:

1. Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу уақыты әскери қызметтің жалпы мерзіміне және кезекті әскери атақ беру үшін еңбек сіңірген жылдарына есептелмейді (1-б.) [11];

2. осы кезеңде сотталған адамды кезекті әскери атақ беруге ұсынуға, жоғары тұрған лауазымға тағайындауға, жаңа қызмет орнына ауыстыруға және, денсаулығына байланысты қызметке жарамсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, әскери қызметтен шығаруға болмайды (2-бөл.);

3. сондай-ақ сотталған әскери қызметшіге көрсетілген кезеңде ақшалай ризық төленбейді (3-бөл.) [11].

Бұрын қолданыста болған және қолданыстағы қазақстандық қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын және қамаққа алу түріндегі жазаны қолдану аясындағы құқықтық санаттардың қазір бар ғылыми түсіндіруін теориялық құқықтық талдау келесідей негізгі қорытындыларды белгілеуге мүмкіндік береді [11].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасында қамаққа алу түріндегі жазаны атқарудың анықтамасындағы, тәртібі мен жағдайларындағы айтарлықтай оң өзгерістерге қарамастан, біздің көзқарасымызша, оларды әлі де әділдік пен заңдылық қағидаттарын іске асыру мақсатында тез арада толықтыруды және жоюды керек ететін жекелеген

кемшіліктер мен қайшылықтар бар.

Біріншіден, қамаққа алу түріндегі жазаны орындау кезінде еңбектің ең аз болуына назар аударуды қалар едік. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасының 2014 жылғы 25 қыркүйегіндегі №319 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полициясы органдарының гауптвахтасында сотталғандарды ұстаудың ішкі тәртіптемесі мен тәртібі қағидаларының 71-тармағында сотталған әскери қызметшілер ұзақтығы атасына екі сағаттан аспайтын гауптвахтаны шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындауға тартылады деп көрсетіледі [15].

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 20 шілдесіндегі №367 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери полициясы органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда сотталғандарды ұстау тәртібі қағидаларының 7-тарауында әскери қызметшілерді гауптвахтаға шаруашылық қызмет көрсету, кезекшілік кестесіне сәйкес гауптвахтаның камералары мен басқа да үй-жайларын жинауды жүргізу, сондай-ақ гауптвахта аумағын көріктендіру бойынша жұмыстарды орындауға тарту мүмкіндігі айтылған [14].

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдесіндегі №504 бұйрығымен бекітілген Қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнайы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртібін ұйымдастыру қағидаларының 34-тармағында [121], камера бойынша кезекші камерадағы тазалықты қарайды, камерадағы еденді сыпырады әрі жуады, камералық санитарлық торапты, сейілдеудің аяқталған соң сейілдеу залын жинауды жүргізеді деп көрсетілген. Бірақ соңғы екі құжатта мұндай жұмыстың аптасына ұзақтығының ең көп шегі көрсетілмеген. ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 15-тарауында қамаққа алуға сотталған адамдарды еңбекке тарту туралы ешқандай ереже жоқ [12].

Әйтсе де ҚР-ның 1997 жылғы ҚАК-тың 65-бабында қамаққа алу түріндегі жазаны орындау органдарының әкімшілігі сотталғандарды, қамаққа алу түріндегі жазаны өтеуге арналған орындардың үй-жайларына шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындауға, аптасына төрт сағаттан аспайтын ұзақтықпен, ақы төлемей тартуға құқылы екендігі көрсетілген. Қамаққа алуға сотталғандарды ақы төленетін еңбекке тарту мүмкіндігі сондай-ақ ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың көрсетілген тарауында көзделмеген [44].

Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау кезінде еңбектің қажеттігі (ақылы еңбек түрінде де, орындарда тұру жағдайларын жақсарту және абаттандыру бойынша жұмыстар түрінде де), біздің көзқарасымызша, еңбек сотталғанды түзеудің құрамдас бөлігі болып табылатынымен шартталған. Біріншіден, бұл сотталғанның түзелу түсінігінде, яғни сотталғанның заңға бағынушылық мінез-құлық, адамға, қоғамға, еңбекке, қоғамдағы мінез-құлық нормаларына,

қағидаларына және этикаға деген оң қатынасын қалыптастыруда негізделген (ҚР ҚАК-тың 3-бабы 10-тармақша) [11].

Екіншіден, қоғамға пайдалы еңбек сотталғанды түзеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады (ҚР ҚАК-тың 7-бабының 1-бөлігі 4-тармақша). Сотталғанды түзеудің маңыздылығы, бұл жаза мақсаттарының бірі екендігімен шартталған (ҚР-ның 2014 жылғы Қылмыстық кодексінің 39-бабының 2-бөлігі) [11].

Үшіншіден, сотталғандардың негізгі міндеті еңбекке саналы қарауы болып табылады (ҚР-ның 2014 жылғы Қылмыстық кодексінің 11-бабының 1-бөлігі 7-тармақша). Қамаққа алуға сотталғанды түзеу кезінде еңбектің болмауы, сондай-ақ тіпті бас бостандығынан айыруға сотталған, камераларда жазасын өтеп жүргендер де арнайы жабдықталған жұмыс камераларында немесе өндірістік аймақтың оқшауланған жергілікті учаскелерінің аумағында (ҚР ҚАК-тың 149-бабының 1 және 4-бөліктері) еңбек ететіні таң қалдырады [11].

Біздің көзқарасымызша, біріншіден, ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 15-тарауында қамаққа алуға сотталғандарды қамаққа алу түріндегі жазаны өтеуге арналған орындардың үш-жайларына шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды аптасына ұзақтығы екі сағаттан аспайтынға ақы төлемей орындау мүмкіндігін қарастыру мақсатқа сай болар еді [11].

Екіншіден, ҚР-ның 2014 жылғы жаңа ҚАК-та қамаққа алуға сотталғандарға қолданылатын көтермелеу және жазалау шаралары және тиісінше оларды қолдану тәртібі көрініс таппаған. Әйтсе де ҚР 1997 жылғы ҚАК-нда мұндай норма болған – 66-бап. Біздің көз қарасымызша, қамаққа алу түріндегі жазаны өтеудің қолданыстағы жағдайларын ескере отырып, оған белгілі бір өзгерістер енгізе отырып, осы мәселе бойынша алдындағы қазақстандық заңнаманың тәжірибесін қабылдап алған мақсатқа сай [11].

Жекелеп алғанда, алғыс айтуды, бұрын салынған жазалауды мерзімінен бұрын алып тастауды, телефон арқылы сөйлесуіне рұқсатты қосқан ҚР-ның бұрынғы ҚАК-да қарастырылған көтермелеу шараларының тізімін, біздің көзқарасымызша, көрсетілген тізімге мейрам күндері тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға деген бір айлық есептік көрсеткішке дейін сомада қосымша ақша жұмсауға рұқсатты қосу есебінен кеңейту қажет. Көтермелеу шараларының мұндай тізімі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдарының гауптвахтасында сотталғандарды ұстаудың ішкі тәртіптемесі мен тәртібінің бұрын көрсетілген қағидаларында әлден практикаланып жатыр (111-тармақ) [15].

Жазалау шараларының тізімін бұрынғы қалпында сақтап қалуды ұсынамыз: сөгіс және карцерге кіргізу. Бірақ соңғы жазалау бойынша ең көп мерзімді, біздің көзқарасымызша, қазіргі кезде қамаққа алудың ең көп мерзімі тоқсан тәуліктен елу тәулікке дейін төмендетілгенін ескере отырып, оннан бес

тәулікке дейін төмендету қажет.

Қамаққа алуға сотталғандарға қолданылатын көтермелеу және жазалау шаралары туралы сауалды қарастыруға байланысты, қамаққа түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнайы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртіптемесі ұйымдастырудың бұрын көрсетілген қағидаларында [121] ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 128 және 131-баптарына сілтеме жасауды, көрсетілген баптарда көтермелеу және жазалау шаралары, сондай-ақ оларды жазаның басқа түрі - бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қолдану тәртібі реттелмегенімен байланысты, қолайлы емес деп санаймыз.

Үшіншіден, ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-та қамаққа алуға сотталғандардың жазаны орындау жерлерінің аумағы бойынша қозғалу тәртібі реттелмеген. Осы Кодекстің 85-бабының 1-бөлігінде ғана сотталғанды денсаулық сақтау ұйымының емдеу мекемелеріне емдеуге жатқызуға жіберген жағдайда, оны күзетуді қамтамасыз ету үшін айдауыл қойылады деген ереже бар. Одан басқа, бұрын еске салынған қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнайы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртібін ұйымдастыру қағидаларының 31-тармағында сотталғандарға қатысты айдауыл туралы ережелер бар, оларға сәйкес сотталғандардың арнайы қабылдау орнының немесе тергеу изоляторының аумағы бойынша қозғалуы тек айдауылмен жүзеге асырылады. Дәл осы ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-та, заңғаасты актіңде тиісті ереженің болуымен шектелмей, қамаққа алуға сотталғандардың қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу орындарының аумағы бойынша тек айдауылмен қозғалу міндетін қарастыратын норманы енгізу қажет деп санаймыз [11].

Төртіншіден, ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 84-бабында қамаққа алу түріндегі жазаны орындау негіздемесі ретінде заңды күшіне енген соттың үкімі ғана қарастырылған. Біздің көзқарасымызша, бұл жеткіліксіз. Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау негіздемелерінің қатарына сондай-ақ айыппұл, түзеу жұмыстары және қоғамдық жұмыстар сияқты жазаның мұндай түрлерін ҚР ҚК-ның 41-баптың 6-бөлігінің 1)-тармақшасына, 42-баптың 5-бөлігінің 1)-тармақшасына және 43-баптың 2-1-б. 1)-тармақшасына сәйкес қамаққа алуға алмастырған жағдайда соттың заңды күшіне енген қаулысын енгізу қажет [11].

Бесіншіден, ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-тың 86-бабының 2-бөлігінің 5)-тармақшасына сәйкес қамаққа алуға сотталғандардың адвокатпен ғана саны, ұзақтығын шектеусіз және олардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда кездесуге құқығы бар. Осы норманы бұзуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери полициясының органдарының гауптвахтасында сотталғандарды ұстаудың ішкі тәртіптемесі мен тәртібінің 95-104-тармақтарында, сотталған әскери қызметшілердің адвокаттармен, туыстарымен және өзге де адамдармен кездесулерін өткізу туралы ережелер баяндалған [121].

Жекелеп алғанда, сотталған әскери қызметшілерге ұзақтығы екі сағат

қысқа мерзімді кездесулер таратылады (95-тармақ), мысалы, сотталған әскери қызметшінің туыстары болып табылмайтын адамдармен (96-тармақ), жұбайымен (зайыбымен), туыстарымен (97-тармақ), кездесулер жалпы кезек ретінде (98-тармақ) және т.б. беріледі. Көрсетілген заңасты актісін, әскери қызметшіге адвокатпен кездесуді беру туралы, сондай-ақ кездесулерді өткізу кезінде қауіпсіздік шаралары туралы режелерді қоспағанда көрсетілген ережелердің 95-104-тармақшалары қағидаларының басым бөлігін қоспай ҚР-ның 2014 жылғы ҚАК-пен келтіруді қажетке санаймыз [121].

Алтыншыдан, 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 467-бабының 1-1-бөлігінде осы мезетке осы Кодекстің 41-бабының 3-бөлігіне, 42-бабының 3-бөлігіне және 43-бабының 2-бөлігіне сілтемелер бар. Бұл нормалар 2014 жылғы ҚР ҚК-дағы өзгерістерге дейін 2018 жылғы шілдесінде айыппұлды, түзеу жұмыстарын және қоғамдық жұмыстарды жазаға алмастыру туралы ережелерді қарастырған. Бірақ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 12 шілдедегі №180-VI Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес [16] 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің 41 және 42-баптары жаңа редакцияда жазылған, ал 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 43-бабының 2-бөлігі жаңа редакцияда жазылып, жаңа: 2-1 және 2-2 бөліктермен толықтырылды. Енді айыппұлды, түзеу жұмыстарын және қоғамдық жұмыстарды алмастыру тәртібі туралы ережелер тиісінше 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 41-бабы 6-бөлігінің 1)-тармағымен, 42-бабы 4-бөлігінің 1)-тармағымен және 43-бабы 2-1-бөлігінің 1)-тармағымен реттеледі. Осыған байланысты 2014 жылғы ҚР ҚК-ның 467-бабының 1-1-бөлігінде осы Кодекстің 41-бабының 3-бөлігінің, 42-бабының 3-бөлігінің және 43-бабының 2-бөлігінің орнына 2014 ылғы ҚР ҚК-ның 41-бабының 6-бөлігінің 1)-тармақшасын, 42-бабының 4-бөлігінің 1)-тармақшасын және 43-бабының 2-1-бөлігінің 1)-тармақшасын көрсету қажет [3].

Мазмұндалған ережелер қылмыстық теріс қылықтардың алдын алу, сотталғанды түзеудің тиімділігін арттыру және т.б. мақсатында қамаққа алу сияқты жазаның осындай түрін тағайындауды және орындауды құқықтық реттеу мәселелеріне қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру процесінде пайдаланыла алады.

Атап айтқанда, 2014 жылғы ҚР ҚАК-тың 86-бабының 2-бөлігінің 3)-тармақшасын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға деген ай сайынғы шығындардың мөлшерін, ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражаттан, бір айлық есептік көрсеткіштен үш айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайту туралы ұсыныс Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасын ізгілендірудің қосымша мүмкіндігі болып табылады [11].

Қамаққа алуға сотталғандарды түзеудің тиімділігін арттыруға деген ұмтылыспен біздің 2014 жылғы ҚР ҚАК-тың 15-тарауына қамаққа алуға сотталғандарды еңбекке тарту мүмкіндігі туралы ережелерді, сондай-ақ қамаққа алуға сотталғандарға қолданылатын көтермелеу және жазалау шараларын, сондай-ақ оларды көрсетілген адамдарға қолдану тәртібін көздейтін бөлек бапты қосу қажеттігі туралы ұсынысымыз түсіндіріледі [11].

Қамаққа алуға сотталғандар тарапынан болуы мүмкін құқық бұзушылықтарды профилактикалау үшін 2014 жылғы ҚР ҚАК-тың көрсетілген тарауында қамаққа алуға сотталғандарға қамаққа алу түріндегі жазаны өткеу орындарының аумағы бойынша тек айдауылмен ғана қозғалу сияқты міндетті енгізу ұсынылады [11].

Қолданыстағы заңнаманы (қылмыстық және қылмыстық процестік) көрініс алуының толықтығы мақсатында қамаққа алу түріндегі жазаны орындау негіздерінің қатарына (2014 жылғы ҚР ҚАК-тың 84-бабы) соттың үкімінен өзге, айыппұл, түзеу жұмыстары және қоғамдық жұмыстар сияқты жазаның түрлерін қамаққа алуға алмастырған жағдайда соттың заңды күшіне енген қаулыларын да енгізу ұсынылған.

Қазақстан заңнамасындағы қайшылықтарды жою үшін ҚР ҚК-ның 467-бабының 1-1-бөлігіне, сондай-ақ бөлектеген ҚР-ның Заңға асты актілеріне тиісті өзгерістер енгізу ұсынылады [3].

А.Ж. Әбдіжами, М.А. Төлеген ойларында, бас бостандығынан айыру, оның элементтері мазмұндайты бар қылмыстық жазаның өзге де түрлері сияқты, тек жазалау мақсаттарына басқа (жұмсағырақ) нәрселермен жету мүмкін болмаған кезде қолданылуы тиіс екенін атап өткен. Қазіргі жағдайларда заңды күшіне енген үкімдер бойынша сотталғандардың үштен бірінен астамы бас бостандығынан айырылады. Кеңестік кезеңде жазаның бұл үлесі жартысына дейін немесе одан көп есеге көтерілді, бұл сірә, жазалау мақсаттарына жету тілегімен емес, сотталғандар санынан арзан жұмыс күшін кеңінен қолдану практикасымен шартталған. Сонымен бірге, сол кезде де бұқаралық ақпарат құралдары, ғалымдар мен мамандар бас бостандығынан айыруға сотталғандар ұсталатын мекемелердің ауыр экономикалық жағдайын, оларда субмәдениеттің болуын және басқа да қолайсыз факторларды ескере отырып, әділетті түрде жазаның осы түрінің, әсіресе кәмелетке толмағандарға қатысты, белгілі бір негативті салдарына назар аударды [124, 105 б].

Айыпталушылар соттың үкімі бойынша тағайындалатыннан көп «мерзім» өткізетін, тергеу изоляторларында (ТИ) тергеудегілерді және колониялар мен түрмедегілерді қамауға алынғандарды ұстаудың сұмдық жағдайлары көп жазылғаны соншалықты, бәріне белгілі нәрсені қайталау әдепсіз болар еді [124, 105 б].

Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020

жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық құқықты ары қарайғы дамыту үшін бұрынғыдай қылмыстық саясаттың екі векторлығын ескере отырып жүзеге асырылуы тиістігі аталды [45].

Ізгілендіру — басты түрде, алғаш рет онша ауыр емес және орташа ауырлықты қылмыстар жасаған адамдарды, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтары - жүкті және асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жалғызбасты әйелдерді, егде жас шағындағы адамдарға қатысты болуы тиіс. Сонымен бірге ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін кінәлі, қылмыстық қудалаудан жасырынып жүрген адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстардың рецидиві кезінде қатаң қылмыстық саясатты алдағы уақытта да жүргізіп отыру қажет.

Б.А. Аманжолова пікірінше, бас бостандығынан айыруға сотталғандар тергеу изоляторында немесе түрмеде, олардың келісімінен, жазаны өтеу мерзімі ішінде техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін ұзақ уақытқа немесе егер куә, жәбірленуші, күдікті (айыпталушы) ретінде тергеу әрекеттерін жүргізу қажет болса, басқа адам жасаған қылмыс туралы іс бойынша сот талқылауы барысында қатысу қажет болған жағдайда, сондай-ақ сотталғанды басқа іс бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту жағдайында оған қатысты қамаққа алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалған болса уақытша қалдырыла алатынын атап өткен [125, 80 б.].

А.В. Маслихин ойынша, тергеу изоляторларындағы режим деп қылмыстық процестік, еңбекпен түзеу (қазіргі қылмыстық-атқару) және әкімшілік құқық нормаларымен белгіленген, осы мекемелерде бас бостандығынан айырылған адамдарды ұстау тәртібін түсінеді [126, 27 б.].

Т.Қ. Әкімжанов пікірінше, жазаларды орындау бүкіл құқық қолдану процесінің маңызды құрамдас әрі аяқтайтын сатысы бола отырып, түбегейлі қайта қарау мен жетілдіруді керек етеді деп санайды. Көрсетілген реформаларды өткізудің бірнеше себептері бар:

Біріншіден, азаматтық қоғамның прогресі. Қазақстан Республикасының егеменді дамуының отыз жылы ішінде еліміздің экономикасында, азаматтардың санасында көптеген оң өзгерістер болды, тұтастай алғанда мемлекеттегі барлық ахуал оң жағына қарай өзгерді, ел халықаралық деңгейге шықты, бірқатар халықаралық міндеттемелер, соның ішінде жазаларды орындау аясында да қабылданды [127, 3 б.].

Екіншіден, жазаны орындау жүйесінде дағдарыс бар. Жазаны орындау жүйесінде күрделі, дағдарыстық ахуал (әлсіз материалдық база, еңбекақының төмендігі, кәсіптің беделсіздігі, жұмыстың ауыр және зиянды жағдайлары және т.б.) пісіп-жетілді, онда «жоғарылар», яғни жазаны орындау жүйесінің өзі істей алмайды, ал «төмендер», яғни сотталғандар ескіше өмір сүргісі келмейді (азаптаулар, ұстау режимі, қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасындағы кемшіліктер, жоғары ақы төленетін жұмыстың болмауы, кәсіби

оқыту жүйесінің әлсіздігі және т.б.). Практика көрсетіп отырғандай, сотталған жазасын өтегеннен кейін жақсармайды, нашарлай түседі, және бұл, өкінішке орай, ҚАЖ қызметкерлерінің тікелей және белсенді қатысуында және тудыруда біз белсенді өзіміз қатысатын факторлардың әсерінде арттырылғанды орын алған [127, 4 б.].

Үшіншіден, азаматтық қоғаммен жазаны орындау жүйесін теріс бағалау.

Жазаның орындалу жағдайы қылмыстық-атқару жүйесі бөліністерінің қызметіне бұқаралық ақпарат құралдарындағы әділ сын туғызады, бұл азаматтық қоғамның жазаны орындау жүйесіне ғана емес, тұтастай алғанда барлық құқық қорғау органдары мен мемлекетке деген теріс көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді [127, 4 б.].

Сондықтан қоғам жазаны анықтаудың, оның тағайындалуы мен орындалуының жалпы проблемаларына деген көзқарасын қайта қарастыруы керек жағдай объективті түрде қалыптасып қалды.

Төртіншіден, бұқаралық ақпарат құралдарында жазаны орындау жүйесіндегі барлық төтенше жағдайлардың жариялануы. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарында ҚАЖ-дың жекелеген қызметкерлері жол берген бұзушылықтар туралы резонанстық жарияланымдар сирек емес. ҮЕҰ қызметінің жазаны орындаудың проблемалық мәселелерін шешуге қатысудағы айтарлықтай белсенденуі байқалады. Өкінішке орай, азаматтық қоғамның қоғамдық пікірі сотталғандарды ғана қорғап, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметіндегі проблемаларға назар аудармай, жазаны орындаудың бүкіл процесін теріс бағалау тенденциясына ие [127, 4 б.].

Бесіншіден, жазаны орындау мекемелерінде сотталғандардың барлық контингентін жоғары ақы төленетін еңбекпен айналысуын ұйымдастыру мүмкіндігінің болмауы. Жазаны орындау практикасы көрсетіп отырғандай, сотталғандардың бар-жоғы 25-30 проценті еңбекпен айналысады, олардың орташа еңбекақысы 10-15 мың теңге мөлшерін құрайды. Сотталғандардың қалған негізгі бөлігі еңбекке тартылу мүмкіндігіне ие емес [127, 4 б.].

Алтыншыдан, оқыту процесін жазаны орындау мекемелерінде ұйымдастыру осы заманның талаптарына жауап бермейді [127, 4 б.].

Жетіншіден, ҚР-ның Қылмыстық және қылмыстық-атқару кодекстерінің жекелеген нормаларын құқықтық реттеу түзеулерді қажет етеді, өйткені жазаны орындау тиімділігін арттыруға ықпал етпейді [127, 4 б.].

Бізге ойлайтындай, қылмыстық-атқару жүйесінің бөліністерінде жазаны орындау процесінде қылмыстық заңнамада бекітілген барлық жаза мақсаттары іске асырылатындай, ал сотталған жақсырақ болып, оған қатысты жүргізілген бүкіл түзеу процесін алғыспен қабылдайтындай жағдайға қол жеткізу керек [127, 4 б.].

Авторлардың қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын қамаққа алу сияқты жазаны анықтау, тағайындау және орындау бөлігінде жетілдіру

бойынша мазмұндалған қорытындылары мен ұсыныстары көрсетілген тақырып бойынша қазақстандық ғылым шеңберінде де, одан тыс жерлерде де ғылыми еңбектердің басқа да авторларымен пайдаланыла алады.

2.2 Қазақстан Республикасында қамаққа алуға сотталғандарға қатысты жаза мақсаттарын іске асыру және оларға қол жеткізу құралдары

Олардың бірі жазаны түзетушілік ықпалмен біріктіру қағидаты. Қамаққа алу бұл түзетушілік ықпалмен байланысты қылмыстық жаза. Заң әдебиеттерінде сотталғандарға түзетушілік ықпал ету деп өзара әрекеттесетін түзеу құралдарының кешенінен тұратын ерекше тәрбиелеу процесін түсінеміз. Өзара әрекеттесетін түзеу құралдарының жиынтығын ҚР ҚАК-тың 7-бабында көзделген түзеу құралдары да, сондай-ақ қылмыстық-атқару құқығы теориясында бөлінген өзге де құралдар, мысалы, көтермелеу және жазалау шаралары құрайды. Түзетушілік ықпал ету үшін, әдеттегі тәрбиге қарағанда, белгілі бір әсер ету объекті — қылмыс жасаған және ол үшін сотталған адам тән [11].

Заң әдебиеттерінде бірқатар авторлар, әдетте, «сотталғандарға түзетушілік ықпал етуді қолдану үшін негіз заңды күшіне енген соттың үкімі ғана қызмет етеді (ҚР ҚАК-тың 6-баб.) деп атап көрсетеді. Алайда, көрсетілген бапты талдау заң шығарушы сотталушыға түзетушілік ықпал етуді қолдану негізін реттемейді деп бекітеді. Сонымен, 6-бапта «заңды күшіне енген соттың үкімі немесе қаулысы, рақымшылық жасау және оны қолдану туралы акт, кешірім жасау туралы акт жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын орындауға негіздеме болып табылады» делінген.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 81-VII ҚРЗаңына сәйкес, Қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан:

1) қылмыстық теріс қылықтар және (немесе) онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар;

2) залал келтіруге әкеп соқпаған не оны толық өтеген немесе ол бойынша азаматтық талап қойылмаған ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдар;

3) залалдың немесе азаматтық талап қоюдың бар-жоғына қарамастан, ауырлығы орташа қылмыстар жасаған әлеуметтік жағынан осал адамдар босатылады [128].

2. Негізгі жазадан теріс мінез-құлық дәрежесі жоқ, осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жазасын өтеуіне бір жылдан аспайтын уақыт қалған, ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін сотталғандар босатылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, іс жүргізудегі қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер қылмыстық процесті жүргізетін органның адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, тоқтатуына жатады.

4. Жасағаны үшін қосымша жазаны міндетті түрде тағайындау көзделетін, соттардың іс жүргізуіндегі қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша осы баптың 1-тармағында аталған адамдарды сот негізгі жазадан босатады делінген [128].

Мысал ретінде, 15.11.2016 жылы есірткі сатып алушы рөлінде шыққан азамат Б.Т. Тұрсынов Надыровтың есірткі заттарын тұтынатынын біліп, соңғыға есірткі заттарын сатып алу туралы жүгінген, өз кезегінде Надыров өзінің танысы Р.В. Ли-Зын гашиш есірткі заттарын өткізумен айналысатынын біле тұра, есірткі заттарын сатып алуда Тұрсыновтың мүддесінде көмектесуші ретінде әрекет етуді шешкен. Осы мақсатпен Р.А. Надыров алдын ала Р.В. Ли-Зынға қоңырау шалып, Т. Тұрсыновпен бірге Р.В. Ли-Зын тұратын ауданға соңғының автомашинасымен шыққан. Шамамен сағат 17:00-де Р.А. Надыров пен Б.Т. Тұрсынов Алматы қаласының Тюменская көшесіне келген, онда оларды Р.В. Ли -Зын күтіп тұрған, Р.А. Надыров Б.Т. Тұрсыновтан автомашина салонында 6 000 (алты мың) теңге сомасындағы ақшалай қаражатты алып, оларды күтіп тұрған Ли-Зынға тиесілі маркасы «Лада приора» автомашинасына бет алған, ал Б.Т. Тұрсынов автомашинада қалған. Р.В. Ли-Зын Р.А. Надыровтан 6 000 (алты мың) теңге сомасында ақша қаражатын алып, соңғысы арқылы заңсыз сақталып тұрған, екі полиэтилен түйіншегіндегі ірі мөлшерде «гашиш» есірткі затын, сатып алушы рөлінде шығып тұрған Б.Т. Тұрсыновқа заңсыз өткізген. Сағат 18:40-та Б.Т. Тұрсынов Р.А. Надыровты қалдырып, Мустафин көшесі мен әл-Фараби проспектінің қиылысында орналасқан «Мирас» мектебінің автотұрағында оны күтіп тұрған полиция қызметкерлеріне қарай бет алған және екі куәгердің қатысуымен, өз еркімен полиция қызметкерлеріне, Р.А. Надыров арқылы Р.В. Ли-Зыннан алынған, екі полиэтилен түйіншегіндегі ірі мөлшерде «гашиш» есірткі затын берген [129].

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасы сарапшысының 2016 жылғы 16 қарашадағы №1013 қорытындысына сәйкес, Б.Т. Тұрсынов өз еркімен берген заттар жалпы салмағы 18,19 грамм ірі мөлшердегі гашиш есірткі заты болып табылады [129].

Сот сотталушы Р.А. Надыровтың Б.Т. Тұрсыновтың мүддесінде есірткі затын сатып алуға ықпал етудегі кінәсі, сотталушы Р.В. Ли-Зынның гашиш есірткі заттарын ірі мөлшерде Р.В. Надыров арқылы сатып алушы Б.Т. Тұрсыновқа өткізудегі кінәсі, сондай-ақ гашиш есірткі заттарын және синтетикалық каннабиоидты (5-афторпентил)-1Н-индол-3-ил» (нафтален-1-ил) метанон (синонимдер: АМ-2201, JWH-018-F) - JWH-018 психотроптық заттың құрылымдық тектесі салмағы 0,14 грамм болатын, өткізу мақсатында заңсыз сақтауы жауап алынған куәлардың айғақтарымен, істің зерттелген материалдарымен толығымен расталады деп санайды [129].

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 387-390, 392, 395-398, 403-баптарымен басшылыққа ала

отырып, Алматы қаласының қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соты үкім етті: Руслан Ахмеджанович Надыров Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 296-бабының 3-бөлігі бойынша кінәлі деп танылсын және 50 (елу) тәулікке қамаққа түріндегі жаза тағайындалсын.

2016 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығымен байланысты рақымшылық жасау туралы Заңның 2-бабының 1-бөлігін қолдана отырып, тағайындалған жазадан босатылсын.

Сотталушы Р.А. Надыровқа қатысты бұлтартпау шарасы үкімнің заңды күшіне енгенге дейін ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхатқа өзгертілсін және сот залындағы күзетпен ұстаудан босатылсын [129].

Жоғарыда көрсетілген, Алматы қаласының мамандырылған қылмыстық істер бойынша ауданаралық сотының үкімін тағайындаудың бірден-бір негізі болып табылатын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 27-VI ҚРЗаңы қамаққа алу жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау негіздерінің бірі болып табылады деп айта кету керек [130].

«Жазаларды орындау және қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шараларды қолдану» түсінігін «сотталғандарға түзетушілік ықпал етуді қолдану» түсінігінен ажырату керек. Бірқатар іргелі еңбектерде түзетушілік (еңбекпен түзеу) ықпал етуді қолдану мен жазаны қолдану арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар айтарлықтай егжей-тегжейлі зерттеліп жатыр. Жазаны орындау мен сотталғанға түзетушілік ықпал етуді үйлестіру бірыңғай жазалау-түзеу процесін түзеді. Қамаққа алуға сотталғандарға нақты түзетушілік ықпал етудің өзі қандай өзара әрекеттесетін түзеу құралдарының кешенін түзетінін қарастырайық. Қамаққа алуға сотталғандарды түзедудің негізгі құралдарының бірі жазаны орындау мен өтеудің белгіленген тәртібі (режим) болып табылады.

О.Г.Ананьев, Е.О.Ананьева, Н.С.Глазунов пікірлерінше, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі әлеуметтік жұмыстың негізгі мақсаттары: сотталғандар мен сыртқы әлемнің арасында әлеуметтік-пайдалы қатынасты дамыту және бекіту; қылмысты өтеу немесе алдын ала сотталған жері бойынша сотталғанның әлеуметтік мәртебесін дамыту және жоғарылату, басқа адамдармен әлеуметтік-позитивті байланысты орнатуға көмек, әлеуметтік мәртебесін өзгертуге көмек; бір жағынан, қылмыстық жазаны атқаруға немесе алдын ала ұстау мақсаттарына сәйкес келетін, ал екінші жағынан, жазаланушыға әлеуметтік, этикалық, физиологиялық және психологиялық азаптарға әкеліп соғатын көлденең және тік қарым-қатынастарды қалыптастыруға көмек; алдын ала қамау және жазаны өтеудің әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз етуге көмектесу; сотталғанның әлеуметтік мәдениетін жоғарылатуды, әлеуметтік қажеттілігін

дамытуды, нормативті-құндылықты бағыттарын өзгертуді, әлеуметтік өзіндік бақылау деңгейін жоғарылатуды қоса алғанда, қамалғанның әлеуметтік дамуына көмек; сотталғандарға психология, психиатрия және т.б. салалардағы мамандардан көмек алуға көмектесу; көмекке мұқтаж сотталған категориясын (зейнеткерлер, мүгедектер және т.б.) әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету; қамалғандарға өздеріне тиімді әлеуметтік ортаны, әлеуметтік қызығушылықтарды (жұмыс, отбасы, дін, өнер) іздестіруге көмек; жанжалдық жағдайларды шешуге көмек; мекеменің дамуын болжау және әлеуметтік даму; персоналды әлеуметтік-құқықтық қорғауға көмектесу [131, 220 б.].

Бұл пікірмен отандық педагогика ғылымдарының кандидаты Н.А. Тулкинбаевада келіседі, оның ойынша пенитенциарлық қызметкерлердің әлеуметтік жұмыс функцияларын және мүмкіндіктерін түсіну, әлеуметтік жұмысты жазаланушыға тәрбиелік немесе жеделдік немесе режимдік әсер етумен ауыстыруға болмайтын қызметтің түрі ретінде олардың қабылдауы керек деп есептейді [132, 63 б.]

«Түзеу» термині мағынасы жағынан ол тиісті мемлекеттік органдар мен мекемелер сотталғанда, оны түзеуге ықпал ететін тұрақты жағымды мотивациялау жағдай құрылуы мен қолданып тұрылуы (материалдық және моральдық әдістер) жағдайында ғана белгілі бір жетістікке қол жеткізе алатын күрделі процесті білдіретінін атап өту керек. Яғни, барлығынан бұрын, сөз оң педагогикалық әсер туралы болып отыр [132, 63 б.] . Оның арасында:

1) «түзеу» термині аяқталған әрекетті болжайды, яғни кінәлі адам соңына дейін толық түзелуі тиіс. Және бұл түзеудің өлшемшарттары қандай болуы керек? Түзелмеген (жазалаулары бар) адамдармен қалай болу керек, бірақ оларда жазаны орындау мерзімі аяқталып жатыр не болмаса керісінше сотталған өзінің үлгілі мінез-құлқымен және қоғамдық өмірде белсенді қатысуымен өзінің «түзелгенін» дәлелдейді, ал оған қатысты тағайындалған жазаның мерзімі мен мөлшеріне сәйкес үкім әлі қайта қарастырыла алмайды. Немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына кесілген адамдарға қатысты бұл мақсат қалай іске асырыла алады[132, 63 б.];

2) түзелу «сотталғанның ішкі, моральдық «қайта туылуын», оның санасының өзгеруінің әлдебір аяқталған психологиялық процесін болжайды, нақ соның нәтижесінде ол өзінің кінәсін, онымен жасалған теріс қылықтардың жағымсыздығын және мұндайды ары қарай жасаудың мүмкін еместігін түсінуге келеді [132, 63 б.]

ҚАК-тың 1-бабының 29)-тармағына сәйкес түзеу - бұл сотталғанда құқыққа бағынушылық мінез-құлықтың, жеке басқа, қоғамға, еңбекке, адамзаттың ортақ өмір сүруінің нормалары мен дәстүрлеріне оң қараудың қалыптасуы [11].

Егер «құқыққа бағынатын мінез-құлықты қалыптастыру» кезінде «моральдық түзеудің» жоқтығы туралы, айталық, сотталған жазадан қорқып, құқыққа бағынады деп айтуға болса, онда «оң қарауды қалыптастыру» әйтсе де,

оны көптеген авторлар атап өткендей, моральдық түзелуді болжайды, әсіресе қазір бар бас бостандығынан айыру орындары аясында іс жүзінде қол жетімді емес [11];

Н.А. Тулкинбаева пікірінше, «Сотталғанды түзеу» мақсатын қарастыра отырып, бұл мақсат, оның күмәнсіз маңыздылығына қарамастан, біздің көзқарасымызша, әбден қысқа екенін атап өту керек. Жоғарыда баяндалған, біз пайымдап отырғандай, «тар» семантикалық мағынада сотталушының қалыпты әлеуметтік байланыстарға интеграциясын «борттың ар жағында қалдырады». Осыған байланысты біз осы сөздің мағыналық мәнінен бастау ала отырып, «түзеу» терминін «ресоциализациялау» терминіне алмастырған мақсатқа сай деп санаймыз [132, 62 б.].

Ресоциализация (лат. re (қайталанатын, жаңартылатын әрекет) және лат. socialis (қоғамдық), ағылш. resocializatio) – бұл ресоциализациялану. Криминологияда «ресоциализациялану» - бұл бұрынғы қылмыскерді қоғамда бар құндылықтар туралы идеялар жүйесіне қайта үйрету процесі [132, 62 б.].

Осыдан бастау ала отырып, сотталғанды ресоциализациялауды терістерін бұзуға және онымен жағымды әлеуметтік құндылықтар мен мінез-құлық үлгілерін игеруге, оны оң әлеуметтік байланыстарға сәтті қосуға да бағытталған сотталғанға ықпал етудің шаралар кешенін (құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, еңбектік, білім берушілік және өзге де) пайдалана отырып жүзеге асырылатын қайта әлеуметтендіру ретінде қарастыруға болады [132, 64 б.].

«Түзеу» мақсатын «ресоциализациялау» мақсатына алмастыру туралы ұсыныстың өзіндік тарихы бар, оның қарсыластары мен жақтаушылары бар, соның ішінде отандық ғалымдардың арасында да бар.

Біз болсақ «түзеу» мақсатын «ресоциализациялау» мақсатына алмастыруды мақсатқа сай санайтын авторлардың пікірін қолдай отырып, келесі ойлардан бастау аламыз:

1) «ресоциализациялау» түсінігінің семантикалық мазмұны «түзеу» түсінігінен кеңірек, оны көптеген зерттеушілер атап айтады. Себебі, «ресоциализациялау» бұл екі жақты және күрделі құбылыс, ол сотталушының санасына жағымды түзетушілік ықпалды көрсетуді ғана емес, оның қоғаммен араласуын бірқалыпты етуді де (еркін қоғамға жағымды интеграцияны) меңзейді [132, 64 б.].

Яғни, «ресоциализациялау», біздің көзқарасымызша, сотталушының санасын өзгертумен ғана шектелмейді, бірақ маңызы аз емесі оң әлеуметтік байланыстарға қосылуға көмектеседі. Өйткені, біздің пайымдауымызша, сотталушы тұлғасының түбегейлі оң құлықтылық қайта бағдарлануына қарай жаңа қылмыс жасаудан бас тартқан кезде, тіпті шын жүректен «түзелуі», еркін қоғамның шындығына бейімделе алатын тұлғаның қоғамға оралуын әлі кепілдендірмейді. Мұның арасында, мемлекет адамды қылмыс жасағаны үшін жазалай отырып, қылмыстық жазаны және жазаны орындау жүйесін қоғамға

заңға бағынушы ғана емес, оның белсенді пайдалы мүшесін де оралтуға мақсат етіп қоюы тиіс. Олай болмаған жағдайда, жазасын өтеуіне қарай және заңды бұзғысы келмейтін, бірақ оң бейімделе алмаған, басқаша айтқанда, ең кем өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын сотталған, сайып келгенде, жаңадан заңды аттап кету қажеттілігіне тап болады [132, 64 б.];

2) «ресоциализациялау» өзіне сотталушыны шын «түзеуді» де, ол кезде сотталушының моральдық «түзелуі» туралы айтуға тура келмейтін, сотталушының ақиқаттылық себептерінен тәуелсіз жай ғана жаңа қылмыстар жасаудан бас тартуы жеткілікті, әрі қоғамда «бейбіт» өмір сүруге дайын, әрі тырысатын, заңдық «түзеу» деп аталатынды да қосады деп пайымдаймыз. Біздің көзқарасымызша, бұл сәт өте маңызды, өйткені сотталушының санасының ішінде болып жатқан процестердің маңыздылығына қарамастан, соңында, «түзеу» дәрежесін және сотталушының әлеуметтік байланыстарға оң интеграциялануын айқындайтын барометр, оның қылықтары болып шығады [132, 65 б.];

3) қосымша аргумент ретінде «ресоциализациялау» түсінігі «түзеу» түсінігіне қарағанда өзінің мағыналық мәні бойынша мейлінше қысқа бола отырып, біздің көзқарасымызша, «түзеудің» барлық негізгі құралдарын, сондай-ақ ҚР ҚАК-тың 3-бабында белгіленген атқарушылық заңнаманың міндеттерін қамтитынын атап өтуге болады, олардың арасында: «әлеуметтік бейімделуде көмек көрсету» міндеті де бар [132, 65 б.].

Нақ, шынайы себептерден тәуелсіз, жаңа қылмыстарды жасаудан бас тартып отырған адамның қоғамға оралуы және плюс оған оның қоғамға қоғамдық пайдалы қосылуы, осы, біз пайымдап отырғандай, жаза мен атқарушы заңнаманың мақсаты ретінде айқындалуы керек те. Бұл сондай-ақ, жазаны өтеуіне қарай құқық бұзушы заңға бағынуға және өзінің тіршілік етуін қамтамасыз етуге дайын және қабілетті болуы керек екенін көрсететін, халықаралық қоғамдастықтың талаптарымен де келісіледі [132, 65 б.].

Режим де қамаққа алуға сотталғанның құқықтары мен бостандықтарынан айырудың немесе шектеудің бүкіл кешенінен білінеді. Режим – қамаққа алуға сотталғанды түзеудің барлық басқа құралдарын іске асырудың тәртібі мен шарттарын айқындайтын негіз қалаушы құрал. Қылмыстық атқару құқығының теориясында кең мағынада режим деп «жазаны орындау заңмен артылған мекемелер мен органдардың әкімдіктерінің қызметін реттейтін, оның іске асырылуын қамтамасыз ететін материалдық және процедуралық нормалардың бүкіл жиынтығын, сондай-ақ сотталғандармен қылмыстық жазаны өтеу жағдайлары мен қағидаларының жиынтығын» түсінеді.

Пробация туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI ҚРЗаңына сәйкес, пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-

құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі болып табылады [133].

Пробацияның мақсаты:

1) күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеу;

2) сотталған адамды әлеуметке қосу;

3) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесінен босатылған адамды әлеуметтік бейімдеу және оналту арқылы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады [133].

Режимде қамаққа алуға алынған сотталғанның құқықтары мен бостандықтарынан айырудың немесе шектеудің бүкіл кешенін білдіріледі. Қамаққа алуға сотталғанды түзетудің барлық басқа құралдардың іске асырудың реті мен шарттарын айқындайтын негіз қалаушы нәрсе. Қылмыстық атқару құқының теориясында кең мағынада режим деп «жазаны орындау заңмен артылған мекемелер мен органдар әкімшілігінің қызметін регламенттейтін, оның іске асырылуын қамтамасыз ететін материалдық және процедуралық нормалардың бүкіл жиынтығын, және де сотталғандармен қылмыстық жазаны өтеу жағдайлары мен ережелерінің жиынтығын» түсінеді.

А.Н. Мұрат сөзінше, қауіпсіздігі аралас мекемелердің (тергеу изоляторының) қалыптасу тарихы атты мақаласында, сотталғандар жазалар мен басқа да қылмыстық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын реттеу, сотталғандарды түзеу құралдарын реттеу, олардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, сотталғандарға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету және т.б. міндеттері болып табылады атап өтті [134, 90 б.].

Тәрбие жұмысынан, сондай-ақ өзге де түзеу құралдарынан айырмашылығы, режим жазаны іске асыру арқылы түзейді. Режимнен айырмашылығында, тәрбие жұмысы және қоғамдық ықпал ету шаралары сияқты түзеу құралдарының өздерінде жазалау элементтері болмайды, керісінші жағдайда олармен жазалауға болар еді, ал бұл мүмкін емес.

С.И. Курганов пікірінше, «режимде жазалаудың мәні арттырылғанды орын алған, сондықтан оның элементтері мен оларды іске асыру тәртібі мейлінше толық ҚАК-тың нормаларымен реттелмеген» деп атап өтеді [135, 78 б].

Түзетушілік ықпал ету шаралары (құралдары) деп аталатын түзеудің басқа құралдары жазаның мазмұнына кірмейді және жаза элементтерін құрамдамайды (сотталушыны қандай да бір игіліктерден айырмайды)». Алайда, толықтай бұл пікірмен келісуге болмайды [135, 78 б].

Сонымен, жекелеп алғанда, С.И. Кургановтың пайымдауының мағынасынан қоғамдық-пайдалы еңбек жазаның мазмұнына кіре алмайтыны және жаза элементтерін мазмұндамайтыны туралы қорытынды шығады. Қылмыстық жазаларды орындау және өтеу кезінде қоғамдық пайдалы еңбек екі жақты сипат тасиды, яғни педагогикалық және құқықтық санат ретінде шығады. Бір жағынан, қоғамдық пайдалы еңбек педагогикалық санат ретінде түзеу

құралы (тәрбиелеу және оқыту) болып табылады және еңбектің түзеу қасиеттері ешкімде күмән тудырмайды. Бірақ басқа жағынан, қоғамдық пайдалы еңбек құқықтық санат ретінде жазаның элементі болып шығады. Бұл ретте, заң әдебиетінде сотталғандардың еңбегіндегі жаза туралы сауал бойынша бірыңғай пікір жоқ екенін атап өту керек [135, 78 б.].

Сотталғандарды түзеудің тиімді негізгі құралдарының бірі тәрбие жұмысы болып табылады. Сотталғандарға қараудың ең аз стандартты қағидаларының 66-бабының 1-тармағында түрмеге қамауға үкім етілген адамдармен араласу шараларына, атап айтқанда, қамалғанның жеке қажеттіліктерін, оның әлеуметтік өткен өмірін, қылмысының тарихын, оның физикалық және ақыл-ой қабілеттері мен мүмкіндіктерін, темпераментін, оны қамау мерзімінің ұзақтығын және босатылғаннан кейінгі мүмкіндіктерін ескере отырып, ол мүмкін болатын елдерде діни қызмет көрсету, оқыту, дене тәрбиесі, мінезін нығайту [136].

Ол бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидаларында, сондай-ақ заң әдебиеттерінде ашылады.

Мекемелерде сотталғандардың түзелуіне, яғни заң талаптарын сақтауға, еңбекке және өзге де қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысуға, білім және мәдени деңгейін арттыруға, оңалту бағдарламаларына қатысуға ынтасын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені жүргізіледі [137].

Іс-шаралар кешенін жүргізу үшін тәрбиелеудің мынадай түрлері пайдаланылады:

1) адамгершілік тәрбиесі сотталғандарда моральдық-этикалық түсінікті қалыптастыруға, әрбір сотталған адамның қоғамда өз тәртібін күнделікті сыртқы бақылаусыз реттеу қабілеттігін қалыптастыруға бағытталған [137];

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбиесі мемлекет пен азамат арасындағы өзара қарым-қатынас, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың құқықтары мен міндеттері туралы білулері, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуі, жасаған қылмысының қоғамдық қауіптілігінің мәні туралы түсінік алуына бағытталған [137];

3) эстетикалық тәрбие сотталғандардың эстетикалық талғамының және қоршаған ортаға адал қатынасының қалыптасуына ықпал ететін табиғат, өнер, әдебиет, сурет сұлулығының түсінігін дамытуға бағытталған [137];

4) еңбек тәрбиесі сотталғанның еңбек ету қабілетін дамытуға, оған босатылғаннан кейін жұмысқа орналасу үшін қажетті мамандық алуына мақсатталған [137];

5) дене тәрбиесі бас бостандығынан айыру орындарында сотталғанның дене саулығын бірқалыпты ұстауға және бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған [137];

6) психологиялық тәрбиесі жазасын өтеп жатқан адамның психологиялық іс-әрекетінің заңдылығын зерттеуге, оның қылмыстық көзқарасын бұзу,

сотталғанның жеке басын, оған түзелу процесінде ықпал ететін негізгі факторды зерттеуге бағытталған [137].

Қамаққа алуға сотталғандарға, мысалы, бас бостандығын шектеуге сотталғандарға қарағанда, заң шығарушы тәрбие жұмысы сияқты түзеу құралын қолдану қажеттігін қарастырмайды, алайда оны қолдануға тыйым да салмайды. Осы мән-жайды ескере отырып, «персонал, жазаның осы түрінің ерекшелігін, сотталғандардың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, сотталғандармен жекелеген тәрбиелік іс-шаралар өткізуге құқылы» деп болжайды.

А.И. Зубков ойынша, қамаққа алуға сотталғандармен дара тәрбие жұмысының дәптеріне нұсқайды, оған ауызша түрде жарияланған алғыс міндетті түрде енгізілуі тиіс [138, 71 б.].

Қамаққа алуға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу мүмкіндігі ҚР ҚАК-тың 5-бабында бекітілген бірқатар қағидаттардың, мысалы, сотталғанның құқыққа бағынушылық мінез-құлқын көтермелеу және жазаны түзетушілік ықпалмен қосу сияқты талаптарына сәйкес келетінін атап өту керек. Осыған байланысты қамаққа алуға сотталғандармен міндетті түрде тәрбие жұмысын жүргізуді қарастыру мақсатқа сай болып көрінеді [11].

Мысалы, кейбір елдердің қылмыстық-атқару заңнамасында қамаққа алу үйі әкімшілігінің сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу мүмкіндігінің реттелетінін атап өтейік.

В.В. Яковлевтің пікірінше қамаққа алудың ерекшеліктерінен бастау ала отырып және тәрбие жұмысы оларды қолданудың алуан түрлі құралдары мен әдістерінің кең жиынтығын қосатын іс-шаралардың тұтас кешенін жүргізуді қамтитынын ескере отырып, қамаққа алуға сотталғандар үшін мейлінше мақсатқа сай болып жұмыстың жеке-дара және топтық әдістері табылады [49, 120 б.].

Алайда, біздің көзқарасымызша, қамаққа алуға сотталғандардың тәрбие жұмысын жаппай нысандарда ұйымдастыру мүмкіндігін теріске шығару керек емес. Тәрбие жұмысының көрсетілген нысаны, мысалы, жергілікті радиобайланысты пайдалана отырып қолданыла алады. Бұл әкімшілік өкілдерінің, психологтардың, педагогтардың сондай-ақ қамаққа алуға сотталғандардың профилактикалық мазмұнды монологтары болуы мүмкін, одан басқа, сондай-ақ сотталғандардың құқықтарын сақтаудың өзекті проблемалары және қамаққа алынғандардың құқықтық жағдайына, жазасын өтеуден босатуға, әдеби туындыларды оқуға және т.б., байланысты өзге де мәселелер бойынша сотталғандардың қамаққа алу үйінің әкімшілік өкілдерімен диалогтарын трансляциялауға болады.

Қамаққа алуға сотталғандармен тәрбие жұмысы психологиялық-педагогикалық әдістердің негізінде ұйымдастырылуы тиіс. Осыған байланысты әрі қарай қамаққа алу үйінде психологиялық қызметті ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Қазіргі кезде бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие

жұмыстарын жүргізуде маңызды рөл түзеу мекемелерінде құрылып жатқан психологиялық зертханаларға бөлініп жатқанын түртіп өту керек [15].

Қамаққа алуға сотталғандарға тәрбие жұмысын қолдануға жүргізілген талдау қамаққа алуға сотталғандарға тәрбие жұмысын міндетті түрде қолдануды заңнамалық реттеу қажеттігін туындатады.

Қамаққа алуға сотталғандарға қоғамдық пайдалы еңбек сияқты түзеудің негізгі құралы бір бөлігінде ғана қолданылады [14].

Сотталғандардың еңбегінің міндеттілігі адамның құқықтары және сотталғандарға қарау туралы халықаралық актілерде бекітіледі. Сотталғандардың еңбегінің міндеттілігі 1955 жылғы 30 тамыздағы Сотталғандарға қараудың минимальді стандартты қағидаларының 71-бабының 2-тармағымен [136] көзделген сондай-ақ 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, 8-баптың 3-тармағында сот өкімінің негіздемесінде қамаудағы адамдар орындайтын жұмысты мәжбүрлі немесе міндетті еңбек санатына жатқызбайды [72].

ҚР ҚАК-тың қамаққа алуға сотталғандарды ақылы еңбекке тарту мүмкіндігін қарастырмайды. Көрсетілген ереже, кейбір авторлардың пікірінше, «бұл қамаққа алу үйлерінің жанында көрінеу рентабельді емес өзіндік өндірістерді тудыруды керек етер еді», өйткені «жоғары өнімді еңбекті ұйымдастыру тек тиісті кәсіптік білім мен кәсіби дайындық болған кезде ғана мүмкін, оны жазаны өтеудің ұзақ емес мерзім кезеңінде сотталғандар ала алмайды».

Әділетті түрде С.В. Познышев сөзінше, әлден 1908 жылы «еңбек сөзсіз ұзақ мерзімді және орта мерзімді қамау орындарында да, қысқа мерзімді қамауда да қажет, әйтсе де бұл соңғы жағдайда еңбекті ұйымдастыру үлкен қиындықтарды білдіреді және қамтулардың алуантүрлілігін керек етеді. Алайда, қысқа мерзімді қамаққа алуға ұшырағандардың апталар мен айлар бойы толық той-думанда болуына жол беруге болмайды. Олар үшін машиналарды да, алдын-ала техникалық дайындықты да керек етпейтін, қағаз қаптарды немесе қорапшаларды жабыстыру, себеттер тоқу, жазбаша қамтулар және т.б. алуантүрлі қамтулардың тұтас бір қатарына жол беріле алады. Бір сөзбен айтқанда, әрбір қысқа мерзімді арестант өзіне қандай-да бір қамтуды (занятие) таңдауға міндетті және той-думанда болмауы тиіс» [139, 75 б].

Қамаққа алуға сотталғандардың жұмыспен қамтамасыз етілмеуін олардың қылмыстық мінез-құлқына ықпал ететін мән-жайлардың бірі ретінде қарастыру керек. Одан басқа, қамаққа алуға сотталған азаматтық адамдардың ақы төленетін еңбекке тартылу мүмкін еместігі оларды еңбекті төлеудің минимальді мөлшерінің 20 процентінен аспайтын сомаға тамақтану азықтары мен бірінші кезекте қажетті бұйымдарды сатып алу мүмкіндігінен айырады. Үміт тек сотталушының жеке шотына белгілі бір соманы аудару алатын туыстары мен таныстарына қалады. Ондайлардың болмауы немесе олардың қаржылық

дәрменсіздігі, сондай-ақ әлдебіреуден қайырымдылық көмегі болмаған жағдайда сотталған заңда көзделген құқықты пайдалануға ешқандай мүмкіндікке ие емес.

Шындығында, қамаққа алуды өтеудің қысқа мерзімі ішінде сотталған кәсіби тәлімдерін жоғалтпауы мүмкін, осыған байланысты жоғары өнімділікті өндірісті ұйымдастыру міндетті емес, қамаққа алуға сотталғандармен элементарлы түрлерді орындау мүмкіндігін ұйымдастыру жеткілікті, оларды орындаудың нәтижесінде сотталған ай сайын еңбекті төлеудің минимальді мөлшерінің 20%-нен кем емесін табу мүмкіндігіне ие болады.

Сондай-ақ, бірқатар шет елдерде қамаққа алуды өтеп жатқан сотталғандар ақылы еңбекке тартыла алатынын атап өту керек.

Көптеген ғалымдар қамаққа алу үйіне шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарға сотталғандар әдетте кезектілік тәртібімен тартылады, сотталғандар бас бостандығынан айыруға сотталғандар сияқты күзет құрылғыларын мен дәл сол үй-жайларға қызмет көрсетуге жіберілмейді деп болжайды. Көрсетілген ережелер ҚР ҚАК-тың 15-тарауында реттелмейді. Осы айтылғандар үшін негіздеме сірә ҚР ҚАК-тың 85-бабының 2-бөлігінің ережесі болуы керек, оған сәйкес қамаққа алуға сотталғандар бас бостандығынан айыруға сотталғандар үшін белгіленген нормалар бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі [11].

Алайда, көрсетілген ереже заңда бірқатар ережелерді алуан түрлі түсіндіруге кедергі болып табылмайды.

Сонымен, мысалы қылмыстық-атқару құқығының теориясында қамаққа алуға сотталғандардың еңбек ету уақытын ұлғайту мүмкіндігі бірімәнді емес қарастырылады.

Бірқатар авторлар қамаққа алуға сотталғандардың қалауы бойынша еңбекті төлемейтін жұмыстың ұзақтығын арттыруға, бірақ аптасына екі сағаттан аспайтынға ұлғайтуға болады деп санайды.

Біздің көзқарасымызша, сотталушыны қамаққа алу үйіне шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды өз қалауынша орындау мүмкіндігінен айыруға болмайды, өйткені нақ ерікті еңбек, сотталғанға түзетушілік ықпалының мейлінше дәрежесіне ие. Бұл жағдайда міндетті түрде сотталғанның жазасын өтеу кезеңіндегі мінез-құлқымен сотталғанның еңбекке қатынасы ескерілуге жатады.

Сондай-ақ, заң әдебиеттерінде қамаққа алуға сотталғандарды қамаққа алу үйінен тыс жерде жұмысқа тарту мүмкіндігі де әр түрлі түсініледі.

Кейбір авторлардың пікірінше, қамаққа алуға сотталғандармен атқарып жатқан жұмыстар «мекемені азықпен қамтамасыз етуге байланысты, ерекше жағдайларда сотталғандарды қамаққа алу үйінің сыртына айдауылмен шығаруды керек етеді. Мұндай жұмыстарға, әдетте, бұрын бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтемеген адамдарды тартады».

Өзге ұстаным В.В. Яковлевпен айтылған, ол «қамаққа алуға сотталғанды қамаққа алу үйінен тыс жерде жұмыстарға шығару жазаның қарастырылып отырған түрінің тиімділігін едәуір төмендетеді, өйткені қатаң оқшаулау талаптарын бұзу болып табылады» деп болжайды [49, 85 б].

Бұл сауалды бірімәнді шешпеу керек деп көрінеді.

Сөзсіз, егер сотталған қамаққа алу түріндегі мерзімінің жартысын да өтемесе, бұл қамаққа алу үйінің әкімшілігіне сотталушының жеке басын және оның жазасын өтеп жатқан жазаға деген қатынасын зерделемесе, онда оны осындай жұмыстарға тарту мақсатқа сай емес болар еді. Егер сотталған қамаққа алу мерзімінің жартысынан көбін өтеген болса және жазасын өтеу уақытында өзін оң жағынан ұсынған жағдайда, яғни оған көтермелеу шаралары қолданылса, сотталған қамаққа алу үйінің аумағында атқарылатын жұмысқа адал қатынасқа және, әрине, ол бұрын сотталғанды оқшаулаумен байланысты қылмыстық жазаларын өтемеген болса, онда біздің көзқарасымызша, бұл сотталғанды қамаққа алу үйінен тыс жерде айдауылмен жұмыс істеуге тарту әбден мүмкін.

Қамаққа алу үйлерінде сотталғандардан өзге адамдарды жұмысқа тарту мүмкіндігі де әртүрлі пайымдалады.

Бірқатар авторлар, «қамаққа алу үйлерінде, тергеу изоляторлары мен түрмелердегі сияқты, бас бостандығынан айыруға сотталған және осы мекемелерге қызмет көрсетуге жіберілген (олардың қалауы болса) адамдар қатарынан шаруашылық қызмет адамдарына ие болу болжанады; бұл адамдардың көмегінсіз қамаққа алу үйлері қалыпты қызмет ете алмайды» деп санайды.

Алайда, бұл айтылған даусыз болып табылмайды.

В.В. Яковлевтің пікірінше, сотталғандарды қамаққа алу үйлерінде шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қалдырудың мақсатқа сай емес туралы айтқанымен келісу керек, «өйткені барлық қажетті жұмыстарды, онда қамаққа алуға сотталғандардың өздерімен жүзеге асыруға болады» [49, 86 б.].

Мысалы, А.В. Поливцев ойынша, «қылмыстық-атқару заңнамасымен қарастырылған түзеудің негізгі құралдарының ішінен қамаққа алу кезінде режим, тәрбие жұмысы және қоғамдық ықпал ету ғана қалады» деп көрсетеді [140, 48 б.].

Кейбір авторлардың пікірінше, заң шығарушының сотталғандарды төленетін еңбекке тарту мүмкіндігі туралы ұстанымы мүлдем түсініксіз.

«Бір сотталғанды және тергеуге тұтқындалғанды бір күнге ұстауға арналған шығындар Қазақстан Республикасы ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің деректері бойынша тәулігіне 2,4 мың теңгені, жылына - 876 900 теңгені құрайды», деп хабарлайды «Қазинформ» порталы [141].

Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап елдегі минимальді

күнкөріс деңгейі айына 36 018 теңгені құрайды. Минимальді еңбекақы 60 000 теңге. Бұл соманы 12 айға көбейте отырып, біз минимальді еңбекақының жылдық мөлшерін аламыз, өйткені еңбекақының минимальді мөлшері күнкөріс минимумына теңестірілген. Бұл жерде де солай болып жатыр, сотталғандарға деген шығындармен салыстырғанда көбірек төлемді зейнеткерлерге қарағанда сотталғандар алады [142].

Өкінішке орай, бас бостандығынан айыру орындарының жеткілікті қаржыландырылмауы айтылады, онда жыл сайын криминогенділік жоғарылап жатыр, қамалғандарды орналастырудағы қиындық, сотталғандардың арасындағы аурулар және түзеу мекемелеріндегі жұмыспен қамту ушыға түсуде.

Күмәнсіз, бас бостандығынан айыру орындарында рецидивті қылмыстың алдын алу жоспарында басты мәнге шетелдік тәжірибені зерделеу ие. Сонымен, мысалы, көптеген елдер соңғы уақытта ғылыми зерттеулер жүргізуде. Зерттеулердің нәтижелері түрмелік қамаудың кемшіліктерін анықтады. Сотталғандардың болашақ жұмыспен қамтылу перспективаларын және әлеуметтік бейімделуін зерттеу түрмелік қамаудың негативті салдарларын растады.

Осылайша, қамаққа алуға сотталғандарға қоғамдық пайдалы еңбек сияқты түзеу құралын қолдануға жүргізілген талдау қамаққа алуға сотталғандармен элементарлы жұмыс түрлерін орындау мүмкіндігін беру қажеттігі туралы айтқызады, оларды орындаудың нәтижесінде сотталған ай сайын еңбекті төлеудің минимальді мөлшерінің 20%-нен кем емесін табу мүмкіндігіне ие болады. Одан басқа, қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарын бірімәнді емес түсіну және қылмыстық-атқару құқығының теориясындағы қамаққа алуға сотталғандардың тәртібі мен кейбір еңбек жағдайларына қатысты ережелерді әртүрлі түсіндіру көрсетілген сотталғандардың еңбегін мейлінше егжей-тегжейлі заңнамалық реттеу қажеттігін растайды [136].

Сонымен, Сотталғандарға қараудың стандарттық минимальді қағидаларының 77-бабында пайда ала алуға қабілетті қамалғандарға, ондай жол берілетін елдерде діни тәрбиені қоса алғанда, әрі қарай білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету керектігі көрсетіледі. Сауатсыздарды және жастарды оқыту міндетті деп есептелсін, түрме басқармасының органдары оған ерекше назар аударулары тиіс. Қамалғандарды оқытуды мүмкіндігіне қарай, босатылушы қамалғандарды әрі қарай да қиындықсыз оқи алатындай, елдегі әрекет етіп тұрған білім беру жүйесімен байланыстыру керек [136].

Қазіргі кезде жалпы білім алуды және сотталғандарды кәсіптік даярлауды ұйымдастыру кезінде қашықтықтан оқыту әдісін пайдалану әбден мүмкін болып көрінеді, бұл, әрине, сотталғандарды қатаң оқшаулау жағдайларын бір бөлігінде сақтатқызады [136].

Осылайша, біздің көзқарасымызша, қамаққа алуға сотталғандарға

қашықтықтан оқыту арқылы жалпы білім алуға және кәсіби дайындыққа мүмкіндік беру мақсатқа сай болып көрінеді.

Сотталғандар қатаң оқшаулау жағдайларында болып отырғанын ескере отырып, қоғамдық әсер ету сияқты түзеу құралын қолдану айтарлықтай шектеулі [136].

Сонымен бірге, қоғамдық әсер ету сотталғанның түзелуіне ықпал ететін маңыздылау нәрселердің бірі болып табылады. Жазасын өтеп жатқан адамдарға қоғамдық әсер етудің тиімділігі көбінесе қоғамның осы жұмыста қатысуының әртүрлі нысандарын шебер үйлесуіне байланысты.

Сотталғандарға қоғамдық әсер етуге ерекше назар халықаралық-құқықтық актілерде бөлінеді.

Сотталғандарға қараудың стандарттық минимальді қағидаларының 61-бабы «қамалғандарға қарауда оларды қоғамнан алып тастау емес, ал, олардың оның мүшелері болып қала беретінін, сондықтан қоғамдық ұйымдарды қамалғандарды қоғамдағы өмірге қайтару мақсатында бұл мүмкін болатын барлық жерлерде орындардың персоналымен ынтымақтастыққа тарту керек түртіп кету керек. Әрбір орын жанында қамалғанның өзінің жанұясымен және оған пайда келтіре алатын әлеуметтік ұйымдармен қалаулы араласуын қолдап тұруға және нығайтуға қамқорлық жасайтын әлеуметтік жұмыскерлері болу керек» деп айтады [136].

Одан басқа, Стандарттық минимальді қағидалардың 18.1-тармағында «Мемлекеттік мекемелерді, жеке секторды және қоғамды түрмелік қамаққа алумен байланысты емес шараларды қолдануға ықпал ететін ерікті ұйымдарға қолдау көрсетуге көтермелеу керек» деп көрсетіледі [136].

Қамаққа алуға сотталғандарға қоғамдық әсер ету сотталғандарды түзеуде діни қызметшілердің қатысуын да білдіріле алады [136].

ҚАК-тың 13-бабының 4-бөлігіне сәйкес қамаққа алуға сотталғандарға олардың өтініші бойынша, сотталғандардың таңдауы бойынша, белгіленген тәртіпте тіркелген діни бірлестіктерге тиесілі діни қызметшілер шақырылады. Сотталғандарға діни жоралғыларды жасауға, ғибадат бұйымдары мен діни әдебиетті пайдалануға рұқсат етіледі. Осы мақсатта қамаққа алу үйінің әкімшілігі тиісті үй-жайды бөледі [11].

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда сотталғандарды ұстау тәртібі қағидаларын бекіту Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 367 бұйрығына сәйкес, гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер жұмыстарды орындау мен сейілдеулер уақытын қоспағанда, құлыпқа жабылатын ортақ камераларда қатаң оқшаулау жағдайларында ұсталады. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді камераларға орналастыруды гауптвахта бастығы немесе қарауыл (ауысым кезекшісі) бастығы жүргізеді. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери

қызметшілер жүрген кезде айдауыл бірге жүреді [14].

Басқа камералардың гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен және өзге де негіздер бойынша гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшілермен сөйлесуге, қандай да бір заттарды беруге және хат-хабар жазысуға жол берілмейді [14].

ҚР ҚАК 27-бабының 3-тармағына сәйкес гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің жазасын өтеу орнына келгені туралы гауптвахта бастығы екі жұмыс күні ішінде үкім шығарған сотқа, әскери бөлім қолбасшылығына сотталғанның қамаққа алуды өтеуді бастағаны және орны туралы хабарлама жолдайды, сондай-ақ оның жақын туыстарының біреуіне не гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің қалауы бойынша заңды өкіліне жазбаша хабарлама жолдайды [14].

А. Шилов ойынша, «әскери қызметшілерге қатысты қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны әскери-түзетушілік ықпалмен байланысты жаза деп санау керек, өйткені оның орындалуы қатаң тәртіп, тәрбие жұмысы, әскери дайындық, әскери тәрбиенің өзге де құралдары және түзеу сипатындағы іс-шаралар сияқты түзеу құралдарын қолданумен қоса жүреді» әділ атап өтеді [143, 89 б.].

Әскери даярлықты сотталған әскери қызметшілерге түзетушілік ықпалінің тиімді құралдарының біріне жатқызу керек. Оқыту жоспарлары мен программалар ҚР Қорғаныс министрлігінің, Бас штабтың тиісті басқармаларымен әзірленеді және жалпы әскери жарғыларды, жалпы және әскери заңнаманы, әскери басқару органдарының бұйрықтарын, нұсқауларын, директиваларын және басқа да заңға тәуелді актілерін сондай-ақ қоғамдық-Мемлекеттік сипаттағы актілерді зерделеу; саптық, жауынгерлік, тактикалық даярлық; жеке құрамды ақпараттандыру; ұрыс техникасы мен қару-жарақты зерделеу; мәдени-бұқаралық сондай-ақ дене шынықтыру-спорттық іс-шараларда қатысу [14].

Лауазымды адамдармен және офицерлермен тұрақты құрамның әскери даярлық бойынша қамтулардың барлық түрлерін өткізетін орындарда қажетті оқыту-материалдық базасы құрылуы керек (кітапхана, спорт қалашықтары, саптық алаңдар, кластар, жауынгерлік даярлық бойынша сабақтар үшін оқыту қару пайдаланылуы мүмкін тактикалық және көрсету далалары және т.б.) құрылуы тиіс. Әскери оқыту мен тәрбиелеудің өзге де аспектілері Қорғаныс министрлігінің нормативтік актілерімен (бұйрықтармен, директивалармен, нұсқаулықтармен) реттеледі [14].

Белгілі бір тәрбиелік мәнге қамаққа алуға сотталғандарға қолданылатын көтермелеу және жазалау шаралары ие [14].

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер гауптвахтаға шаруашылық қызметін көрсету жөніндегі жұмыстарды орындауға тартылады.

Гауптвахтаға шаруашылық қызметін көрсету жөніндегі таза ауадағы жұмыстарға тартылмаған гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге

қолайлы ауа райы кезінде серуендеуге арналған аулада тиісті дене жаттығуларын орындау үшін бір сағат уақыт беріледі [14].

Көтермелеу және жазалау шаралары Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының Тәртіптік жарғысымен (әрі қарай-Тәртіптік жарғы) белгіленген тәртіпте барлық гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге қолданылады. Әрбір гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге Тәртіптік жарғыға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік карточка басталады және әскери полиция органында тіркеледі, ол әскери қызметші босатылған кезде сотталғанның жеке ісімен бірге бұрынғы қызмет орнына жолданады [14].

Гауптвахтада ұстау кезеңінде гауптвахтадағы ішкі тәртіптемен айқындалған уақытта гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен жалпыәскери жарғылардың талаптарын зерделеу бойынша және саптық даярлық бойынша сабақтар өткізіледі [14].

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен сабақтарды гауптвахта бастығы, ал ол болмаған кезде уәкілетті лауазымды адамдар өткізеді.

Сабақтарды өткізудің жоспар-конспектін әскери полиция органының штаб бастығы бекітеді [14].

Сабақ үлгерімінің нәтижелері гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіні босату кезінде оның қызметтік мінездемесінде көрсетіледі [14].

А.А. Толкаченконың пікірінше, сотталғанның мінез-құлқы, егер ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттарының талаптарын сақтаса (жекелеп алғанда, жазалары болмаса), жақсы деп таныла алады. Сотталған қоғамда қабылданған мінез-құлықтың адамгершіліктік нормаларын ұстануға, санитария мен гигиенаның талаптарын сақтауға; қамаққа алу үйінің әкімшілігінің заңды талаптарын орындауға; персоналмен және басқа да сотталғандармен сыпайы араласуы; қамаққа алуды өтеудің тәртібі мен шарттарын анықтайтын федералдық заңдардың және олардың негізінде қабылданған нормативтік актілердің, жекелеп алғанда, Қамаққа алу үйі туралы ереженің талаптарын сақтауы тиіс. Сотталғанның өз міндеттеріне деген адал қатынасы және көрсетілген талаптарды орындауы әкімшілікке оның мінез-құлқын жақсы деп бағалатқызады және көтермелеу шараларын қолданғызады [144, 105 б.].

В.Д. Иванов жақсы мінез-құлық «сотталғандардың Ішкі тәртіп қағидаларын сақтауынан және қамаққа алу үйінің әкімшілігінің барлық заңды талаптарын орындауынан» білінеді [145, 63 б.].

Кейбір авторлар сотталушының мінез-құлқын жақсы ретінде қарастырған кезде «сөз бұл сотталушыда жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзуының жоқ болуы, онымен оған қойылатын барлық талаптарды орындауы туралы» болуы керек деп санайды.

Әскери қызметші-қылмыскерлердің жеке басының ерекшеліктерін

нақтылау үшін әскери мәртебесі мен әскери қызметті өту сипаты бойынша классификациялау керек қажет, сондықтан біз оларды келесі топтар бойынша бөлеміз:

- қатардағы құрам;
- сержант құрамы;
- старшинаны қоса алғанда, кадрлық офицер құрамы;
- контракт қызметінің әскери қызметшілері [14].

Жедел мерзімді қызметтегі қатардағы құрамның әскери қызметшісі-кылмыскердің жеке басының спецификасы әскери қызметке бейімделу проблемаларымен айқындалады. Әскери қызметтің басталу жағдайларында жас жігіттің организмі, мейлі ол жоғары әскери оқу орнының солдатты немесе курсанты болсын: психологиялық және физикалық екі факторға бейімделеді.

Психологиялық фактор өзіне, онда жаңа тұлғааралық байланыстар орнатуға, әскери ұжымда өз орнында орынықтыруға және алуға тура келетін, жаңа әлеуметтік ортаға өтудің ерекшеліктерін қосады. Бұл ретте, жас жігітті әскери қызметке дейін бағалаған қасиеттер, әскер жағдайында екінші дәрежелік мәнге ие болуы мүмкін. Және керісінше, командование тарапынан тәртіпті әлсіз қадағалау, қатыгездікке табынудың әскери атавизмдерінің үстемдігі жағдайында жас жігіттің мінезінің теріс қасиеттері оған көшбасшылыққа ұмтылуға көмектесе алады [14].

Әскери ведомство қоғамға шерулер мен БАҚ-тағы жарияланымдар арқылы жауынгерлік күш пен қорғанысқа дайындықты көрсетеді. Алайда, қоғамға негізінен Республикалық ұлан мен Аэроұтқыр әскерлері, яғни элиталық құрылымдар тартылады. Объективті түрде бұл мән-жай әскердің имиджін нығайтуы және әскерге шақырылушыларды әскери қызметтің романтикасымен, әскери атрибутиканың өзіндік сұлулығымен, әскери қызметшілердің батыл түрімен тартуға деген ұмтылысы бар. Мұндай белгілерді басқа әскерлер ұсына алмайды. ЭТФ жеткілікті техникалық жарақтанбаған: Каспийдің қазақстандық акваториясында қызмет атқаратын жиырма төрт кеме, шын мәнінде, Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметінің Маңғыстау облысында орналасқан теңіз шекара дивизиясына тиесілі, деп куәландырады Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметінің бұрынғы контр-адмиралы Қ. Әбікеев [146].

Шерулерге шығаратын теңізшілер тиісінше Құрлық әскерлерінің қайта киінген әскери қызметшілері болып табылады. Құрлық әскерлерінің өздері романтика ретінде тек қазылымдарды қазу, марш-тасталымдар және т.б. түрінде «әскери қызметтің ауыртпалығын» көрсете алады. Шекара әскерлеріндегі қызмет, жетуі қиын жерлерде оқшауланған болумен байланысты. ҚР ІІМ Ұлттық ұландарындағы қызмет пенитенциарлық жүйенің ерекшелігімен байланысты. Алайда, әскерге шақырылушылардың басым көпшілігі, егер жалпы қызмет еткісі келсе, немесе ең болмағанда, қызмет етуден жалтармаса, дәл осы

әскерлерде қызмет еткісі келеді. Бұл, қалай біртүрлі болмаса да, осы әскерлердегі тәртіптің төмен деңгейімен байланысты. Яғни, әскери қызметшілердің тілімен айтсақ, элиталық құрылымдарда «жарғы бойынша қуалайды». Ол кезде болса басқа әскерлерде әскери қызмет жарғылық емес өзара қатынастарда немесе «әлімжеттікте» тізіледі. Бұл әлден мойындалған факт [14].

Е. В. Варфоломеевтің пікірінше, көптеген қызметін өтеп болған солдаттар «бір жыл қызмет еткен, есесіне содан кейін демалған жақсы». Осындай пікірді ұстанушылар осындай құрылымдарда қызмет етуді қалайды. Дәл байқалғандай, «осындай микро орта әскери қызметшілердің жеке басының қалыптасуына, ал өз кезегінде олардың қызмет өтеушілерінің қылмыстық мінез-құлқына деген қатынасына шамадан тыс теріс ықпал етеді» [147, 11 б.].

Қамаққа алуға сотталған әскери қызметшінің «үлгілі мінез-құлқы» түсінігі заң әдебиеттерінде әр түрлі қарастырылады.

Авторлардың бірқатары сотталған әскери қызметшінің үлгілі мінез-құлқы құқыққа бағынушылық мінез-құлықта ғана емес, гауптвахта аясында өткізілетін әртүрлі текті іс-шараларда белсенді қатысу нысандарының көрінісінде де білінуі тиіс деп көрсетеді.

Кейбір авторлар «сотталған әскери қызметшілермен қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу тәртібін бұзу» түсінігін қарастырмайтынын атап өту керек. Сонымен бірге, олар сотталғанға жазалау шараларын қолданатын нақты негіздерге немесе жазалаудың осы шараларын қолдануға болатын сотталғандарға көрсетеді.

Сонымен, мысалы, кейбір авторлардың пікірінше, сотталғандардың өздеріне артылған міндеттерді орындамауы немесе әкімшіліктің оларға қойылатын заңды талаптарын сақтамауы оларға жазалау шараларын қолдануға негіз болып табылады.

Басқалары «гауптвахтада белгіленген ішкі тәртіп ережелерін орындамайтын немесе әскери тәртіпті бұзуға және жұмысқа салғырт қарауға жол беретін сотталғандарға сәгіс немесе 10 тәулікке дейінгі мерзімге жалғыз камераға аудару түріндегі жазалау салынуы мүмкін» деп атап өтеді [14].

Осылайша, жоғарыда мазмұндалғанды ескере отырып, сотталғанның жақсы немесе үлгілі мінез-құлқы деп сотталғанның ұзақ уақыт бойы қылмыстық-атқару заңнамасында белгіленген жазаны өтеу және түзетушілік ықпал етуді сынау тәртібі мен шарттарына сәйкес келетін мінез-құлқын түсіну мақсатқа сай болып көрінеді, тиісінше қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу тәртібін бұзу сотталғанмен жазаны өтеу және түзетушілік ықпал етуін сынау шарттарының тәртібін сақтамауды білдіреді.

Қамаққа алуға сотталғандарға қолданылатын көтермелеу және жазалау шараларын қарастыра отырып, олардың тізбесі едәуір аз екенін атамай өтуге болмайды.

«Марапаттау идеясы прогрессивті жүйенің түп мәніне терең енеді, ол біртіндеп қамалғанға жақсы мінез-құлық үшін жеңілдіктердің артып отырушы сомасын береді, және егер жақсы мінез-құлық солай немес өзгеше марапаттарлық болмаса, онда қамалғанда жақсы мінез-құлық деген шынайы көтермелеу болмайды» деп айтқан С.В. Познышев абсолютті дұрыс [139, 92 б.].

Қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны орындау, өтеу кезінде іс жүзінде материалдық сыйақымен байланысты көтермелеу шаралары пайдаланылмайды. Ол кезде болса онша қатаң емес жазаға (мысалы, бас бостандығын шектеу) және қатаңдау жазаға (мысалы, белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыру) сотталғанға да материалдық сыйақымен байланысты көтермелеу шаралары қолданылады.

Мысалы, сотталғандарға қараудың минимальді стандартты қағидаларының 70-бабында әрбір орында жеңілдіктер жүйесіне ие болу және оларды жақсы мінез-құлыққа көтермелеу, оларда жауаптылық сезімін дамыту, оларды қайта тәрбиелеуге және қол жеткізуге деген қызығушылықтарын санасына құю үшін қамалғандардың түрлі санаттарына қараудың әртүрлі әдістерін әзірлеу керектігі көрсетіледі [136].

Осылайша, қамаққа алуға сотталғандарға тәрбиелік ықпал етуді жетілдіру мақсатында ҚР ҚАК-та ақшалай сыйақылар және сотталғандардың күнделікті серуендеу ұзақтығын бір сағатқа ұлғайту сияқты көтермелеу шараларын қосымша енгізу, сондай-ақ күнделікті серуен ұзақтығын бір сағатқа ұлғайту түріндегі көтермелеуді бұзу сияқты жазалау шарасын қарастыру ұсынылады [136].

Қамаққа алуға сотталғандарға түзеу құралдарын қолдануды талдауды аяқтай отырып, бірқатар авторлар заң әдебиеттерінде қамаққа алу кезінде түзеу құралдарын «үнемдеуге» жағымсыз қатынас білдіретінін атап өту керек [136].

В.И. Горобцов пікірінше, қамаққа алуға сотталғандарға қатысты «қазіргі кезде сотталғандардың осы санатымен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың, оларға қатысты қоғамдық әсер етуді жүзеге асырудың, сондай-ақ қатаң оқшаулау жағдайларында режимдік талаптарды іске асырудың ғылыми негізделген әдістемелері жоқ» деп санайды [148, 108 б.].

Біз көрсетілген авторлардың ұстанымын қолдаймыз және қамаққа алуға сотталғандарға түзеу құралдарын шектеулі қолдану сотталғандарды түзеу мақсатына қол жеткізуге ықпал етпей қана қоймай, қылмыстық-атқару заңнамасының қағидаттарына, жекелеп алғанда, құқыққа бағынушылық мінез-құлықты көтермелеуге және жазаны түзетушілік ықпалымен біріктіруге сәйкес келмейді деп санаймыз. Біздің көзқарасымызша, қамаққа алуға сотталғандарға қолданылатын түзеу құралдарының санын ұлғайту керек.

Осылайша, қамаққа алуға сотталғандарға түзетушілік ықпалға және оларды түзеу құралдарына жүргізілген талдау бірқатар ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- қамаққа алуға сотталғандарға қолданылатын түзеу құралдарын қолданудың міндеттілік дәрежесіне қарай екі топқа классификациялау керек: міндетті және міндетті емес түзеу құралдары. Бірінші топқа жазаны орындау мен өтеудің белгіленген тәртібі (режим) және қоғамдық пайдалы еңбек сияқты түзеу құралдарын қосу керек. Екінші топқа тәрбие жұмысын және қоғамдық әсер етуді жатқызу керек;

- қамаққа алуға сотталғандарға түзетушілік ықпал деп өзара әрекеттесетін міндетті және міндетті емес түзеу құралдарының кешенінен тұратын ерекше тәрбие процесін түсіну керек;

- қамаққа алуға сотталған әскери қызметшілерді әскери даярлауды оларды түзеудің негізгі міндетті құралы ретінде қарастыру керек;

- сотталушының жақсы мінез-құлқы деп сотталғанның ұзақ уақыт бойы қылмыстық-атқару заңнамасында белгіленген түзетушілік ықпал етуін өтеу, жазалау және сынау тәртібі мен шарттарына сәйкес келетін мінез-құлқын түсіну мақсатқа сай болып көрінеді, тиісінше қамаққа алу түріндегі жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзу сотталғанның жазаны өтеу және түзетушілік ықпал етуді сынау тәртібі мен шарттарын сақтамауын білдіреді.

2.3 Қамаққа алуға сотталғандардың құқықтық жағдайлары

Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесі мен Қазақстан Республикасында жазаны орындайтын басқа да мемлекеттік органдар қызметінің мәселелері ерекше өзекті болып отыр, жазаларды ұйымдастыруға және орындауға көбірек көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасы құқық қолдану процесінің соңғы сатысының — қылмыс жасауға кінәлілерге қатысты жазалардың тиімді орындалуын құқықтық регламенттеуге бағытталған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сотталғандарды түзеуге, сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуға бағытталған жазалау мақсаттарын іске асырады (ҚР ҚАК 4-бабының 1-бөлігі) [11].

Көрсетілген мақсаттарға сәйкес Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасының міндеттері: 1) жазаларды және қылмыстық-құқықтық Ықпал етудің өзге де шараларын орындау мен өтеудің тәртібі мен шарттарын реттеу; 2) сотталғандарды түзеу құралдарын айқындау; 3) сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады; 4) сотталғандарға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету (ҚР ҚАК 4-б. 2-б.). Мемлекет өзіне мақсат қою арқылы аталған мақсатқа қол жеткізуді, яғни кез келген тәсілмен және құралдармен қол жеткізуді міндет етіп қоймайды. Мемлекет гуманистік идеалдар мен демократиялық құндылықтарға бейілділігін атап көрсетеді, сондықтан ҚР ҚАК 4-бабының 3-бөлігінде заң шығарушы «жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын орындаудың дене

азабын тарту немесе адамның қадір-қасиетін қорлау мақсаты жоқ» деп атап көрсетті [11].

Егемендік алған сәттен бастап 1998 жылға дейін Қазақстанда 1971 жылғы Қазақ КСР-нің түзеу — Еңбек кодексі жұмыс істеді, оның негізін КСРО одағы мен одақтас республикалардың түзеу-еңбек заңнамасы құрады.

Жаңа кезеңді Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ Қылмыстық-атқару кодексінің қабылдануы деп есептеген жөн, онымен бір мезгілде 1997 жылғы ұқсастық бойынша 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі қабылданған [11], [3].

Елдің Қылмыстық-атқару заңнамасының қылмыстық-атқару кодекстерін негізге ала және кезеңдері ретінде қарай отырып, қылмыстық-атқару жүйесін дамытуды да қарау қажет. Әрбір қылмыстық-атқару кодексі мемлекеттің қылмыстық-атқару жүйесіндегі белгілі бір үрдістерді білдірді [11].

ҚР ҚАК қолданысқа енгізілген сәттен (1998–2014 жж.) өткен уақыт ішінде 20-дан астам заң қабылданып, олар ҚР ҚАК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Бұл ретте одан бір 3- бөлім және бір 20-тарау толығымен алынып тасталды, бірқатар бөлімдер мен тараулардың нормалары бірнеше рет түзетілді (3, 5, 6, 8-тараулар және т. б.). Көбінесе бір жыл ішінде қылмыстық-атқару заңнамасына түзетулерді көздейтін бірден бірнеше заң қабылданды. Сонымен қатар Қылмыстық-атқару кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар оның нормаларының жетілдірілуіне ғана емес, өтпелі кезеңдегі қоғамдық өмірдің серпінді жағдайларына да байланысты болды [44].

Өкінішке орай, Қазақстан тарихи жағдайларға байланысты түрме халқының жоғары санымен күресуді жалғастыруда. Соттардың жазаларды қолдану тәжірибесі туралы соңғы 10 жылдағы статистикалық деректерді талдау бас бостандығынан айыруды кеңінен қолдануды көрсетеді. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның түрме халқы қысқарғанына қарамастан, ол әлі де жоғары деңгейде қалып отыр [12].

Белгіленген статистикалық шындыққа, Қазақстанда жазаларды орындаудың қазіргі заманғы жүйесіне көшу қажеттілігіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару жүйесінің дамуына сөзсіз кедергі келтіретін бірқатар шешілмеген проблемаларды шешу міндеттілігіне сүйене отырып, 2014 жылғы Қылмыстық-атқару кодексі қабылданды [11].

Бұл сондай-ақ қылмыстық жазалардың кейбір негізгі түрлері үшін осы уақытқа дейін оларды орындаудың құқықтық және материалдық жағдайлары анықталмағандығына байланысты болды. Бұл, бірінші кезекте, қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз етілудің болмауына байланысты әрекет етпейтін қамауға алу сияқты қылмыстық жазалардың түрлеріне жатады; оларды өтеу тәртібі мен шарттарын құқықтық реттеумен бекітілмеген қоғамдық жұмыстар, сондай-ақ орындалуы жекелеген жағдайларда заңнамалық белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін бас бостандығынан айырудың әртүрлі

түрлері (мысалы, өмір бойы бас бостандығынан айыру). Жоғарыда айтылғандардың бәрі ел ішінде де, халықаралық құқықтық аренада да кеңестік лагерь жүйесінің мұрасынан құтылу үшін Пенитенциарлық заңнаманы түбегейлі қайта қарастыру қажеттілігі туындағанын айғақтайды [12].

Іс жүзінде бұл еліміздің қылмыстық-атқару заңнамасы үшін қағидатты жаңа кезең. ҚР ҚАК негіз қалаушы ережелерін егжей-тегжейлі қарау мемлекеттің халықаралық стандарттарға жақындатылған қылмыстық-атқару жүйесінің қызметі үшін негіз жасауға ұмтылатынын куәландырады. Бұл мысалдардың бірінде, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің бұрынғы атауларынан бас тартуда көрінеді. 2014 жылғы ҚР ҚАК 89-бабында мекемелер: 1) қауіпсіздігі барынша төмен мекемелер; 2) қауіпсіздігі орташа мекемелер болып бөлінеді; 3) кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелер; 4) қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер; 5) қауіпсіздігі төтенше мекемелер; 6) қауіпсіздігі толық мекемелер; 7) қауіпсіздігі аралас мекемелер. Қазіргі уақытта Қазақстанның қылмыстық-атқару жүйесінде мекемелердің жалпы саны – 80, оның ішінде: 16 – тергеу изоляторлары (тергеу изоляторлары), 18 – қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер (қатаң режим), 13 – орташа қауіпсіз мекемелер (жалпы режим), 5 – төтенше қауіпсіз мекемелер (ерекше режим), 15 – қауіпсіздігі барынша төмен мекемелер (қоныс-колониялар), 1 – толық қауіпсіз мекемелер (түрме), 2 – қауіпсіздігі аралас мекемелер (арнайы, қатаң, жалпы), 6 – әйелдер, 3 – туберкулез аурулар, 1 – кәмелетке толмағандар жазасын өтейтін мекемелер бар [12].

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексінің 9 бабына сәйкес, азақстан Республикасы сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құрметтейді және қорғайды, оларды түзеу құралдарын қолданудың заңдылығын, сондай-ақ құқықтық қорғауды және жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Сотталғандар Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қылмыстық кодексінде және өзге де заңдарында белгіленетін шектеулермен, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына, бостандықтарына ие болады және міндеттерін атқарады [11].

Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау заңды күшіне енген сот үкімі негізінде қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеуге арналған сотталған жері бойынша арнаулы қабылдау орындарында (бұдан әрі- АҚО) немесе тергеу изоляторларының оқшаулау учаскелерінде [13].

Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-І Заңына сәйкес, арнаулы қабылдау орны - ішкі істер органдарының әкімшілік қамауға алынған адамдарды, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қабылдауға және ұстауға арналған арнаулы

мекемесі болып табылады [149].

Ал, тергеу изоляторы – мыналарды:

1) өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларды;

2) қамауға алуға сотталғандарды;

3) бас бостандығынан айыруға сотталғандарды;

4) бас бостандығынан айыруға сотталғандарды, шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қалдырылғандарды не жіберілгендерді;

5) мекемелерден Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 88-бабына сәйкес келген сотталғандарды ұстауға арналған арнаулы мекеме болып табылады [149].

Қазақстан Республикасында 2017-2020 жылдар аралығында, ҚР ҚК 45 бабы бойынша сотталғандар келесі Арнаулы қабылдау орындарында және тергеу изоляторында жазаларын өтеді:

2017 жылы, Қауіпсіздігі аралас ЕЦ-166/23 мекемесі Көкшетау қаласы – 1 сотталған; Қауіпсіздігі аралас ЛА-155/16 мекемесі Талдықорған қаласы – 3 сотталған; Қауіпсіздігі аралас ГМ-172/10 мекемесі Ақтау қаласы – 1 сотталған; Ақтөбе гарнизонының әскери полициясының гауптвахтасында – 1 сотталған; Семей гарнизонының әскери полициясының гауптвахтасында – 1 сотталған; . Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы гарнизоны бойынша әскери полиция басқармасының гауптвахтасында – 2 сотталған; Алматы гарнизонының әскери полициясының гауптвахтасында – 1 сотталған.

2018 жылы, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы гарнизоны бойынша әскери полиция басқармасының гауптвахтасында – 1 сотталған; Алматы гарнизонының әскери полициясының гауптвахтасында – 1 сотталған; Қауіпсіздігі аралас УГ-157/1 мекемесі, Атырау қаласы – сотталған; Қауіпсіздігі аралас АК-159/1 мекемесі, Қарағанды қаласы – 2 сотталған; Қауіпсіздігі аралас ЛА-155/18 мекемесі, Алматы қаласы – 1 сотталған.

2019 жылы, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы гарнизоны бойынша әскери полиция басқармасының гауптвахтасында – 1 сотталған; Алматы гарнизонының әскери полициясының гауптвахтасында – 1 сотталған; Қауіпсіздігі аралас АК-159/1 мекемесі, Қарағанды қаласы – 1 сотталған; ОВ-156/1 тергеу изоляторы, Өскемен қаласы – 2 сотталған;

2020 жылы Қауіпсіздігі аралас ЛА-155/16 мекемесі, Талдықорған қаласы – 1 сотталған; Алматы гарнизонының әскери полициясының гауптвахтасында – 1 сотталған; Қауіпсіздігі аралас ЛА-155/18 мекемесі, Алматы қаласы – 1 сотталған; Қауіпсіздігі аралас УК-161/1 мекемесі, Қостанай қаласы – 1 сотталған [150].

Біздің пікірімізше, қауіпсіз орынға ауыстырылған сотталған адам оны қауіпсіз орынға ауыстырылғанға дейін өзіне айқындалған ұстау жағдайларында

жазасын өтейді. Арнаулы қабылдау орындары немесе тергеу изоляторының бастығы қауіпсіздік шараларын қолдану туралы шешімді қабылдайтын және оларды қылмыстық сот ісін жүргізудің қатысушысы болып табылатын сотталған адамға қатысты жүзеге асыратын органдарға жәрдем көрсетеді [150, 95 б.].

Қамаққа алуға сотталғандардың осы немесе өзге де құрамымен жүргізілетін жұмыстың ерекшелігін, жыл мезгілін, жергілікті жағдайларды және басқа да нақты мән-жайларды есепке ала отырып, әрбір АҚО-да немесе ТИ-да АҚО немесе ТИ бастығы бекіткен қатаң регламенттелген күн тәртібі (тергеу изоляторларында - қамауда отырған адамдардан басқа) ұйымдастырылады [149].

Күн тәртібіне ұйқыдан тұру уақыты, тексеру, ұйқыға жату, дәретхана, дене жаттығуы, тамақтану, сейілдеу, тәрбие-алдын алу іс-шараларын өткізуі, кездесу бөлмелерінің, дүкеннің, медициналық-санитарлық бөлімшенің жұмыстары, телефонмен сөйлесу кіреді. Күн тәртібінде сотталғандардың үздіксіз сегіз сағаттық ұйқысы мен оларға жеке уақыттың берілуі көзделеді. Сотталғандардың аптасына кемінде бір рет жуынуы қарастырылады. Жуыну күні мен уақыты камера бойынша кестемен бекітіледі [149].

Сотталғандар үш уақыт ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Сотталғандар тамақты камерада ішеді. Сотталғандарға тамақ дайындауды және беруді күн тәртібінде белгіленген сағатта, камера есігінің желкөздері арқылы АҚО немесе ТИ қызметкерлерінің бақылауымен АҚО-ның немесе ТИ-дің асхана қызметкерлері жүзеге асырады [149].

Сотталғандардың АҚО немесе ТИ аумағында қозғалуы тек АҚО немесе ТИ қызметкерлерінің айдауылымен жүзеге асырылады [149].

Сотталғандар айдауылмен немесе АҚО немесе ТИ қызметкерлерінің еріп жүруімен қозғалуы кезінде сотталғандар қолын артқа, арқасына ұстап жүреді. Айдауылдау уақытында тоқтаған кезде АҚО немесе ТИ қызметкерінің талабы бойынша тоқтайды және қабырғаға қарай бұрылып тұрады.

Сотталғандар өз қаражаты есебінен айына бір рет хаттар мен жедел хаттар алады және жібереді. Хат-хабарларды алу мен беру тек АҚО немесе ТИ әкімшілігі арқылы жүргізіледі [13].

Тергеу изоляторларына бару барысында ҰАТ қатысушыларымен тергеудегілердің/сотталғандардың тарапынан шағымдардың басым бөлігі медициналық қызмет көрсетудің сапасымен байланысты екенін анықталды [149].

Айтарлықтай бұзушылықтардың қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- тергеу изоляторларының медицина кадрларымен жарақтанбағаны;
- үстіртін (формальды) қарап шығулар және дәрілік препараттармен толық қамтамасыз етілмеу;
- тар салалы мамандар тарапынан медициналық көмектің жоқтығына

шағымдар;

- медициналық жұмыскерді шақыруды елемеу;
- үздіксіз емдеуді керек ететін аурулардың (қант диабеті, АИТВ, туберкулез) емдеуге қадағалаудың болмауы;
- диагностикалау немесе оталар жүргізу үшін жағдайлардың болмауы.

Сонымен бірге, тергеудегі/сотталғандар жоспарлы операцияларды төлеуге және үйден қажетті дәрілерді беруді қамтамасыз етуге дайын, алайда, айдауылдаумен не болмаса өмірлік қажет препараттарды беруге байланысты мәселелер өз шешімін таппай отыр [149].

УКА 168/1 тергеу изоляторында (Ақтөбе қ.) тергеудегі/сотталғандар барлық дерттерді парацетамол мен анальгинмен емдейтін медициналық бөлімнің қызметкерлерін «ветеринарлар» деп атайды. Медициналық қызмет көрсету сапасының төмендігіне Алматы қаласы ЛА-155/18 сотталғандар тарапынан да шағымдар түскен [151].

Тергеудегілердің/сотталғандардың айтуынша, тамақ негізінен төмен сапалы, тергеудегілер/сотталғандар үйдің тамағымен тамақтанғанды қалайды. Сонымен, УКА 168/1-де (Ақтөбе қ.) сотталғандар тамақ жеу мүмкін емес, тамақ біркелкі деп шағымданды. ЛА-155/18-де (Алматы қ.) тамақтың сапасына риза еместілігін айтқан, тергеудегілердің/сотталғандардың айтуынша, олардың кейбіреулері бірнеше ай бойы мекеменің тамағын ішпеген. ЗК-169/1-де (Қызылорда қ.) сүт пен шырындардың орнына сүт-, құрамында шырыны бар азықтар берген, кәмелетке толмағандарға арналған қышқыл сүт өнімдері жоқ болған. Тергеу изоляторларының көпшілігінде ауыз суға арналған ыдыстар жоқ [151].

Тергеу изоляторына қамаған кезде тергеудегілер/сотталғандар медицина қызметкерлерін созылмалы ауруларының бар екендігі туралы ақпараттандырғанына қарамастан, оларды диеталық тамақпен қамтамасыз етпейді [151].

Барлық тергеу изоляторларында ыдыстарды, ас үй жабдықтарын алмастыру қажет.

Тергеу оқшаулағышына қамаған кезде (водворении) тергеудегілер/сотталғандар медицина еңбектестерін (сотрудников) созылмалы ауруларының бар екендігі туралы мәліметтендіргеніне (информируют) қарамастан, оларды диеталық тамақпен қамтамасыз етпейді [151].

Барлық тергеу оқшаулағыштарында ыдыстарды, ас үй жасаулықтарын (оборудования) алмастыру қажет [151].

Сотталғандарды киім-кешек мүлітерімен, төсек мүліктерімен және материалдық-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету айыпталушыларды, сотталғандарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 1255 қаулысымен бекітілген «Сотталғандарды және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің балалар үйлеріндегі балаларды материалдық-тұрмыстық

жағдайларымен, арнайы киім үлгісімен және тегін жол жүру, жол жүру кезінде азықпен қамтамасыз ету Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Сотталғандар заттай мүлікпен қамтамасыз етілмейді, оларға бір түсті қара, қою көк, қою қоңыр, қою жасыл немесе сұр түсті азаматтық үлгідегі заттай мүлікке рұқсат етілген.

Сотталғандарға апта сайын ауыстырылатын төсек жабдықтары беріледі, сондай-ақ апта сайын сотталғандарға ұзақтығы 30 минут моншада жуыну мүмкіндігі беріледі [152].

ҰАТ қатысушылары тергеудегілердің/сотталғандардың тергеу изоляторларында құқықтарын бұзу жағдайлары анықтаған. Заңның 32-бабының 1-тармағына сәйкес мүмкіндігінше камераларда, темекі шегетіндерді темекі шекпейтіндерден бөлек орналастыру қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл диспозитивті норма көптеген мекемелерде әлі күнге дейін сақталмайды [151].

Әдетте, барлық камераларда күдіктілер мен айыпталушылардың міндеттері бар ақпараттық тақталар бар, бірақ олардың заңды құқықтары туралы ақпарат жоқ. Адам өлтіргені үшін сотталған тергеудегімен бірге орналастырылған жағдайлар орын алған. Заңның 32-бабын («Камераларда бөлек орналастыру») бұзу жағдайлары бар [151].

Сондай-ақ, ҰАТ қатысушыларының есептері бойынша мекемелердің әкімшілігі мен тергеудегілердің/сотталғандардың арасында кері байланыстың жоқтығы туралы дәлелдейтін фактілер бар [151].

И.Рогов пікірінше, біз өзімізді сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ашық мемлекет ретінде көрсетеміз деп есептейді [153].

Сотталғандарға білікті заң көмегін алулары үшін олардың жазбаша немесе ауызша өтініштері бойынша адвокаттарымен санын, ұзақтығын шектеусіз және оның құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда кездесулер ұсынылады. Адвокаттың жеке басын куәландыратын құжаты, адвокатураға қатысын растайтын лицензиясы болған жағдайда сотталғанмен кездесу беріледі. Кездесу АҚО немесе ТИҚызметкеріне сотталған мен адвокатты көретіндей, бірақ оларды естімейтіндей жағдайда жүргізіледі [151].

БҚО бойынша ҚАЖ департаментінің РҰ-170/1 мекемесінің тергеу изоляторына барған кезде ҰАТ қатысушылары тергеу изоляторының жайларының жағдайы СНМЕ нормаларына толық емес шамада сәйкес келетінін атап өткен, өйткені ғимарат 19 ғасырдың ортасында салынған [151].

Одан басқа, ҰАТ қатысушылары камерада жарық жеткіліксіз түсуін, осы тұрғын жайларға арналған терезелердің өлшемдері санитариялық нормаларға сәйкес келмейтінін әрі күн сәулесін әрең өткізетінін, сондай-ақ косметикалық жөндеу жүргізу қажеттігін атап өтеді: төбені, қабырғаларды жөндеу, тұрғын жайдың жарықтандырылуын жақсарту қажет [151].

Тінту жайлары қайнаған суы бар ауыз су бактарымен, ағаш орындықтармен

жабдықталмаған, ағаш едендер жоқ [151].

Қостанай облысы бойынша ҚАЖ департаментінің УК-161/1 мекемесінің тергеу изоляторында ҰАТ қатысушылары төсектердің металл, ескі, көптеген камераларда бір-біріне дәнекерленгенін, өзімен тұтас қатарды білдіре отырып бір-біріне тығыз жатқанын атап өтеді. Бұл, ҰАТ қатысушыларының көзқарасынша, жеке бас кеңістігінің жетіспеушілігі кесірінен, камераластар арасында жыныстық тенденцияларды немесе басқа да жағымсыз көріністерді арандатуы мүмкін [151].

Г.Ф. Поленов пікірінше, қамаққа алу жазасы қысқа мерзімді жаза түріне карамастан ол, қоғамнан қатаң оқшауланудың маңыздылығына байланысты қылмыс жасаған адамдарға қылмыстардың алдын алуға үлкен ықпал ете алады [154, 99 б.].

Сондай-ақ ҰАТ қатысушылары Ақтөбе облысының ҚАЖ Департаментінің УКА-168/1 мекемесінің тергеу изоляторында тамақ ішуге арналған үстел мен орындықтар бір мезгілде барлық тергеудегілерге/сотталғандарға тамақ ішкізбейтінін, оларға кезекпен тамақ ішуге не болмаса еденде отыруға тура келетінін атап өткен [151].

Есепке сәйкес, Нұр-сұлтан қаласы бойынша ҚАЖ департаментінің ЕЦ-166/1 мекемесінің тергеу изоляторының барлық ғимараттары капиталды жөндеуді талап етеді. Ғимараттар типтік емес және тікелей мақсаты бойынша тергеу изоляторы үшін қарастырылған талаптарға сәйкес келмейтіндіктен, күдіктілер мен айыпталушылар ұсталатын камераларда ұстау жағдайлары 1999 жылғы 30 наурыздағы. №353-І «Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде адамдарды ұстау тәртібі мен жағдайлары туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес келмейді [151].

РУ 170/1 БҚО ҚАЖД (тергеу изоляторы) мекемесі 1858 жылы салынған, жалпы ауданы 3038 ш.м. Ғимарат сынарлық шегіне дейін ескірген, жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының, сантехникалық жабдықты алмастырудың бұл ғимаратта ешқандай мәні жоқ, өйткені ол ескіргендік пен тозғандықтан қирап жатыр [151].

Шымкент қаласы бойынша ҚАЖ департаментінің ИЧ 167/11 мекемесінің тергеу изоляторында режим блогының әрбір қабатында тергеудегілерге/сотталғандарға душ қабылдау үшін душ бөлмелері қарастырылған. Олардың айтуынша, олар душты, аптасына бір рет, кестеге сәйкес ұзақтығы 15 минуттан кем емес қабылдайды. Алайда, камераларда әйелдер гигиенасына арналған душтар мен «биде» жоқ, сондықтан әйелдер камераларында өзбетті қайнатқыштың немесе шәугімнің көмегімен суды жылытып, әжетханаларда жуынады [151].

ҰАТ қатысушылары Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ Департаментінің УКА-168/1 мекемесінің тергеу изоляторында төсек-орын жабдықтары (көрпе тысы, ақжайма, жастық тысы) тозғаны және алмастыруды қажет ететіндіні

байқаған. Тергеудегілер/сотталғандар камераларда жуынады. Раковиналар ұйықтайтын орындардан ештеңемен қоршалмаған. Барлық камераларда ағынды суық су бар. Әжетхананың ағызып жіберу жүйесі жұмыс істемейді, ол үшін раковинаның кранын қосу қажет [151].

Алматы қаласы бойынша ҚАЖ Департаментінің ЛА-155/16 мекемесінің тергеу изоляторының бір камерасында унитаз жай ғана бетондалған шұңқыр, екі камераның раковиналарында крандар жоқ, олардың орынына шүберектер ілініп тұр. Сондай-ақ, екі камерадағы әжетханаларда есіктер мен дәліздер жоқ, олар шүберекпен жабылған (ескі ақжаймалар). Камералардағы жарық нашар [151].

Алматы қаласы бойынша ҚАЖ Департаментінің ЛА-155/18 мекемесінің тергеу изоляторына барған кезде ҰАТ қатысушылары тергеудегілердің/сотталғандардың материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етілуі қолданыстағы заңнаманың нормаларына толық емес көлемде сәйкес келетіндігін анықтаған. Барған кезде ҰАТ қатысушылары карантин бөлмесінде ақжаймалардың, жастықтың тыстарының жоқтығын белгілеген. Мекеменің әкімшілігі монша күнімен байланысты төсек-орын жоқ деп түсіндірді, әйтсе де карантиндегі тергеушілердің/сотталғандардың айтуынша, оларға карантинде төсек-орын бермеген. Сондай-ақ, тамақ ішуге арнап бөлінетін ыдыс-аяқтың санына шағымдар түскен [151].

ҰАТ қатысушылары Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментінің УКА-168/1 мекемесінің тергеу изоляторына барған кезде тергеудегілер/сотталғандар тарапынан тамақ сапасына шағымдар болған, сондықтан олар үй тамағымен тамақтануға мәжбүр. Сонымен, Б.С. қант диабетінен зардап шегетініне шағымданды, дәрігерлер, оның қанында қанттың 33-ке дейін мөлшері асатынынан хабардар болған, алайда оған диеталық тамақтану тағайындалмаған, тамақтану сапасы жақсартуды қалайды. Тергеудегілердің/сотталғандардың айтуынша, тамақтың рационы таңғы асқа да, кешкі асқа да дәл сол бір [151].

Осылайша, осы заман шындықтар пенитенциарлық мекемелердің қызметін конструктивті зерделеу жолымен ҚР-ның Қылмыстық-атқару жүйесін реформалауды жеделдету керектігін талап етеді [151].

Уәкілетті органдар үшін ұсынымдар:

1) ҚР ҚАК-ын жаңа 7-бөліммен толықтыру - «Адамдарды, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін, арнайы мекемелерде ұстау тәртібі мен жағдайлары» [151];

2) пенитенциарлық жүйе мекемелерінде АИТВ жұқтырған шетелдіктерді емдеу үшін қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасына арнайы толықтыру енгізу қажет [151];

3) еңбектерін көтермелеу жолымен азаматтық денсаулық сақтау мамандарын тарту тетігін әзірлеу (мекемедегі жұмысты, мысалы, түнгі

уақыттағы немесе демалыс күндеріндегі жұмысқа теңестіріп) [151];

4) діни жоралғыларды өткізуге арналған жайлардың қызметіне тыйым салуды жою және дәстүрлі конфессиялардың діни қызметшілерін шақыру мүмкіндігін қарастыру [151];

5) нормативтік құқықтық актілерде бас бостандығынан айырылған адамдарды азаптаудан қорғаудың негізгі кепілдіктерін жазып қою [151];

- өзінің таңдауы бойынша үшінші тарапты өзінің ұсталғандығы туралы хабардар етуге құқы (жақындары, достары, консулдық және т.б.);

- адвокатқа қол жеткізуге құқы;

- өз таңдауы бойынша дәрігермен қаралып шығу құқығы (биліктің ұсынысымен медицина қызметкерімен міндетті қарап шығудан басқа) [151];

6) қылмыстық талқылаудың барлық кезеңдерінде полицияның немесе прокуратураның араласуынсыз тәуелсіз медициналық куәландыруға рұқсат ету, бас бостандығынан айыру орындарына түскеннен немесе олардың арасына аударғаннан кейін бас бостандығынан айырылған адамдарды тәуелсіз медициналық тексеруді қарастыру [151];

7) ҚР ІІМ-нің қарамағынан ҚР-ның Денсаулық сақтау министрлігіне аудару жолымен қамау орындарында медицина қызметкерлерінің шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету [151];

8) АИТВ жұқтырған шетелдіктерді пенитенциарлық жүйе мекемелерінде емдеу үшін қолданыстағы заңнамаға арнайы толықтыру енгізу қажет [151].

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда сотталғандарды ұстау тәртібі қағидаларына сәйкес, гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді әскери полиция органы бастығының дәлелді қаулысы негізінде жеке камераға орналастыруға:

1) бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің өзге мүмкіндігі болмаған кезде;

2) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер не басқа да гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде;

3) егер бос орындар болса, гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің, гауптвахтада ұсталатын сотталғанның жеке ұстау туралы жазбаша өтінімі бар болған кезде;

4) егер олар ортақ камераларда ұсталса, сотталғандарды түнгі уақытта жеке камераларға орналастырған кезде жол беріледі [13].

Гауптвахтадағы гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер:

1) ұйықтайтын орынмен;

2) ұйықтаған уақытта төсек жабдығымен, оның ішінде матрацпен, жастықпен, көрпемен, екі жаймамен, жастық тысымен, сүлгімен (әскери қызметші әйелдер - қосымша сүлгімен);

3) тамақтану уақытында асханалық ыдыспен және асханалық аспаптармен, оның ішінде тегешпен, кружкамен, қасықпен;

4) жалпыәскери жарғылармен, кітаптармен, журналдармен және мерзімді баспасөзбен қамтамасыз етіледі [151].

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге аптасына екі реттен сиретпей ұзақтығы 15 минуттан артық емес душта жуынуға мүмкіндік беріледі.

Моншада жуыну аптасына бір рет гауптвахта бастығы белгілеген күндері және сағаттарда жүргізіледі. Моншада жуыну күндері гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің іш киімдері мен төсек-орын жабдығын ауыстыру жүзеге асырылады, оларды медициналық қарап тексеру жүргізіледі.

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге жуыну керек-жарақтары жуынуға шығарған уақытта беріледі, одан кейін қарауыл (кезекші ауысым) бастығының қарауымен камералардан тыс орналасқан жуыну керек-жарақтарын сақтауға арналған құлыпқа бекітілетін шкафқа қайта салынады.

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер таңертеңгі және кешкі жуыну үшін шығарушылардың бірге жүруімен камералардан мынадай тәртіппен: ортақ камераларда ұсталатындар - камера бойынша; жеке камераларда ұсталатындар бір-бірден кезектілік тәртібімен шығарылады.

Әскери қызметші әйелдерге жеке гигиена қағидаларын сақтау үшін қосымша уақыт бөлінеді [151].

ҚР ҚАК [86-бабының 2-тармағына](#) сәйкес гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге айына бір рет бірінші кезектегі қажетті заттар мен маусым бойынша киім салынған сауқаттар, сәлемдемелер алуға рұқсат етіледі [11].

ҚР ҚАК [86-бабының 2-тармағына](#) сәйкес науқас гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер медициналық қорытындыда саны мен ассортименті айқындалған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар салынған сауқаттар мен сәлемдемелер алуға құқылы [11].

Медициналық қорытындыға сәйкес гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер алатын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар сауқаттар, сәлемдемелер мен сауқаттар санына кірмейді [11].

Сауқаттарды, сәлемдемелер гауптвахта бастығының қатысуымен гауптвахта әскери қызметшілері толық тексереді [11].

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді медицина жұмыскерінің қабылдауына (медициналық қарап тексеруге) алдын ала жазу қарауыл (кезекші ауысым) кезекшілікті қабылдау және тапсыру және гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді салыстырып тексеруді жүргізу кезінде сотталғандардың өтініш білдіруі бойынша жүзеге асырылады.

Одан басқа, гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер медицина жұмыскеріне (фельдшерге) олар камераларды күнделікті аралаған уақытта, ал жіті сырқаттануы жағдайында гауптвахта әскери қызметшісіне медициналық

көмек үшін өтініш жасай алады [13].

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші өтініш жасаған гауптвахта әскери қызметшісі медициналық жұмыскерді (фельдшерді) шақырту үшін әскери полиция органы бойынша кезекшіге баяндайды [].

ҚР ҚАК 86-бабының 2-тармағына сәйкес гауптвахтада ұстау кезеңінде гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге адвокатпен кездесу беріледі. Заңның 17-бабы 1-тармағы 1-тармақшасының негізінде адвокатураға қатыстылығын растайтын құжатын және адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігін куәландыратын ордерінің екінші данасын көрсетуі бойынша қорғаушы ретінде іске қатысушы адвокатпен кездесу беріледі. Кездесулер саны мен оны өткізу уақытына шек қойылмайды. ҚР ҚАК 86-бабының 2-тармағы 5-тармақшасының негізінде гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің адвокатпен саны шектеусіз кездесуі олардың құпиялылығы қамтамасыз етілген жағдайларда гауптвахтада өткізіледі [11].

ҚР ҚАК 165-бабының 2-тармағына сәйкес гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер жаза мерзімінің соңғы күнінің бірінші жартысында босатылады. Егер жаза мерзімі демалыс немесе мереке күні аяқталатын болса, гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші демалыс немесе мереке күнінің алдындағы күні жазасын өтеуден босатылады [11].

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге босатылған кезде қолын қойғызумен оған тиесілі заттары мен құнды заттары, ақшасы және жеке құжаттары, сондай-ақ әскери бөлім командиріне ұсыну үшін күнін көрсетумен әскери полиция органы бастығының қолтаңбасы қойылған жазасын өтегені туралы немесе жазадан босатылғаны және оны босату негіздері туралы анықтама беріледі.

2019 жылы ҰАТ топтары үш аймақта гауптвахталарға 3 кезеңдік баруды жүзеге асырды:

* 21.02.2019 ж. Қарағанды қ. (4 адам)

* 22.02.2019 ж. Ақтөбе қ. (4 адам)

* 19.11.2019 ж. Семей қ. (2 адам) [151].

ҰАТ топтарымен гауптвахталарға барған кезде ұсталушылардың саны – 2: бір кейіптен Ақтөбе және Семей қалаларында (Қарағанды қаласында – 0 адам). Барлығы жыл басынан бері аймақтардың гауптвахталарында 36 адам (гауптвахталарға ҰАТ топтарының бару күніне дейін) ұсталған, олардан Семей қаласында ғана - 33 адам (бір жылда – 38 адам) [151].

Жалпы деректерді талдау көрсетеді:

* Аздау толтырылу лимиті Ақтөбе қ. (7 адам), көбіректеуі Семей қ. (26 адам)., Қарағанды қ. – 15 адам [151].

* Қарағанды және Семей қ.к. штат саны – бірдей (17 адамнан), Ақтөбе қ. – 13 қызметкер.

* 2018 жылы гауптвахталарда ұсталушылардың көбірек саны Семей қ. (30

адам), сол кезде болса Ақтөбе және Қарағанды қ.қ. шамамен тең (тиісінше 15 және 14) [151].

* Ақтөбе қ. - 2019 жылы гауптвахтада жазасын өтеп біткен адамдар саны бұрынғыша қалды (15 адам), сол кезде болса Семей қ. – 8 адамға өсті (бір жыл ішінде – 38 адам). Қарағанды қ. бойынша мұндай ақпарат жоқ [51].

ҰАТ топтарының ұсынымдары камераларда санитариялық тораптарды жабдықтауға/биоәжетханаларды орнатуға (Қарағанды, Ақтөбе және Семей қалалары), қызметкерлерді ҰАТ құқықтық базасымен таныстыруға (Қарағанды қ.); қамалғандардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратты орналастыруға, камераларды ауыз суға арналған сыйымдылықтармен және радионүктелермен, ал серуендеу ауласын – спорттық инвентарьмен жабдықтауға, гауптвахтаның үлгілік ғимаратын салуға, бетондылардың орнына ағаш едендер орнатуға, гауптвахта аумағында медициналық кабинет ашуға, гауптвахтада медицина жұмыскерінің демалыс күндері және түнгі уақытта кезекшілігін ұйымдастыруға, асханадағы шытынауларды жоюға (Семей қ.) саяды [151].

ҚР-ның Қарулы Күштерінің Бас штабының 2019 жылғы 24 мамырдағы №8/32-4315 жауабынан: «ҰАТ қатысушыларының ұсынымдарына сәйкес Ақмола, Ақтөбе және Шымкент өңірлік гарнизондарының әскери полиция органдарының гауптвахталары радионүктелермен және ҰАТ-қа арыздарға деген жәшіктермен жабдықталған [151].

Әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін гауптвахтаға қамалған әскери қызметшілерге және олардың туыстарына әскери полиция органдарының гауптвахталарында кездесулер мен телефон байланысы 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР-ның Заңының талаптарына сәйкес олардың жазбаша өтініші бойынша беріледі. Діни жоралғылар мәселелері 2016 жылғы 22 желтоқсанындағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР-ның Заңының талаптарымен гауптвахтада күн тәртібін бұзбай реттеледі [156].

Анықтама ретінде: гауптвахталардың бүкіл қызметі кезеңінде әскери полиция басшылығына әскери қызметшілердің туыстарымен кездесу, телефон байланысын беру мәселелері бойынша және ал дін мәселелері бойынша өтініштер түскен жоқ.

Осылайша, санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз етумен, сапалы медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырумен, гауптвахталардың қызметкерлерінің ҰАТ-тың қызметі туралы хабарландырылуын арттырумен және азаптаудың, қатыгездікпен, кемсітумен қараудың және жазалаудың алдын алу мәселелері бойынша ұлттық, халықаралық стандарттармен байланысты проблемалар бұрынғысынша шешілмеген күйінде қалып отыр [151].

Қазақстан Республикасында әскери қызметшілердің ар-ождан бостандығын жүзеге асыруға қол жеткізуді ұзақ уақыт бойы шешілмей келе жатқан

мәселелердің бірі болып табылады. Бұл түсінік (ар-ождан бостандығы) діни сенім бостандығынан кеңірек және соның ішінде өз нанымдарын таңдау құқығын (теистік, теистік емес және атеистік, ешқандай дін немесе наным ұстанбау құқығын) қосады. Көрсетілген бостандықтар қандай да бір шектеулерсіз қорғалған. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактінің 4-бабының 2-тармағына сәйкес, тіпті төтенше жағдай кезінде де бұл нормадан ешқандай шегіншектеуге жол берілмейді [72].

ҚР-ның Конституциясының 22-бабымен әрбір адамның ар-ождан бостандығына құқығы бекітілген; оны жүзеге асыру құқықтары мен міндеттерін шектемеуі тиіс. Бұл құқықты «ешбір жағдайда да» шектеуге тыйым салу елдің Негізгі Заңының 39-бабының 3-тармағында бекітілген [1].

Мұның арасында, екі заң әскери қызметшіге жоралғыларды өткізуге және діни бірлестіктерде тұруға тыйым салатыны айқын. Сонымен, ҚР 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 8-бабының 1-тармағы [91] әскери қызметшіде діни бірлестіктерде тұру құқығы жоқ. ҚР 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 7-бабының 3-бөлігінің 2-тармағының күшіне қарай «Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың аумағында және ғимараттарында Тәңірге құлшылық етуді, діни жоралғыларды, процедураларды және (немесе) жиналыстарды өткізуге (жасауға), сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді [91].

Комитет Пактінің 18-бабының 3-тармағының Ережелері қатаң түсіндірілуі тиістігін атап өтеді: Мемлекеттік қауіпсіздік тұрғысынан нақты қарастырылғандардан басқа, шектеулерді орнату үшін ешқандай негіземделер танылмайды. Шектеулер тек өздері арналған мақсаттар үшін ғана орнатылады және олармен көзделіп отырған нақты мақсатпен тікелей байланысты болуы тиіс және оған өлшемдес (соразмерны) болуы тиіс. Шектеулер кемсітушілік мақсаттарда орнатыла алмайды немесе кемсітушілік түрде қолданыла алмайды [156].

Пактінің 18-бабының 2-тармағы өз дінінен немесе нанымдарынан бас тартуға немесе оларды басқаларына алмастыруға мәжбүрлеуге тыйым салады. Ал «діни бірлестіктерде тұру», «діни жоралғыларды өткізу» - бұл ар-ождан бостандығының элементтері екенін ескере отырып, одан да арысы, «ешкімді де өз ойларын немесе өзінің сол немесе өзге дінді немесе нанымдарға жататынын ашуға мәжбүрлене алмайды» (3-тармақ жалпы тәртіптің ескертулері №22) ескере отырып, қос заңның жоғарыда көрсетілген нормалары ҚР-ның Конституциясының 39-бабына қайшы келеді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызметті өту кезінде адамды ар-ождан бостандығынан бас тартуға мәжбүрлеудің қандай да бір ақтауы, тіпті бұл жағдайда мемлекеттік қауіпсіздік мүддесінде де жоқ [151].

Одан басқа, Пактінің 11-тармағы №22 жалпы тәртіптің ескертулеріне

сәйкес Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактінің 18-бабы бойынша БҰҰ Адамның құқықтары бойынша комитеті:

- әскери қызметтен ар-ождан елестетімдері бойынша бас тарту бұл құқықтың қайнар-көзі Пактінің 18-бабында кепілдік берілген бостандықтар болып табылатындығына негізделгенін хабарлайды;

- азаматтарды заң бойынша міндетті әскери қызметтен босататын (оларға әскери қызмет атқаруға тыйым салатын діни немесе өзге де нанымдарды ұстанатын) және мұндай қызметті балама ұлттық қызметпен алмастыратын елдердің санының өсу мысалдарын келтіреді;

- әскери қызметтен ар-ождан елестетімдері бойынша бас тартуға деген құқық 18-баптан шығады, өйткені қару қолдануға қатысты міндеттер ар-ождан бостандығымен және дінді немесе нанымды зерделеу құқығымен едәуір қайшылықта болуы мүмкін.

Жоғарыда мазмұндалғанмен байланысты ҚР-ның Парламентіне «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңдардан әскери қызметшілердің ар-ождан бостандығын шектейтін ұлттық заңнаманың ережелерін алып тастау мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз [91], [156].

ҚР Қорғаныс министрлігіне ұсынымдар:

1. Ұстау жағдайларын жақсарту (тұрғын үй, санитарлық-гигиеналық жағдайлар) және гауптвахталарда ұсталушы адамдардың құқықтарын, превентивті барулар жиындары бойынша шығарылған ҰАТ қатысушыларының ұсынымдарын ескере отырып, іске асыру (шағымдар беру) бойынша жұмысты ұйымдастыру.

2. Тұрақты негізде әскери полиция органдарының гауптвахталарының жеке құрамымен азаптаулардың, қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын қараулар мен жазалардың алдын алу, ҰАТ қызметі тақырыбына сабақтар өткізуді ұйымдастыру [151].

Қазақстан Республикасында ҚР ҰҚК Мемлекеттік мекемелердің тізбесіне сәйкес 4 тергеу изоляторы қызмет етеді: Нұр-сұлтан, Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларында. 2019 жылы ҰАТ қатысушылары 3 рет ҚР ҰҚК тергеу изоляторларына баруды жүзеге асырған.

ҚР ҰҚК Департаментінің тергеу изоляторы (Нұр-сұлтан қ.) 1975 жылы салынған, бейімделген үй-жайда орналасқан, онда 2016 жылғы желтоқсанында капиталды жөндеу жүргізілген (сантехника алмастырылған, линолеум төселген, қабырғалары қайта сырланған [151].

Сонымен, тергеу изоляторларының камералары екі орындық болып қайта жабдықталған, камералардың ауданы ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Нұр-сұлтан қаласы бойынша ҰАТ қатысушылары тобының есебінде камералардағы барлық жабдық (кереуеттер, үстелдер, орындықтар, табуреткалар және т.б.) еденге немесе қабырғаларға оларды алдын ала

белгіленген қалау детальдеріне дәнекерлеу жолымен бекітілгені көрінеді. Камералар мен карцердің терезелері терезелердің өлшемінің кішкентай болуы себепті табиғи жарықтың жеткілікті түсуін қамтамасыз етпейді. Бұл ретте камералардағы жасанды жарықтандыру жайлы сонда болу үшін жеткілікті жағдайларды қамтамасыз ететінін атап өту қажет. Дәлізде әр камераның есігінің үстіндегі сигнал шамы, ал камерада – шақыратын түйме орнатылған, алайда бару сәтіне шақыру түймесі істемегенін, шақыру түймесінің жұмыс қабілеттілігін тексеру мүмкін болмағанын атап өту керек, өйткені әкімшіліктің айтуынша, бұл түймелерді 18:00-ден кейін қосады. Әкімшілік қажет болған жағдайда тергеудегі/сотталған есікті қаға алады деп растады, алайда есіктің қалыңдығын және камералар мен кезекшінің орыны арасындағы қашықтықты ескере отырып, есікті қағуды кезекші естімеу ықтималдылығы да жоғары [151].

ҚР ҰҚК Департаментінің тергеу изоляторы (Қарағанды қ.) 1939 жылы салынған ғимаратта орналасқан. Үстідегі жөндеу қажеттілігіне қарай кезең бойы жүргізіліп тұрады [151].

ҚР ҰҚК Департаментінің тергеу изоляторы (Шымкент қ.) жартылай жертөлелі үй-жайда орналасқан, камералары жылы, күндізгі және жасанды жарықтандыруы бар [151].

2018 жылдағы ұсынымдардың бір бөлігі ескерілгеніне қарамастан, ҰАТ тобының қатысушылары алдыңғы баяндамасында Қазақстан Республикасының 03.02-24-2014 «Тергеу изоляторларын жобалау» құрылыс нормаларының тармақтары сақталмайтынын атап өтеді, атап айтқанда:

- 5.4.2.9.3-т. «Жүйкесінің шытынауы болған күдіктілерді, айыпталушыларды немесе сотталғандарды уақытша оқшаулауға арналған камера (сойқан салушыларды оқшаулауға арналған камера) жасанды жарықтандырумен (жұмыс және кезекші жарықтандыру шамдары), жылумен және желдеткішпен, сондай-ақ сигналды күзет телевизиясының жүйесінің операторына шығаруы бар видеобақылау камерасымен қамтамасыз етілуі тиіс. Камералық инвентарь бұл үй-жайда орнатылмайды [151].

- 5.4.2.9.4-т. «Жүйкесінің шатынауы болған күдіктілерді, айыпталушыларды немесе сотталғандарды уақытша оқшаулауға арналған камерада терезе ойығы қарастырылмайды» [151].

Тергеудегілерді/сотталғандарды ҚР ҰҚК Департаменттерінің жоғарыда көрсетілген тергеу изоляторларында медициналық қамтамасыз етумен ахуал ұлттық заңнама және қамалғандарға қараудың халықаралық стандарттарына сәйкес келеді. ҚР ҰҚК-ның әрбір тергеу изоляторында медициналық көмекті фельдшер көрсететін медициналық бөлім бар. Мысалы, ҚР ҰҚК Департаментінің тергеу изоляторында (Шымкент қ.) жабдықталған медициналық кабинет бар. Шымкент қ. ҰАТ қатысушыларының тобының деректері бойынша «фельдшер бару сәтіне медициналық қызметпен айналысуға маман сертификатына ие болмаған», бұл «Халықтың денсаулығы және

денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР-ның Кодексінің 176-бабының 2-тармағын өрескел бұзу болып табылады, онымен «клиникалық практикамен маманның тиісті сертификатының болуынсыз, сондай-ақ оның әрекет етуінің мерзімі өтіп кеткен жеке адаммен айналысуына тыйым салынады» деп қарастырылған. Пайдалануға жарамдылық мерзімі бар қажетті дәрілік және гигиеналық нәрселердің қоры бар. Қарастыру уақыты көрсетуі бар, қабылдау, қарап шығу және шағымдар журналдары жүргізіледі. Қажет болғанда дәрілік препараттар тізбесіне кірмейтін дәрілер тергеудегілердің/сотталғандардың туыстарымен беріле алады. Шұғыл аурулар кезінде тергеу изоляторы бойынша кезекші фельдшерді демалыс күндері және тәуліктің кез келген уақытында шақыра алады. Қажет болған жағдайда жедел жәрдем шақыра алады. Кейбір жағдайларда тергеу изоляторының қызметкерлері, тергеу изоляторынан жақын орналасқан, Шымкент қаласы бойынша ҚР ҰҚК Департаментінің емханасынан тар салалы медицина мамандарын шақыра алады. ҚР ҰҚК Шымкент қ. бойынша Департаментінің емханаларынан дәрігерлері диагноз қойып, емдеуді тағайындайды, одан кейін фельдшер алғашқы медициналық көмекті көрсетеді, дәріні егуді жасайды, тамшылатқыштарды қояды және жұту арқылы тұтынатын препараттарды береді. Дәл осындай практика медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру саласында ҚР ҰҚК тергеу изоляторында (Нұр-сұлтан қ.) қазір бар [151].

Спортпен айналысуды жүзеге асыру қарастырылмаған. Серуендеу аулалары турниктармен және брустармен сондай-ақ дене шынықтырумен айналысуға арналған басқа да мүмкін бейімделмелермен жабдықталмаған. ҰАТ қатысушыларымен әрбір тергеулік-қамалғанмен жасырын сұқбаттар жүргізу кезінде мекемеде ұсталушы адамдармен азаптаулар және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және адамның ар-намысын қорлайтын іс-әрекеттер тіркелмеген [151].

ҚР ҰҚК Департаменттерінің жоғарыда көрсетілген барлық тергеу изоляторларында мүмкіндіктері шектеулі адамдардың болуы үшін тиісті жағдайлар жоқ. Сонымен, техникалық көмекші құралдар, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың қозғалуына арналған арнайы құралдар жоқ [151].

Тұтастай, тергеудегілердің/сотталғандардың ҚР ҰҚК-ның тергеу изоляторларындағы құқықтық жағдайы қанағаттанарлық. Алдыңғы жылдардағы ұсынымдардың көп бөлігі орындалған [151].

Алматы қаласының ҰҚК Департаментінің тергеу изоляторында әжетханалар алдындағы камераларда (Генуя тостағандары түрінде) есіктер жоқ, бұл, қажеттігін өтеу кезінде, егер камерада бірнеше адам болса, адами арды қорлайды [151].

Одан басқа, ҰАТ қатысушылары қолданыстағы заңнамаға сәйкес камерадағы бір тергеудегіге/сотталғанға арналған аудан 2,5 метрден кем еместі құрауы тиіс екенін атап өтеді, бұл «Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз

ететін арнайы мекемелерде адамдарды ұстау тәртібі мен жағдайлары туралы» ҚР-ның Заңымен қарастырылған стандартқа сәйкес келеді [151].

Сонымен бірге, 2021 жылға ҚР ҰҚК тергеу изоляторларында тергеудегілердің/сотталғандардың тұру жағдайларын жақсарту, оларды әлеуметтік және медициналық қолдау бойынша келесідей ұсынымдар ұсынылады:

1) қоғамдық қадағалауды жүзеге асыру процесінде ҚР ҰҚК тергеу изоляторларының қызметкерлері мен ҰАТ қатысушыларының тиімді өзара әрекеттесуі бойынша тренингтік форматта оқыту семинарларын өткізу практикасын қалыптастыру [151].

2) тергеудегілер/сотталғандар санынан мүгедек-сотталғандар үшін барьерсіз орта құру [151].

3) санитариялық тораптарды арбадағы мүгедектерге арналған тұтқалары бар раковиналармен және унитаздармен жабдықтауға, табиғи қажеттіктерін шығарудың жекелілік жағдайларын қамтамасыз ету [151].

4) душ үй-жайларын мүгедек-сотталғандарға арналған иілгіш шлангілері мен табуретқалары бар жеке орындармен жабдықтау [151].

5) тергеу изоляторларының камераларын Қамалғандарға қарауға қатысты БҰҰ-ның минимальді стандартты қағидаларына («Нельсон Манделаның қағидалары») және ҚР ұлттық заңнамасына сәйкес келетіндей жертөле немесе жартылай жертөле үй-жайларынан типтік ғимараттарға шығару [157].

6) тергеу изоляторларының ғимараттарын капиталды жөндеу, олардың үй-жайларын тиісті санитариялық-гигиеналық жағдайға келтіру үшін қаржы ресурстарын іздестіру;

7) спорт залдарын құру немесе серуендеу шағын аулаларын спорт инвентарімен жабдықтау;

8) бракераждық журналды жүргізуге және тәуліктік көрілмелерді іріктеуге күнделікті қадағалауды жүзеге асыруды рекомендациялау;

9) тергеу изоляторларының қызметкерлерінің штатына тергеудегілермен/сотталғандармен, сондай-ақ тергеу изоляторларының қызметкерлерімен жұмыс істеу үшін психологты қосу;

10) кезекшіні шақыру түймелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

2.4 Қамаққа алу жаза түрі секілді орындалатын мекемелердің түрлері және олардың сипаттамасы

Сотталғандарды бас бостандығынан айыру орындарында ұстау белгілі бір жағдайларды, оларға тиісті күтімді, сондай-ақ айтарлықтай материалдық шығындарды керек етеді.

Сотталғандармен бас бостандығынан айыру орындарында түзеу жұмысы, сотталғандарды оңалту және әлеуметтік бейімдеуге қажетті жағдай туғызатын құқықтық, әлеуметтік-психологиялық факторларды ескере отырып жүргізілуі

тиіс. Бұл ретте, ерекше назарды оларды бас бостандығынан айыру орындарынан босатуға, сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекпен оңалтуға практикалық даярлауға аудару қажет.

Қазақстанның қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде 17 Департамент, 82 мекеме (66 түзеу колониясы, 16 тергеу изоляторы) және 246 пробация қызметінің бөлімі қызмет етеді.

Қазақстан Республикасында мекемелердің саны келесідей, орташа қауіпсіз мекеме – 15, қауіпсіздігі барынша жоғары – 18, төтенше қауіпсіз мекеме – 5, қауіпсіздігі барынша төмен – 15, әйелдерді ұстауға арналған мекеме – 6, Емдік - 3, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелер – 1, аралас тип – 2, толық қауіпсіз мекеме – 1.

Жалпы әлемдік таблицаны қалыптастыратын Халықаралық Түрме Зерттеулері орталығының (ICPR) деректері бойынша Қазақстан қамалғандардың жалпы саны бойынша 55-орынды және есептеу индексі бойынша елдің 100 мың халқына 156 сотталған коэффициентімен 100-орынды алады.

Ұзақ уақыт ішінде алғаш рет қоғам назарына ҚАЖ мекемелерінің орналасқан жерлерінің картасы ұсынылған.

Адамның іргелі құқықтарының бірі – адамның ар-намысының қорғалуына және оның қолсұғылмаушылық құқығы. «Нельсон Манделланың қағидаларының» және Қазақстанның заңнамасының мағынасынан бастау ала отырып, Азаптауларға және қатал қарауға мүлдем тыйым салу, немқұрайдылық, қорлайтын, дөрекі қарау жағдайларын, жеке басқа психологиялық қысымның әртүрлі нысандарын жою, адам өмірінің құптарлық жағдайларын жасау, сотталғандарға және мәжбүрлеп оқшаулау жағдайларындағы барлық адамдарға ар-намысын мемлекет танитын және құрметтейтін сияқты азаматтарға қарау осы қорғаудың құралдары болып табылады [157].

Күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторларында ұстау тәртібі мен шарттарын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт «Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде адамдарды ұстау тәртібі мен жағдайлары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-І Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады.

Заңның 2-бабының 11)-тармағына сәйкес тергеу изоляторы – бұл:

- оларға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзет қарамағында ұстау таңдалған қылмыс жасауда күдіктелгендер мен айыпталушыларды;

- қамаққа алуға сотталғандарды;

- бас бостандығынан айыруға сотталғандарды;

- бас бостандығынан айыруға сотталғандарды, қалдырылған не болмаса шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін жіберілген сотталғандарды;

- ҚАК-тың 88-бабына сәйкес мекемелерден келген сотталғандарды ұстауға

арналған арнайы мекеме [158].

ҚР Ішкі істер министрінің, ҚР Бас прокурорының бұйрықтары және қарастырылып отырған саладағы басқа да заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер ҚР ҚАК, ҚР ҚПК-ға және заңға қайшы келмеуі тиіс.

Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау заңды күшіне енген сот үкімі негізінде қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеуге арналған сотталған жері бойынша арнаулы қабылдау орындарында немесе тергеу изоляторларының оқшаулау учаскелерінде жүзеге асырылады [158].

Сотталғандар қамаққа алу түріндегі жазасын сотталған жеріндегі арнаулы қабылдау орындарында, тергеу изоляторларының оқшауланған учаскелерінде өтейді. Әскери қызметшілер қамаққа алу түріндегі жазасын гауптвахтада өтейді [158].

Қазақстан Республикасында арнаулы қабылдау орындарының жалпы саны 28 олар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Тараз, Шымкент, Түркістан, Сарығаш, Қызылорда, Ақтау, Жаңаөзен, Ақтөбе, Атырау, Орал, Талдықорған, Семей, Өскемен, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Қазалы, Құлсары, Рудный облыс орталықтарында, аудан орталықтарында орналасқан.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне қарасты тергеу изоляторларының жалпы саны 16, олар Республикалық маңызы бар қалаларда және облыс орталықтарында орналасқан [151].

Ал Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты тергеу изоляторларының жалпы саны 4, олар Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қарағанды қалаларында орналасқан [151].

Әскери қызметшілер қамаққа алу түріндегі жазасын өтейтін гауптвахта саны әскери гарнизонға сәйкес орналастырылған, олардың жалпы саны 6, оларға Алматы, Шымкент, Семей, Ақмола, Ақтөбе, әскери гарнизондары жатқызылады [151].

Әскери қызметшілер қамаққа алу түріндегі жазасын гауптвахта өтеуді жүзеге асыратын әскери полиция органдары болып табылады.

Әскери полиция органдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Ұлттық ұланының құрамына ұйымдық тұрғыдан кіретін және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын арнайы әскери бөлімшелер болып табылады [16].

А.Р Алимбетова пікірінше, Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңде заманауи қылмыстық саясаттың мынадай бағыттары керее:

- 1) криминологиялық (ғылыми-жоспарлау) саясат;
- 2) қылмыстық-құқықтық саясат;
- 3) қылмыстық іс жүргізу саясаты;
- 4) жедел-ізвестіру саясаты;

- 5) ескертушілік-алдын алу саясаты;
- б) қылмыстық атқару саясаты [159, 18 б.].

Қазақстан Республикасында қоғамнан оқшаулаумен байланысты қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері сандық нөмерлері төмендегідей өзгертілді:

Нұр-сұлтан қаласы бойынша: Қауіпсіздігі барынша төмен ЕЦ-166/10 мекемесі – Мекеме №3, Қауіпсіздігі аралас ЕЦ-166/1 мекемесі – Мекеме №64, Төтенше қауіпсіз ЕЦ-166/5 мекемесі – Мекеме №2.

Алматы қаласы бойынша: Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз ЛА 155/6 мекемесі – Мекеме №11, Қауіпсіздігі барынша төмен ЛА-155/13 мекемесі – Мекеме №13, Қауіпсіздігі аралас ЛА-155/18 мекемесі – Мекеме №12.

Ақмола облысы бойынша: Қауіпсіздігі барынша жоғары ЕЦ-166/4 мекемесі – Мекеме №1, Қауіпсіздігі барынша жоғары ЕЦ-166/11 мекемесі – Мекеме №4, Қауіпсіздігі барынша жоғары ЕЦ-166/18 мекемесі – Мекеме №5, Қауіпсіздігі аралас ЕЦ-166/23 мекемесі – Мекеме №65, Қауіпсіздігі барынша төмен ЕЦ-166/24 мекемесі – Мекеме №6, Орташа қауіпсіз ЕЦ-166/25 мекемесі – Мекеме №7.

Ақтөбе облысы бойынша: КА-168/1 тергеу изоляторы – Мекеме №70, Орташа қауіпсіз КА- 168/2 мекемесі – Мекеме №8, Қауіпсіздігі барынша төмен КА- 168/3 мекемесі – Мекеме №9.

Алматы облысы және Жетісу облыстары бойынша: Орташа қауіпсіз ЛА-155/4 мекемесі, – Мекеме №10 Қауіпсіздігі барынша жоғары ЛА-155/8 мекемесі – Мекеме №57, Қауіпсіздігі барынша жоғары ЛА-155/12 мекемесі – Мекеме №12, Орташа қауіпсіз ЛА-155/14 мекемесі – Мекеме №14, Қауіпсіздігі аралас ЛА-155/16 мекемесі – Мекеме №71, Қауіпсіздігі барынша төмен ЕС-164/4 мекемесі – Мекеме №49.

Атырау облысы бойынша: Қауіпсіздігі аралас УГ-157/1 мекемесі – Мекеме №75, Орташа қауіпсіз УГ-157/9 мекемесі – Мекеме №15, Орташа қауіпсіз УГ-157/11 мекемесі – Мекеме №79.

Батыс Қазақстан облысы бойынша: Қауіпсіздігі аралас РҮ – 170/1 мекемесі – Мекеме №74, Орташа қауіпсіз РҮ-170/2 мекемесі – Мекеме №27, Қауіпсіздігі барынша жоғары РҮ – 170/3 мекемесі – Мекеме №28.

Жамбыл облысы бойынша: Қауіпсіздігі аралас ЖД-158/1 мекемесі – Мекеме №67, Орташа қауіпсіз ЖД-158/2 мекемесі – Мекеме №25, Қауіпсіздігі барынша жоғары ЖД-158/4 мекемесі – Мекеме №58, Қауіпсіздігі барынша төмен ЖД-158/5 мекемесі – Мекеме №26, Төтенше қауіпсіз ЖД-158/7 мекемесі – Мекеме №59.

Қарағанды облысы бойынша: Қауіпсіздігі аралас АК-159/1 мекемесі – Мекеме №61, Төтенше қауіпсіз АК-159/5 мекемесі – Мекеме №29, Қауіпсіздігі барынша жоғары АК-159/6 мекемесі – Мекеме №30, Қауіпсіздігі барынша

жоғары АҚ-159/7 мекемесі – Мекеме №31, Орташа қауіпсіз АҚ-159/9 мекемесі – Мекеме №32, Қауіпсіздігі барынша жоғары АҚ-159/11 мекемесі – Мекеме №33, Төтенше қауіпсіз АҚ-159/17 мекемесі – Мекеме №34, Орташа қауіпсіз АҚ-159/18 мекемесі – Мекеме №35, Қауіпсіздігі барынша төмен АҚ-159/20 мекемесі – Мекеме №36, Қауіпсіздігі аралас АҚ-159/25 мекемесі – Мекеме №62.

Қостанай облысы бойынша: Қауіпсіздігі аралас УҚ-161/1 мекемесі – Мекеме №76, Қауіпсіздігі барынша жоғары УҚ-161/2 мекемесі – Мекеме №38, Төтенше қауіпсіз УҚ-161/3 мекемесі – Мекеме №39, Қауіпсіздігі барынша төмен УҚ-161/11 мекемесі – Мекеме №40, Толық қауіпсіз УҚ-161/12 мекемесі – Мекеме №41.

Қызылорда облысы бойынша: Қауіпсіздігі аралас ЗҚ-169/5 мекемесі – Мекеме №68, Қауіпсіздігі барынша төмен ЗҚ-169/4 мекемесі – Мекеме №37, ЗҚ-169/1 тергеу изоляторы – Мекеме №60.

Маңғыстау облысы бойынша: Қауіпсіздігі барынша жоғары ГМ-172/6 мекемесі – Мекеме №42, Қауіпсіздігі барынша төмен ГМ-172/8 мекемесі – Мекеме №43, Қауіпсіздігі аралас ГМ-172/10 мекемесі – Мекеме №77.

Түркістан облысы бойынша: Қауіпсіздігі барынша жоғары ИЧ-167/9 мекемесі – Мекеме №5.

Павлодар облысы бойынша: Қауіпсіздігі аралас АП-162/1 мекемесі – Мекеме №63, Орташа қауіпсіз АП-162/2 мекемесі – Мекеме №44, Орташа қауіпсіз АП-162/3 мекемесі – Мекеме №45, Қауіпсіздігі барынша жоғары АП-162/4 мекемесі – Мекеме №46, Қауіпсіздігі барынша төмен АП-162/10 мекемесі – Мекеме №47.

Солтүстік-Қазақстан облысы бойынша: Қауіпсіздігі аралас ЕС-164/1 мекемесі – Мекеме №66, Орташа қауіпсіз ЕС-164/3 мекемесі – Мекеме №48, Орташа қауіпсіз ЕС-164/6 мекемесі – Мекеме №50, Қауіпсіздігі барынша жоғары ЕС-164/8 мекемесі – Мекеме №51, Қауіпсіздігі барынша төмен ЕС-164/9 мекемесі – Мекеме №52.

Шығыс-Қазақстан облысы бойынша: ОВ-156/1 тергеу изоляторы – Мекеме №73, Қауіпсіздігі барынша жоғары ОВ-156/2 мекемесі – Мекеме №16, Орташа қауіпсіз ОВ-156/3 мекемесі – Мекеме №17, Қауіпсіздігі барынша жоғары ОВ-156/6 мекемесі – Мекеме №18, Қауіпсіздігі барынша жоғары ОВ-156/14 мекемесі – Мекеме №19, Қауіпсіздігі барынша жоғары ОВ-156/15 мекемесі – Мекеме №20, Қауіпсіздігі барынша төмен ОВ-156/16 мекемесі – Мекеме №21, Төтенше қауіпсіз ОВ-156/20 мекемесі – Мекеме №22, Орташа қауіпсіз ОВ-156/21 мекемесі – Мекеме №23, Орташа қауіпсіз ОВ-156/22 мекемесі – Мекеме №24.

Шымкент қаласы бойынша: Қауіпсіздігі барынша жоғары ИЧ-167/2 мекемесі – Мекеме №53, Орташа қауіпсіз ИЧ-167/3 мекемесі – Мекеме №54, Қауіпсіздігі барынша жоғары ИЧ-167/4 мекемесі – Мекеме №78, Қауіпсіздігі барынша төмен ИЧ-167/10 мекемесі – Мекеме №56, Қауіпсіздігі

аралас ИЧ-167/11 мекемесі – Мекеме №69 [160].

Қамаққа алу жаза түрі секілді орындалатын мекемелердің түрлерімен байланысты сот тәжірибесін қарастыратын болсақ, мысалы: 2017 жылғы наурыздың 3-і күні, шамамен 23 сағат 30 минут кезінде, Астана қаласындағы № 14776 санды әскери бөлімнің 2 орталық басқарма бөлімінің (Атырау қаласы) аға офицері аға лейтенант Ж.Ю.Багитов, бұрын, яғни 2015 жылғы желтоқсанның 28-інен бері көлік құралдарын басқару құқығынан сот актысы негізінде айрылған адам бола тұра, алкогольдік масаң күйде және осы бөлімге әскери қызмет бабы бойынша пайдалану үшін берілген.

«Лада - 21214» маркалы «KZ 523 АВ/06» санды мемлекеттік тіркеудегі номерлік белгісі бар көлік құралын Атырау қаласы «Бірлік» ауылы тұсында өз бетімен тағы басқарып келе жатырған мезгілінде, жол жүру ережелерінің талаптарын бұзғаны үшін, жол-патрульдік полиция қызметкерлерімен байқалып қалып, әуелі тоқтатылып, ал кейіннен ішкендігіне байланысты ұсталып, денсаулық жағдайын тиісінше дәрігерлік куәландырудан өткізу үшін Атырау облыстық наркология диспансеріне жеткізілген.

2017 жылғы наурыздың 4-дегі шамамен 2 сағат 32 минутта берілген психикалық белсенді затты пайдалану және мастық күй фактысын белгілеу үшін жүргізілген куәландырудың № 2771 санды қорытындысына сәйкес, әскери қызметші офицер Ж.Ю.Багитов осы полиция қызметкерлерімен тоқтатылып, ұсталған кезде, алкогольді масаңдықтың жеңіл дәрежелік жағдайында болғандығы нарколог маман-дәрігермен анықталған.

Аға лейтенант Ж.Ю.Багитов, бұрын, яғни 2015 жылғы желтоқсанның 28-де Атырау қаласы мамандандырылған әкімшілік сотының қаулысымен, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (енді-ҚР-сы ӘҚБтК-і) 608 бабының 1 бөлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, көлік құралын басқару құқығынан 5 жылға, яғни 2020 жылғы желтоқсанның 28-іне дейін айыру түріндегі әкімшілік жазаға тартылған және сотта анықталғандай, оның осы әкімшілік жаза өтеу мерзімі әлі аяқталып, бітпеген.

Ақтөбе гарнизонының әскери сотымын әскери қызметші - аға лейтенант Багитов Женис Юрьевич ҚР-сы ҚК-нің 346 бабының 1 бөлігінде көрсетілген қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі ретінде танылып, оған осы бап бойынша 3 (үш) жыл мерзімге көлік құралдарын басқару түріндегі белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, 45 (қырық бес) тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы тағайындалған.

ҚР-сы ҚК-нің 45 бабының 4 бөлігіне сәйкес, әскери қызметші - аға лейтенант Багитов Женис Юрьевич қамақта болу жазасын, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігіне қарасты Ақтөбе гарнизонының әскери полициясының гауптвахтасында өтеу үшін жіберілген.

Біз бұл сот Үкімімен келіспейміз, Багитов Женис Юрьевич өзінің іс-

әрекетімен қорғаныс министрлігіне жағымсыз жағынан көрінді, бірнеше заңнамаларды бұзды әскери қызметтен шығарылып, қамаққа алу түріндегі жазасын ішкі істер министрлігіне қарасты арнаулы қабылдау орындарында немесе тергеу изоляторларында жазасын өтеуі тиіс.

Тағы бір сот үкімін қарастыратын болсақ, 27.02.2017 жылы таңғы 07:00 шамасында А.А.Алимов Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылында орналасқан ҚР ҰҚК ШҚ 2534 әскери бөліміне застава старшиналарының жиынына дайындалып жүріп, 2534 ә/б қарасты «Өртенсай» шекара заставасының азық-түлік, жем-шөп қоймасына кіріп құны 8657 тенге 60 тиын, салмағы 10 кг болатын бір қорап басы және шек-қарны жоқ «Сазан» балығын ұрлап, Шонжы ауылында тұратын тусқандарына апарып беріп пайдасын асыру туралы қылмыстық ой келеді.

Осы ойын іске асыру мақсатында, 27.02.2017 жылы сағат 07:05 шамасында маңайда ешкімнің жоқ екендігіне көзі жетіп, ол бір қорап балықты алып ҚР ҰҚК ШҚ 2534 әскери бөлімі «Өртенсай» шекара заставасының ГАЗ - 33081-9 м/н 380 BS 03 қызметтік автокөлігінің бортына апарып салып қояды.

Сағат 07:10 кезінде ҚР ҰҚК ШҚ 2534 әскери бөлімі «Өртенсай» шекара заставасының ГАЗ - 33081-9 м/н 380 BS 03 қызметтік автокөлік жүргізушісі С.Н.Сыдыковпен, 2534 ә/б қарасты «Өртенсай» шекара заставасынан шығып жол-жөнекей 2534 ә/б «Ой-Қарайғай» шекара заставасының аға технигі сержант Ә.М.Исморданы алып, әрі қарай

«Күркілдек» шекара заставасының старшинасы прапорщик К.М.Миталиповты алып, Сарыжаз - Ой-Қарағай жолында сағат 11:00 шамасында кележатқан уқытында 2534 әскери бөлімінің «Меркулов» шекара заставасының қасында ҚР ҰҚК әскери полиция қызметкерлері тоқтатып, құжаттарын және автокөлігінің жүк салғышын тексеру кезде ұрланған балықты анықтайды.

Сонымен А.А.Алимов 27.02.2017 жылы әскери бөлімнен салмағы 10 келі, бағасы 8657 тенге 60 тиын болатын, бір қорап басы және шек-қарны жоқ «Сазан» балығын ұсақ-түйек жымқыруды ұрлау жолымен жасаған, яғни ҚР ҚК 187 бабы 1 бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылығын жасаған.

Талдықорған гарнизоны әскери соты Алимов Адилжан Абдувалиевичті Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 187-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танып, оған осы бап бойынша 30 (отыз) тәулік мерзімінде қамаққа алу жазасын тағайындап, жазаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы гарнизоны бойынша әскери полиция басқармасының абақтысында өтеу белгіленген.

Талдықорған гарнизоны әскери сотының үкімімен де біз келіспейміз, себебі А.А.Алимов мерзімді әскери қызмет бойынша өтеп жүрген жоқ. Сотталған өзінің іс-әрекетімен қорғаныс министрлігіне жағымсыз жағынан

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, біздің пікірімізше, ҚР ҚАК-тың 1-бабына ұлттық заңнама мен қылмыстық-атқару саласына жататын ұсынымды стандарттарды құрайтын халықаралық құжаттардың ережелерінің арақатынасы нақты анықталатын өзалдына 4-бөлігі ретінде арнайы норманы енгізу мақсатқа сай болар еді. Бұл ретте, бұл норманың ҚР ҚАК-те болуы, соның ішінде қамалғандарға қараудың ұсынымды халықаралық стандарттарын, Қазақстан ҚАЖ-ның қызметінің практикасына нақты түрде іске асыру тәсілін көрсетеді, соның ішінде, онда ҚР Конституциясынан өзге Қазақстан қылмыстық-атқару заңнамасы негізделетін, «халықаралық құқықтың жалпытанылған қағидаттары мен нормалары» терминін барынша анық түсіндіреді. Бұл ретте ұсынылып отырған ҚР ҚАК-тың 1-бабының 4-бөлігі мына редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасымен қолдап тұрылушы жазаны орындауға және сотталғандарға қарауға қатысты халықаралық актілердің ұсынымдары (декларациялары) қылмыстық-атқару заңнамасында қажетті әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктер болу кезінде іске асырылады.»

Қамалғандарға қараудың халықаралық стандарттары оларды халықаралық үкіметтік немесе үкіметтік емес ұйымдармен қабылдауына қарай олардың пайда болу көздері бойынша да бөлінеді. Сондай-ақ мемлекетаралық шарттарда (пактілер, конвенциялар) бар стандарттар халықаралық үкіметтік немесе үкіметтік емес ұйымдармен қабылданған нормалар мен қағидаттардан ерекшеленеді. Халықаралық үкіметтік ұйымдардың қатарына, мысалы, БҰҰ мен оның жұмыс органдарын, Еуропа кеңесін, ТМД-ны жатқызуға болады. Сонымен, мысалы, пенитенциарлық салаға қатысы бар Халықаралық Еңбек Ұйымымен қабылданған бірқатар құжаттар бар. Оларға, жекелеп алғанда: Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенция (№29, 1930 ж.) және Мәжбүрлі еңбекті жою туралы конвенция (№105, 1957 ж.) жатады.

Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенцияда (1930 ж.) міндетті еңбек қандай нысанда және қандай мән-жайларда жол берілетіні егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Оның Ережелері жеке-дара адамның жасына және денсаулығына, жасаған қылмысына және жұмыс жағдайларына қатысты. Оның Ережелері минимальды ретінде бағалануы мүмкіндігіне қарамастан, ол ратификациялануларының көп санына қарай әлемде үлкен мәнге ие. Өз кезегінде Мәжбүрлі еңбекті жою туралы конвенция (1957 ж.) Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенцияға (1930 ж.) қосымша болып табылады. Онда мәжбүрлі еңбектің саяси мәжбүрлеу әдісі ретінде құпталмайтындылығы туралы баса айтылады. Оның Ережелері сондай-ақ «белгілі бір» салмаққа әлемдік қоғамдастықта ие, өйткені оған 100-ден астам мемлекет қол қойған. Қазақстан бұл Конвенцияларды 2000 жылы ратификациялады.

Бұл классификациялаудағы екінші топқа үкіметтік емес халықаралық

ұйымдармен қабылданған стандарттар кіреді, мысалы: Халықаралық рақымшылық, PRI, Түрмелер жүйесін реформалау бойынша Ховард Лигасы, Қамалғандарға көмек көрсетудің халықаралық ассоциациясы, Халықаралық қылмыстық құқық ассоциациясы, Халықаралық қылмыстық және пенитенциарлық қор, Түрмелер бауырластығы, Құтқару әскері. Бұл ұйымдармен әзірленген стандарттар ұсынымды сипатқа ие, сонымен бірге теориялық құқықтық аргументация контекстінде олардың практикалық құндылығы бар екенін мойындау қажет.

Бірінші топта қамалғандардың барлық санаттарына жататын «Қамалғандарға қараудың жалпы стандарттары» және олардың белгілі бір топтарына ғана таралатын «Қамалғандарға қараудың арнайы стандарттары» бөлінеді. Сонымен, БҰҰ-мен қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 ж.); Азаптауларға қарсы конвенция (1984 ж.); Қамалғандарға қараудың негізгі қағидаттары (1990 ж.) сияқты құжаттарда бар. Мұндай стандарттардың негізгі массасын Нельсон Мандела (2015) қағидалары құрайды [157].

Өз кезегінде пенитенциарлық мекемелердің персоналына жататын стандарттардың тобында, яғни, оның барлық өкілдеріне қатысы бар кіші топқа, жекелеп алғанда: Азаптауларға қарсы конвенция (1984 ж.); Құқық тәртібін қолдап тұру бойынша лауазымды адамдардың мінез-құлық кодексі (1979 ж.); Құқық тәртібін қолдап тұру бойынша лауазымды адамдардың мінез-құлық кодексін тиімді жүзеге асыруға деген жетекші қағидаттар (1989 ж.); БҰҰ-ның құқықтық тәртіпті қолдап тұру бойынша лауазымды адамдармен күш және атыс қаруын қолдануы туралы негізгі қағидаттар (1990 ж.); Нельсон Манделаның қағидалары (2015); Түрме персоналына арналған еуропалық этика кодексі» (2012) сияқты халықаралық құжаттарда бекітілгендер жатады [157].

Стандарттардың осы тобындағы екінші кіші топты қамалғандардың белгілі бір топтарымен не болмаса оның жеке өкілдерімен жұмыс істейтін қызметкерлерге жататындар құрайды. Бұл стандарттар, жекелеп алғанда, мысалы, Пекин қағидаларында (1985 ж.), Кәмелетке толмағандарды қорғауға қатысты қағидаларда (1990 ж.), 1982 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен қабылданған денсаулық сақтау жұмыскерлерінің рөліне қатысты, әсіресе дәрігерлердің азаптаудан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғаудағы медициналық этика қағидаттарында бар [182].

Қамалғандарға қараудың халықаралық стандарттарының арнайы классификациясына қатысты, яғни олар реттейтін қамалғандарды ұстаумен байланысты пенитенциарлық саладағы құқықтық қатынастардың салаларына қарай, сондай-ақ бірнеше модельдер ұсынылған. Сонымен, М.Ш. Құрманғали материалдық-тұрмыстық қызмет көрсетумен; медициналық қызмет көрсетумен; ұстауды өтеу режимін ұйымдастырумен; қамалғандарды еңбегін пайдаланумен;

жалпы гуманитарлық әсер етумен байланысты стандарттардың негізгі 5 тобын бөліп шығаруды ұсынады [173, 54 б].

Көріп отырғандай, қамалғандарға қараудың халықаралық стандарттарын арнайы классификациялаудың ұсынылған модельдері іс жүзінде дөп келеді және олар жиынтығында пенитенциарлық жүйенің қызмет етуінің үлгілік моделін жасайды, оны іске асыру оларды ұлттық заңнамаға мейлінше мақсатты түрде имплементациялатқызады. Тұтастай алғанда, осы стандарттарды арнайы классификациялаудың ұсынылған моделімен келісе отырып, Қазақстанмен ратификацияланған халықаралық келісім-шарттардың нормаларын, сондай-ақ Нельсон Манделаның (2015 ж.) Жаңа қағидаларының ережелерін ескере отырып, олар белгілі бір нақтылауларда мұқтаж деп ойланады. Осыған байланысты, біздің пікірімізше, қамалғандарға қараудың қолданыстағы халықаралық стандарттарын қарастырылушы классификациялауда келесі топтарға біріктіруге болады [157]:

- қамалғандарды пенитенциарлық мекемеге қабылдауды жүзеге асыруға, оларды есепке алуды ұйымдастыруға және қамалғандардың жеке істерімен жұмыс істеуге қатысты;
- қамалғандардың тектік және түрлік классификациясына және оларды пенитенциарлық мекемелерде орналастыруға қатысты;
- қамалғандар үшін микро әлеуметтік жағдай жасауға бағытталған;
- қамалғандарға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыру тәртібін анықтайтын;
- пенитенциарлық мекемелерде ұстау режимін қолдап тұруға байланысты;
- қамалғандардың еңбегін ұйымдастыруға қатысты;
- қамалған әйелдерді ұстау ерекшеліктеріне қатысты [157].

Осы классификациялауда ұсынылған халықаралық стандарттардың мазмұны және олардың ережелерін Қазақстанның қылмыстық-атқару заңнамасына іске асыру жұмыстың екінші тарауында егжей-тегжейлі қарастырылатын болады.

Қамалғандарға қараудың халықаралық құқықтық стандарттарының классификациясына және жалпы сипаттамасына байланысты мәселелердің қорытындысын жасай отырып, олардың жүйесі жеткілікті кең екенін атап өту қажет. Олар, өздерінің заңдық табиғаты бойынша қағидаттар мен ұсыныстар нормалары түрінде бірдей емес, әртүрлі халықаралық құжаттарда бар. Мұның бәрі ұлттық құқықта халықаралық стандарттарды тану және имплементациялау, қамалғандарға қарау мүмкіндігіне ықпал етеді.

Осыған байланысты, олардың ұлттық пенитенциарлық заңнамада қандай рөл ойнайтынын түсіну үшін оларды бірінші кезекте классификациялау қажет, өйткені бұл осы халықаралық стандарттардың ұлттық заңнамада дәл әрі және дұрыс бекітілуіне ықпал етеді. Бұл ретте, қылмыстық-атқару құқығы

теориясында пенитенциарлық саладағы халықаралық стандарттарды классификациялаудың әртүрлі нұсқалары ұсынылып отырған. Бұл ретте қамалғандарға қараудың халықаралық стандарттарын классификациялаудың ұсынылып отырылған модельдерін талдау көрсеткендей, олардың негізінде, әдетте, егжей-тегжейлі көзқарасқа қарағанда жалпы көзқарас жатыр, бұл олардың ұлттық қылмыстық-атқару заңнамасында қандай нысандар мен әдістерде көріне алатынын жеткілікті түрде дәл анықтатқызбайды. Осыған байланысты қамалғандарға қараудың халықаралық стандарттарын классификациялаудың авторлық моделі ұсынылады.

Бұл ретте, қолданушы-мемлекеттер үшін міндеттілігі бойынша классификациялау халықаралық стандарттарды келісімшарттық-құқықтық немесе конвенциялық сипат алатын және оларды сақтау, олар бар тиісті халықаралық-құқықтық актілерді ратификациялаған елдер үшін міндеттілерге және қолданушы-мемлекеттер үшін міндетті сипат алмайтын ұсынымдарға бөлуді болжайды.

Қазақстан үшін пенитенциарлық қызмет саласындағы ұлттық заңнамада императивті іске асырылуы тиіс стандарттар Қазақстан Республикасының Халықаралық келісім-шарттарда бекітілгендері болып табылады, өйткені олар ҚР Конституциясына (4-бап) сәйкес оның құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл ретте ҚР ҚАК-тың 1-бабының 3-бөлігіне сәйкес, соңғылары ҚР ҚАК-тың алдында басымдыққа ие. Бұл ретте, бұл нормада олар бұл жағдайда «Халықаралық келісім-шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей» қолданылуы тиіс деген ереже де бекітілгенін атап өту қажет [11].

Сонымен бірге, бұл ереже ҚР Конституциясының 4-бабының 3-тармағының қолданыстағы редакциясына онша толық сәйкес келмейді, оған сәйкес қазіргі кезде Халықаралық келісім-шарттардың «одан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетіні шығатын» басымды міндетті түрде керек етілмейді. 2017 жылғы 10 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен қарастырылған жаңа редакцияға сәйкес ратификацияланған халықаралық келісім-шарттары «оның заңдарының алдында басымдыққа ие болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын Халықаралық келісім-шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ету тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасымен айнықталады [11].

Осыған байланысты, сондай-ақ құқықтық актілер туралы ҚР Заңының талаптарын ескере отырып, төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің әрқайсысы жоғары тұрған деңгейлердегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуі тиіс, ал ҚР Конституциясы жоғары заңдық күшке ие (10-бап), ҚР ҚАК-тың 1-бабының 3-бөлігіне өзгерістер енгізу, Қазақстанмен ратификацияланған халықаралық келісім-шарттары, Халықаралық келісім-

шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетіні шығатын және оның жаңа редакциясы ұсынылатын кезде тікелей қолданыла алмайды деген ережелерді алып тастау ұсынылады [11].

Қамалғандарға қараудың, яғни қолданушы-мемлекеттер үшін, ұлттық қылмыстық-атқару заңнамасын енгізудің уақытша периодын ескере отырып, міндетті сипатты тасымалытын ұсынымды, халықаралық стандарттарын, екі топқа бөлуге болады: оларды енгізу үшін барлық жағдайлар бар стандарттар; бірден емес, қажетті экономикалық және әлеуметтік жағдайлар болуы кезінде енгізілетін стандарттар. Сонымен, мысалы, Нельсон Манделаның қағидаларында қамалғандар камераларда немесе бөлмелерде түнейтін жерлерде олардың әрқайсысы бөлек камера немесе бөлмеге ие болуы тиіс. Алайда, осы талапқа қазіргі кезде Қазақстанда «өмірге әкелу» мүмкін емес болар [157].

Бұл ретте, Нельсон Манделаның қағидаларының өзінде бұл ережелердің барлығын барлық жерде әрі бір уақытта қолдануға болмайтыны нұсқалады, өйткені әр елде бұл үшін әртүрлі заңдық, әлеуметтік, экономикалық және географиялық жағдайлар бар. Бұл ретте, арнайы халықаралық құжаттарда бар қамалғандарға қараудың бөлектеген стандарттарын имплементациялау тек Қазақстанның ғана емес, әлемдік қоғамдастықтың едәуір санының проблемасы болып табылады, өйткені олар, соның ішінде жеткілікті экономикалық мүмкіндіктерге ие емес.

Сондықтан қазіргі бар халықаралық тәжірибені ескере отырып, ҚР ҚАК-тың 1-бабына ұлттық заңнама мен қылмыстық-атқару саласына қатысты ұсынымды стандарттар бар ұлттық заңнама мен халықаралық құжаттардың арақатынасы нақты анықталатын өз алдына 4-бөлік ретінде, арнайы норманы енгізу ұсынылады. Бұл ретте, нақты түрде, соның ішінде қамалғандарға қараудың ұсынымды халықаралық стандарттарын Қазақстан ҚАЖ-ның қызметінің практикасында іске асыру тәсілін көрсететін, бұл норманың ҚР ҚАК-нде болуы, соның ішінде, онда ҚР Конституциясынан өзге Қазақстанның қылмыстық-атқару заңнамасы негізделетін, «халықаралық құқықтың жалпымен танылған қағидалары мен нормалары» терминін барынша анық түсіндіреді.

3.2 Шет елдердің қылмыстық заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жаза түсінігі және тағайындау тәртібі

Қазіргі кезде шет елдерде қылмыстық жазаларды қолдану туралы жаңа мәліметтердің жетіспеушілігі білінеді. Көрсетілген ереже толық көлемде қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаға да қатысты.

Қылмыстық жазалардың осы түрлерінің арасында ерекше назар аударуға қамаққа алу тұрарлық, ол мәні бойынша сотталғанды қоғамнан қысқа мерзімді оқшаулаумен байланысты Қазақстанда жалғыз жаңадан енгізілген жазаның түрі болып табылады.

Айгүл Хамитованың айтуынша, қамаққа алу бірқатар шет елдердің

заманауи қылмыстық заңнамасында көзделген қылмыстық жазалардың бір түрі болып табылады. Сонымен, қазіргі кезде қамаққа алу қылмыстық жазаның түрі ретінде Беларусь Республикасының 1999 жылғы, Ресей Федерациясының 1996 жылғы, Гүржияның 1999 жылғы, Италияның 1930 жылғы, ҚХР-дың 1979 жылғы, Қырғыз Республикасының 2017 жылғы, Латвия Республикасының 1998 жылғы, Литва Республикасының 2000 жылғы, Молдова Республикасының 2002 жылғы, Түркияның 1926 жылғы, Норвегия Республикасының 1902 жылғы, Сан-Марино Республикасының 1974 жылғы, Тәжікстан Республикасының 1998 жылғы, Өзбекстан Республикасының 1994 жылғы, Украинаның 2001 жылғы, Швейцарияның 1937 жылғы, Эстония Республикасының 1992 жылғы және Жапонияның 1907 жылғы Қылмыстық кодекстерінде бекітілген [205].

Заң әдебиеттерінде шет елдерде қамаққа алуды қылмыстық жазаның түрі ретінде қолданумен байланысты кейбір мәселелер бұрын зерттелгенін (В.Н. Орлов, А.В. Поливцев, В.В. Яковлев) атап өту керек. Сонымен бірге, осы күнге шейін жазаның осы түрін қолдануды реттейтін он жеті шет елдің қылмыстық заңнамасының нормаларына кешенді талдау жүргізілген жоқ [206], [140], [49].

Қазіргі кезде шет елдердің қылмыстық заңнамасында қарастырылып отырған жазаның түрі, әдетте, «қамаққа алу» деп аталады.

Шет елдік қылмыстық заңнамада қамаққа алу, әдетте, қылмыстық жазаның негізгі түрі ретінде қарастырылады.

Көрсетілген ереже бірқатар елдердің қылмыстық заңнамасында көрінеді. Сонымен, қамаққа алуға қылмыстық жазаның негізгі түрі ретінде Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексінің 48-бабының 1-бөлігінде [207], ҚХР Қылмыстық кодексінің 33-бабында [208], РФ Қылмыстық кодексінің 54-бабының 1-бөлігінде [10] көрсетіледі.

Д.С. Чукмаитов пікірінше, қылмыстық заңнаманы ізгілендіруде қылмыстық жазаны сотталғандардың өтеу барысында бірнеше тосқауылдарға әкеліп соқтырады [209, 101 б.].

Сонымен қатар, Түркияның Қылмыстық кодексінің 11-бабының 1-бөлігінде [210], Қырғыз Республикасының Құқық бұзушылық туралы кодексінің 33-бабында [211], Украинаның Қылмыстық кодексінің 60-бабында [212], Жапонияның Қылмыстық кодексінің 9-бабында [213] көрсетіледі.

Н.Е. Крылованың пікірінше, Францияда, олар жазасын өтеу орыны бойынша да, ұстау режимі бойынша да ажыратылатын, жазаның бірнеше түрі бар. Қылмыс жасау үшін тағайындалатын бас бостандығынан айыру дәстүрлі түрде екі түрге бөлінеді: қылмыстық қамау (жалпы қылмыстық қылмыс жасау үшін) және қылмыстық қамап қою (саяси қылмыс жасау үшін). Қазіргі кезге қарай қылмыстық-атқару жүйесінің жалпы ізгіленуімен байланысты осы екі түрдің арасындағы ныс, еңбекке нында тұрмыс ерекшеліктеріндегі және т.б. қағидатты айырмашылықтар жоғалып кеткен. Теріс қылық жасағаны үшін бас бостандығынан айырудың басқа түрі – түзеу түрмесіне қамау тағайындалады

[214, 95 б.].

Франция Қылмыстық кодексінің айырмалайтын ерекшелігі жазаны тағайындаудың негізгі қағидаттарын бекіту болып табылады: Теріс қылық жасағаны үшін сот оны орындаудың мерзімін кейінге қалдырмай, осы жазаны таңдаудың ерекше уәжделуі жағдайында ғана бас бостандығынан айыруды тағайындай алады (132-19-беттер). Бұл қағидат онша ұзақ емес бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды тағайындау жағдайларын қысқартуға және бас бостандығынан айырудың орнына басқа жазаларды тағайындауды көтермелеуге бағытталған: қоғамдық пайдалы жұмыстар, айыппұл күндері және басқа да жазаларды орындау мерзімін кейінге қалдыру [214, 102 б.].

Германияның Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстық-құқыққа қарсы іс-әрекеттің құқықтық салдары жазалар (strafe) және түзеу мен қауіпсіздік шаралары (Massregeln der Besserung und Sicherung) болып табылады. Германияның Қылмыстық кодексі жаза түсінігін құрамайды. Доктрина дәстүрлі түрде жазаны оның мақсатына қарай анықтайды. Сондықтан, Герман қылмыстық-құқықтық доктринасының өкілдері әлден ХІХ-ғасырдың басынан бастап абсолютті теорияның жақтаушылары болып бөлінді, онда жазаның басты мақсаты – кек қайтару, ал салыстырмалылар үшін – үрейлендіру болып табылады. Үлкен мәнге превенциялау мен ресоциализациялау мақсаттары ие. Германияның қолданыстағы қылмыстық кодексі ІІІ-Бөлімінің Жалпы бөлігінде әрекеттің құқықтық салдары туралы қылмыстық-құқықтық ұйғарым бар. Қарастырылып отырған бөлімнің 1-тарауында жазалардың екі түрі көзделген, олар өздерінің құқықтық табиғаты бойынша негізгі болып табылады - бас бостандығынан айыру (§38-39) және ақшалай айыппұл (§40-43). Қосымша жазаларға біреуі жатады – көлік құралын басқаруға тыйым салу [214, 147 б.].

Германия Қылмыстық кодексіне сәйкес бас бостандығынан айыру Қылмыстық кодексте 1970 жылғы 1 сәуірде Қылмыстық құқықты реформалау туралы заңның 41-бабының негіздемесінде пайда болған. Оған дейін каторгалық түрме, түрме, күзетпен ұстауға қамау және қамаққа алу түріндегі жазалар көзделген [214, 148 б.]. .

Германияның Қылмыстық кодексі бойынша бас бостандығынан айыру жазасы өмір бойына немесе белгілі бір мерзімге болуы мүмкін. Белгілі бір мерзімге жазаның төменгі шегі - бір ай, ал жоғарғысы – 15 жыл. Бұл ретте іс-әрекеттер жиынтығы кезінде белгілі бір мерзімге тағайындалатын бас бостандығынан айыру түріндегі жалпы жаза 15 жылдан аса алмайды. Германия Қылмыстық кодексінің §47, іс-әрекетке және іс-әрекетті жасаған адамның жеке басына қатысты ерекше мән-жайлар құқық тәртібін қорғау үшін осы адамға әсер ету үшін бас бостандығынан айыруды тағайындамауға болмайтындай болғанда, айырықша жағдайларда ғана қысқа мерзімді бас бостандығынан айыруды тағайындау мүмкіндігі туралы арнайы ұйғарымдар барын атап өту керек. Бас

бостандығынан айыру мерзімін есептеу келесідей түрде жүргізіледі: бір жылдан аз бас бостандығынан айыру тұтас апталармен және айлармен, ал ұзағырақ мерзімге бас бостандығынан айыру – тұтас айлармен және жылдармен есептеледі [214, 147 б.].

Шет елдердің жекелеген Қылмыстық кодексінде қамаққа алу адамды қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауда қорытылатыны көрсетіледі [214, 148 б.].

Итальяндық қылмыстық заңнама қылмыстық жауаптылықты іске асырудың дуалистік жүйесі деп аталатынды, атап айтқанда жазаны немесе қауіпсіздік шараларын немесе сонысын да келесісін бірге қолдануды ұстанады. Италияның 1930 жылғы Қылмыстық кодексі өзінде оң бағыттағы классикалық құқық мектебінің қағидаттарын үйлестіруге тырысты.

Италияның қылмыстық заңнамасында жаза түсінігі жоқ. Италияндық қылмыстық құқық теориясында жаза деп «тағайындау заңмен итальяндық қылмыстық процеске сәйкес сот органдарына артылатын қылмыс жасағаны үшін санкция» түсініледі [214, 201 б.].

Қылмыстық жазалау жүйесі әрқашан қойылған мақсаттарға сәйкес келеді. Италияның қылмыстық заңнамасында негізгі жазалар көзделген, қамаққа алу жазаның түрі ретінде бес күннен үш жылға дейін мерзімге қарастырылған [214, 202 б.].

Қамаққа алу Италияда бес күннен үш жылға дейін тағайындалады. Қамаққа алу, сондай-ақ міндетті түрде еңбекке тартумен байланысты, бұл ретте сотталған жазаның осы түрін өтеу орындарында ұйымдастырылған жұмыстармен ғана емес, сондай-ақ ол Италия ҚК-мен (25-бап) сотталғанға дейін істеген жұмыспен де айналыса алады [214, 203 б.].

Жапондық қылмыстық құқық - бұл кез-келген жапон құқын зерттеуші сөзсіз айтатын бірегей құбылыс. В.Н. Ереміннің пікірінше, Жапонияның Қылмыстық кодексі өзімен роман-германдық құқық жүйесінің моделі, ал арнайы қылмыстық заңдар болса ше - негізінен басым ағылшын-саксондық ықпалдың білдірушілері болып табылады [215, 274 б.].

П.М. Комар, А.М. Коробеев ойларында, дамыған елдердің арасында ең төмен қылмыс деңгейі бар ел Жапонияның қылмыстық саясаты – табиғи ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады деп санайды. Қысқа кезеңде фактілі түрде әлеуметтік-экономикалық құрылысын авторитаризмнен демократия мен нарыққа өзгерткен елдің қылмыстық саясатының тәжірибесін зерделеу посткеңестік шынайылық үшін де әділетті бірқатар қорытындылардың әмбебаптығын көрсетеді [216, 65 б.].

Жапонияның Қылмыстық кодексінде жазаның жалпы анықтамасы жоқ, бұл түсінік қылмыстық-құқықтық доктринада әзірленеді. Сонымен бірге, жаза мәселесіне онда жеткілікті көңіл бөлінген.

Жапонияның Қылмыстық кодексінің 2-тарауы (Жазалар) онда жазалау жүйесі мен түрлері бекітілетін нормаларды құрайды.

Барлық жазалар Жапонияның Қылмыстық кодексінің 9-бабына сәйкес негізгі және қосымша болып бөлінеді. Негізгілерге өлім жазасы, мәжбүрлі еңбегі бар бас бостандығынан айыру, мәжбүрлі еңбегі жоқ бас бостандығынан айыру (түрмеге қамау, ақшалай айыппұл, қылмыстық қамаққа алу және аз айыппұл жатқызылған [213]).

Қылмыстық қамаққа алу (16-бап) өзімен қысқа мерзімді бас бостандығынан айырудың түрлерінің бірін білдіреді және бір күннен 12 күнге дейінгі мерзімге тағайындалады. Осы уақыттың ішінде сотталған қамаққа алу үйінде болады. Ешқандай мәжбүрлі жұмыстар онымен орындалмайды. Қылмыстық қамаққа алу ауыр емес қылмыстар үшін қолданылады.

Жапонияның Қылмыстық кодексінің 21-бабына сәйкес алдын ала қамау мерзімі сотпен сотталушыға тағайындалатын жаза мерзіміне толық немесе бір бөлігінде есептеле алады [213].

Жазаны тағайындау мәселелеріне Жапонияның Қылмыстық кодексінің бірнеше тарауы арналған: 9-тарау «Қылмыстардың жиынтығы», 10-тарау «Қылмыстың қайталануы», 12-тарау «Жазаны жеңілдететін мән-жайлар бойынша жеңілдету», 13-тарау «Жазаны күшейту және жеңілдету қағидалары».

Сонымен бірге жазаны тағайындаудың негізгі қағидаттары немесе жазаны тағайындаудың жалпы бастаулары бөлек анықталмаған.

Қылмыстық іс-әрекеттер жиынтығы кезінде жазаны тағайындау қағидалары Жапонияның Қылмыстық кодексінің 9-тарауында белгіленген. Арнайы нормада қылмыстардың жиынтығының анықтамалары беріледі. Осы анықтамаға сәйкес ол өзімен бір адаммен, олар бойынша біржола сот шешімдері шығарылмаған, бірнеше қылмыс жасауды білдіреді.

Егер екі немесе одан да көп жасалған қылмыстардың қайсыбірі бойынша мәжбүрлі еңбегі жоқ немесе ауырырақ жазасыз бас бостандығынан айыру тағайындала отырып, заңды күшіне енген үкім (біржола үкім) шығарылса, жиынтық осы қылмысты және үкімнің заңды күшіне енген сәтіне дейін жасалған басқа да қылмыстарды құрайды. Осылайша, қылмыстардың жиынтығы, заңды күшіне енген үкімде жазаның негізгі түрі ретінде қылмыстық қамаққа алу, ақшалай айыппұл және аз айыппұл сияқты жазаларды құрайтын жағдайда жоқ болады.

Сондай-ақ қылмыстық қамаққа алу, аз ақшалай айыппұл, өлім жазасын қоспағанда, жазаның басқа түрлерімен бірлестіріле алады [214, 252 б.].

Е.Н. Крылованың пікірінше, АҚШ-тағы бас бостандығынан айыру едәуір өзінше бір ерекшелігімен сипатталады. Ол қысқа мерзімді, ұзақ немесе өмір бойғы бола алады.

Қысқа мерзімді бас бостандығынан айыру әдетте мисдимимассасы үшін (ағылш. *misdemeanour*) АҚШ пен Ұлыбританияның қылмыстық құқығында Әкімшілік құқық бұзушылықтармен шектесетін қауіпі аз қылмыстар санаты және басқа да қауіпі аз қол сұғушылықтар, әдетте, бір жылға дейінгі мерзімге

тағайындалады [217, 220 б.].

XX-ғасырдың 70-жылдарының ортасына дейін штаттардың басым көпшілігінің бас бостандығынан айыру мерзімі айқындалмаған үкімдердің жүйесімен байланысты болған. Нақ осы жүйенің аясында, оны жасаушылардың ойлағаны бойынша, қылмыскерді, оған «қарау» жолымен жетілетін, түзеу (әлеуметтік оңалту) мақсаты іске асырылуы тиіс. Мұнда американдық криминологтармен алға шығарылған «жаза қылмыстың ауырлығына сәйкес келуі тиіс» қағидаты көрініс тапты.

Б.Б. Бидованың пікірінше, Молдованың Қылмыстық кодексінің 68-бабының 3-бөлігіне сәйкес қамаққа алу 16 жасқа толмаған адамдарға, жүкті әйелдерге және 8 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге қолданыла алмайды. Украинаның Қылмыстық кодексінің 60-бабының 3-бөлігінде қамаққа алу он алты жасқа дейінгі адамдарға, жүкті әйелдерге және жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге қолданылмайтыны айтылады. Гүржияның Қылмыстық кодексінде қамаққа алу адамдардың төрт санатына тағайындала алмайтыны айтылады. Гүржияның Қылмыстық кодексінің 48-бөлігі қамаққа алу үкімді шығару сәтіне қарай он төрт жасқа толмаған адамдарға, бірінші және екінші топтағы мүгедектеріне, жүкті әйелдерге, сондай-ақ жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге тағайындалмайды деп айтады. Беларусь заң шығарушысы Қылмыстық кодекстің 54-бабының 2-бөлігінде қамаққа алу адамдардың төрт санатына тағайындала алмайтыны туралы ережені бекітеді: он алты жасқа толмаған адамдарға; жүкті әйелдерге; он төрт жасқа дейінгі балалары немесе мүгедек балалары бар әйелдер мен жалғыз басты еркектерге; 4) I және II топтың мүгедектеріне [218, 342 б.].

Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 54-бабына сәйкес қамаққа алу сотталғанды қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауда қорытылады және бір айдан алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді. Міндетті жұмыстарды немесе түзеу жұмыстарын қамаққа алумен алмастырған жағдайда ол бір айдан аз мерзімге тағайындала алады. Қамаққа алу сотпен үкімді шығару сәтіне қарай он сегіз жасқа толмаған адамдарға, сондай-ақ жүкті әйелдерге және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге тағайындалмайды. Әскери қызметшілер қамаққа алуды гауптвахтада өтейді [209].

Қырғыз Республикасының Құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 33-бабына сәйкес қамаққа алу, қоғамнан оқшаулау жағдайларында, құқық бұзушыны ішкі істер органдарымен анықталатын орындарда ұстауда қорытылады және жеті тәулікке дейінгі мерзімге қолданылады.

Тұтқындалғандарды ұстау орыны санитарлық нормаларға сәйкес келуі және қандай да бір аурулармен ауруы (жұқтыру) мүмкіндігін жоюы тиіс.

Қамаққа алуды өтеу орындарының қызмет ету тәртібін және оларда адамдарды ұстауға деген талаптар Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинетімен бекітіледі. Қамаққа алу жеке тұлғаға Құқық тәртібін қалпына

келтіру және адамды тәрбиелеу, сондай-ақ осы адамның өзімен де, басқа адамдармен де жаңа құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу мақсатында қолданылады.

Қамаққа алу сотпен құқық бұзушылық жасалған жерде, ал төтенше немесе әскери жағдайларда - комендантпен қолданылады.

Қамаққа алу балаларға, елу бес жастан асқан әйелдерге және алпыс жастан асқан еркектерге, жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге және он алты жасқа дейінгі баланы жалғыз өзі тәрбиелеп отырған адамдарға, сондай-ақ денсаулығы шектелген мүмкіндіктері бар, бірінші және екінші топтың мүгедектігі бар адамдарға қолданыла алмайды.

Қамаққа алу әскери қызметшілерге осы Кодекспен көзделген жағдайларда бес тәулікке дейінгі мерзімге қолданылады.

Әскери қызметшілер гауптвахтада ұсталады [211].

Шетелдік қылмыстық заңнамаға сәйкес қамаққа алу белгілі бір мерзімге тағайындалады. Кейбір шетелдік Қылмыстық кодекстерге сәйкес қамаққа алу сотпен бір айдан алты айға дейінгі мерзімге тағайындайды.

Қамаққа алудың өзге мерзімі Италияның, Германияның, Францияның, Латвияның, Сан-Марино Республикасының, Эстонияның және Жапонияның Қылмыстық кодекстерімен көзделеді.

Латвияның Қылмыстық кодексінің 38-бабының 2-бөлігі (1) үш айға дейін қысқа мерзімді бас бостандығынан айыру белгілене алатынын айтады [219].

Эстонияның Қылмыстық кодексінде 23 (2)-баб. қамаққа алу үш айға дейінгі мерзімге тағайындала алады деп белгіленеді [220].

Л.В. Рябованың пікірінше, Швейцарияның Қылмыстық кодексінде 39-бапта қамаққа алу қолданылатын, қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны реттейтін, мерзім көрсетілмеген. Сонымен бірге, 37-баптың 1-бөлігінде егер сотталғанның жазаланатын іс-әрекеттері үшін оған қатысты үш айдан аспайтын мерзімге түрме қамауы орындалса, онда қамаққа алу туралы ұйғарымдар қолданылады [46, 55 б].

Қамаққа алу жазаның түрі ретінде онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайда, кінәлінің жеке басын сондай-ақ кінәнің нысанын, қылмыс жасаудың себебі мен мақсатын, тәсілін, ахуалын ескере отырып қолданылады. Қамаққа алуға сотталғандар сотталған еркектерді, сотталған әйелдерді және кәмелетке толмаған сотталғандарды бөлек ұстаумен қатаң оқшаулау жағдайларында ұсталады.

Онша ауыр емес қылмыс әскери қызметшімен жасалған жағдайда, ол жазасын гауптвахтада өтеу үшін жіберіледі [221, 148 б].

Сан-Марино Республикасының Қылмыстық кодексінің 83-бабының 1-бөлігіне сәйкес қамаққа алу келесі дәрежелерге ие:

- 1) бес күннен бір айға дейін;
- 2) он бес күннен екі айға дейін;

3) бір айдан үш айға дейін [222].

Түркияның Қылмыстық кодексінің 13-бабының 1-бөлігіне сәйкес бірінші кезеңде қамалған жазаның оннан бір бөлігіне тең мерзім ішінде күндіз және түнде бөлек камерада ұсталады. Бұл мерзім бір айдан кем бола алмайды және сегіз айдан аса алмайды [210].

Шет елдердің бірқатар Қылмыстық кодекстерінде онымен кейбір қылмыстық жазаларды алмастырған жағдайда қамаққа алу мерзімі белгіленгеннен аз бола алатыны көрсетіледі.

Латвияның Қылмыстық кодексінде жоғарыда көрсетілген Қылмыстық кодекстерге қарағанда, қамаққа алу мерзімі, егер онымен ақшалай айыппұлды алмастырған жағдайда, белгіленгеннен кем емес ал көп болуы мүмкін. Сонымен, Латвияның Қылмыстық кодексінің 39-бабының 2-бөлігінде, ақшалай айыппұл салуды қамаққа алумен алмастыру кезінде ол бір жылға дейін мерзімге белгілене алатыны айтылады.

Жекелеген шет елдердің Қылмыстық кодексінде қамаққа алу қолданылмайтын адамдардың тізбесі белгіленеді [219].

Сонымен, РФ және Украинаның Қылмыстық кодексінде қамаққа алу қолданылмайтын адамдардың үш санаты көрсетіледі.

Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 54-бабының 4-бөлігіне сәйкес, қамаққа алу сотпен үкімді шығару сәтіне қарай он сегіз жасқа толмаған адамдарға, сондай-ақ жүкті әйелдерге және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге тағайындалмайды [10], [209].

Украинаның Қылмыстық кодексінің 60-бабының 3-бөлігінде қамаққа алу он алты жасқа дейінгі адамдарға, жүкті әйелдерге және жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге қолданылмайды [212].

Беларусь заң шығарушысы Қылмыстық кодекстің 54-бабының 2-бөлігінде қамаққа алу адамдардың төрт санатына тағайындала алмайтыны туралы ережені бекітеді:

1) жүкті әйелдерге;

2) он төрт жасқа дейінгі балалары немесе мүгедек балалары бар әйелдерге және жалғызбасты еркектерге;

3) I және II топтың мүгедектеріне [207].

Алайда, іс жүзінде Беларусь Республикасының Қылмыстық Кодексінің қарастырылып отырған бабының 2-бөлігінің 3-тармағында адамдардың бір санаты емес, төртеуі көрсетілгенін байқамай қою мүмкін емес:

1) он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдер;

2) мүгедек балалары бар әйелдер;

3) он төрт жасқа дейінгі балалары бар жалғыз басты еркектер;

4) мүгедек балалары бар жалғызбасты еркектер.

Шет елдердің кейбір Қылмыстық кодекстерінде қамаққа алу қолданылмайтын адамдардың тек екі санаты көрсетіледі.

Мысалы, Латвияның Қылмыстық кодексінің 39-бабының 5-бөлігіне сәйкес, қамаққа алу жүкті әйелдерге және бір жасқа дейінгі баланы күтетін аналарға қолданылмайды [219].

Осылайша, ТМД-ның Модельдік Қылмыстық кодексіне және шет елдердің қылмыстық заңнамасына сәйкес қамаққа алу қылмыстық жазаның түрі ретінде адамдардың келесі санаттарына қолданыла алмайды:

1) үкімді шығару сәтіне қарай он алты жасқа толмаған адамдарға (ТМД-ның Модельдік Қылмыстық кодексі, Беларусь, РФ және Украинаның Қылмыстық кодекстері), үкімді шығару сәтіне қарай он төрт жасқа толмаған адамдарға (Гүржияның Қылмыстық кодексі);

2) жүкті әйелдерге (ТМД-ның Модельдік Қылмыстық кодексі, Беларусьтің, Гүржияның, Қазақстанның, Қырғызстанның, Латвияның, Литваның, Молдованың, Украинаның Қылмыстық кодекстері);

3) жас балалары бар әйелдерге, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге (Ресейдің Қылмыстық кодексі), бір жасқа дейінгі баланы күтетін аналарға (Латвияның Қылмыстық кодексі), он екі жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге (ТМД-ның Модельдік Қылмыстық кодексі), он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге (Беларусьтің Қылмыстық кодексі);

4) мүгедек балалары бар әйелдерге (Беларусьтің Қылмыстық кодексі);

5) он төрт жасқа дейінгі балалары немесе мүгедек балалары бар жалғыз басты еркектерге (Беларусьтің Қылмыстық кодексі);

6) баланың мүдделерін ескере отырып, үш жасқа дейінгі баланы күтетін адамдарға (Латвияның Қылмыстық кодексі);

7) I және II топтың мүгедектеріне (Беларусьтің Қылмыстық кодексі).

Бірқатар елдердің қылмыстық заңнамасы кінәліге қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны шартты түрде қолданбау мүмкіндігін көздемейді.

Көрсетілген ереже, сондай-ақ шартты түрде соттаумен ұқсас қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларды қолданудың мүмкін еместігі бірқатар шет елдердің Қылмыстық кодексінде бар [223].

Мысалы, қамаққа алуға сотталғандарға шартты түрде соттауды қолданудың мүмкін еместігі Беларусьтің Қылмыстық кодексінің 78-бабының 1-бөлігінен, Сан Марино Республикасының Қылмыстық кодексінің 103-бабының I-бөлігінен, Украинаның Қылмыстық кодексінің 75-бабының 1-бөлігінен және Эстонияның Қылмыстық кодексінің 47-бабының 1-бөлігінен шығады. Жапонияның Қылмыстық кодексінің 25-бабының 1-бөлігіне сәйкес қамаққа алуға сотталғандарға өзінің мазмұны жағынан жазасын орындауды кейінге қалдыру түрінде шартты түрде соттауға едәуір жақын қылмыстық-құқықтық шара қолдану мүмкіндігі көзделмейді. Қосылмайтын Италия, Латвия және ҚХР болып табылады.

Латвияның Қылмыстық Кодексінің 55-бабының 1-бөлігі, егер қамаққа алу түріндегі жазаны тағайындау кезінде сот жасалған қылмыстық іс-әрекеттің

сипаты мен келтірілген зиянды, кінәлінің жеке басын және істің басқа да мән-жайларын ескере отырып, кінәлі жазасын өтемей, әрі қарай құқық бұзушылықтарды жасамайды деген нанымға келсе, ол кінәліні шартты түрде соттай алады деп жария етеді.

Итальяндық, қытайлық заң шығарушы қамаққа алуға шартты түрде соттауды қолдануды біршама шектейді.

ҚХР-дың Қылмыстық кодексінің 72-бабының 1-бөлігінде үш жылға дейінгі мерзімге қамаққа алуға сотталғанға қатысты жасалған қылмыстың мән-жайларын және оның өкінуін ескере отырып, егер бұл әрі қарай шын мәнінде қоғамға залал келтірмесе, шартты түрде соттау қолданыла алатындығы атап өтіледі.

Шет елдердің Қылмыстық кодексінің едәуір бөлігі қамаққа алудың өтелмеген бөлігін жеңіліректеу жазаға алмастыру мүмкіндігін қарастырмайды.

Қамаққа алудың өтелмеген бөлігін жазаның жеңілірек түрімен алмастыруға жол бермеу Украинаның Қылмыстық кодексінің 82-бабының 1-бөлігінің, Эстонияның Қылмыстық кодексінің 55-бабының 1-бөлігінің мазмұнынан туындайды.

Қосылмайтын тек қамаққа алудың өтелмеген бөлігін жеңілірек жазамен алмастыру мүмкіндігін көздейтін, Беларусьтің Қылмыстық кодексінің 91-бабының 1-бөлігі болып табылады.

Кейбір елдердің шет елдік қылмыстық заңнамасына сәйкес қамаққа алу қылмыстық жазаның бір түрі ретінде кәмелетке толмағандарға да қолданыла алады.

Қамаққа алу кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық жазаның түрі ретінде Беларусьтің Қылмыстық кодексінің 109-бабында, Латвияның Қылмыстық кодексінің 65-бабының 1-бөлігінде, Украинаның Қылмыстық кодексінің 98-бабының 1-бөлігінде, Эстонияның Қылмыстық кодексінің 232 бабының (I)-бөлігінде көзделеді.

Жоғарыда көрсетілген шет елдердің Қылмыстық кодексіне қарағанда, Швейцарияның Қылмыстық кодексі, заң шығарушы жеті жасқа толған, бірақ әлі он бес жасқа толмаған балаға қатысты тәртіптік жаза деп атайтын, бірден алты толық емес жұмыс күніне дейін «мектептік қамаққа алу» деп аталатынды қолдану мүмкіндігіне жол беретінін атап өту керек.

Жекелеген шет елдердің Қылмыстық кодекстеріне сәйкес, қамаққа алу тек ер жынысты кәмелетке толмаған адамдарға қолданылады. Бұл мән-жайға Беларусьтің Қылмыстық кодексінің 114-бабында көрсетілген. Шет елдердің Қылмыстық кодекстерінің көпшілігінде қамаққа алу еркек жынысты да әйел жынысты да кәмелетке толмағандарға тағайындала алады.

Арменияның Қылмыстық кодексінің 57-бабының 1-бөлігіне сәйкес қамаққа алу сотталғанды қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында еркінсіздікте түзеу мекемелерінде күзетпен ұстау түрінде ұстауда қорытылады. Қамаққа алу сотпен

он бес күннен үш айға дейінгі мерзімге және қамаққа алу бұлтартпау шарасы ретінде таңдалмаған жағдайда ғана тағайындалады.

Арменияның Қылмыстық кодексінің 57-бабының 2-бөлігі қамаққа алу үкімді шығару сәтіне қарай он алты жасқа толмаған адамдарға немесе жүкті әйелдерге немесе өзінің асырауында сегіз жасқа дейінгі балалары бар адамдарға тағайындалмайды.

Армения Республикасының әскери қызметшілері Арменияның Қылмыстық кодексінің 57-бабының 3-бөлігіне сәйкес қамаққа алуды гауптвахтада өтейді [224].

Молдова Республикасының Құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 38-бабының 1-бөлігіне сәйкес құқық бұзушылық үшін қамаққа алу, Атқару кодексімен қарастырылған тәртіпте орындалуға жататын, сот шешімімен белгіленген мерзімге бас бостандығынан айырудан тұратын, құқық бұзушылық үшін айрықша жаза болып табылады [225].

38-баб. 2-бөл. құқық бұзушылық үшін қамаққа алу, әдетте, адамның денсаулығына немесе дене тұтастығына қатер төндіретін немесе шынайы қатер төндіруді туындататын іс-әрекетті жасағаны үшін қолданылады [225].

38-баб. 3-бөл. құқық бұзушылық үшін қамаққа алу құқық бұзушылық үшін басқа жазаны қасақана орындамау жағдайында да қолданыла алады [225].

38-баб. 4-бөл. құқық бұзушылық үшін қамаққа алудың ұзақтығы 3 күннен 15 күнге дейінді құрайды. Құқық бұзушылықтар жиынтығы немесе заңға сәйкес құқық бұзушылық үшін жаза ретінде қамаққа алу көзделген құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаны тағайындау туралы шешімдердің жиынтығы жағдайында сот инстанциясы мұндай жазаны 30 күнге дейінгі мерзімге қолдана алады [225].

38-баб. 5-бөл. құқық бұзушылық үшін ұстап алу мерзімі құқық бұзушылық үшін қамаққа алу мерзіміне қосылады [225].

38-баб. 6-бөл. құқық бұзушылық үшін қамаққа алу, егер ол құқық бұзушының денсаулығына немесе дене тұтастығына қатер төндіретін немесе шынайы қатер төндіруді туындатса, мүмкіндіктерінің ауыр және көрінетін шектелуі бар адамдарға, мерзімдік қызмет әскери қызметшілеріне, контракт бойынша қызметке қабылданған арнайы мәртебесі бар Ішкі істер министрлігінің әскери қызметшілері мен қызметкерлеріне, жүкті әйелдерге, 8 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, 16 жасқа дейінгі баланың жалғыз асыраушысы болып табылатын адамдарға және жалпы белгіленген зейнеттік жасқа жеткен адамдарға қолданыла алмайды. 78-1-баппен қарастырылған құқық бұзушылық үшін қамаққа алу олардың денсаулығына байланысты негізделген кедергілер болмаған жағдайда барлығына ортақ белгіленген зейнеттік жасқа жеткен адамдарға қолданыла алады [225].

Кейбір елдерде кәмелетке толмағандардың жасы белгіленеді - он алты жас, оған жетіуіне қарай үкімді шығару сәтіне қарай қамаққа алу тағайындала алады.

Ерекше назарға қамаққа алуды қолдану бойынша жекелеген шет елдердің қылмыстық заңнамасының кейбір айырмашылық ерекшеліктері лайық.

Сонымен, кейбір шет елдердің Қылмыстық кодексінде қамаққа алуды өтеп жатқан адам жұмыс істей алады немесе жұмыс істеуі тиіс деген ереже ерекше назар аударуға тұрарлық.

Латвияның Қылмыстық кодексінің 39-бабының 3-бөлігіне сәйкес, қамаққа алу кезінде адам өзін-өзі басқарумен анықталған қажетті қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауға тартыла алады [219].

ҚХР-дың Қылмыстық кодексінде қамаққа алуға сотталған адам жұмыс істей алады немесе жұмыс істеуі тиіс деген ереже бекітілмейді. Сонымен бірге, ҚХР-дың Қылмыстық кодексінің 43-бабының 2-бөлігінде жұмыс істейтін қамаққа алуға сотталғандарға тиісті сыйақы беріле алады деп көрсетіледі. Көрсетілген мән-жай қамаққа алуға сотталғандар еңбек ете алады дегенді растайды [208].

Қамаққа алу сотталғанның үйінде немесе белгілі бір күндер бойынша мекемеде өтеле алады деген ереже де қызығушылық тудырады.

Бұл туралы, жекелеп алғанда, Сан-Марино Республикасының Қылмыстық Кодексінің 83-бабының 2-бөлігінде расталады, оған сәйкес «формальді талаптарды орындау шартымен қамаққа алуды үйде орындау туралы, мысалы, еңбек ету және жанұялық жағдайларды сақтау қажеттігі туралы не болмаса түрмеде мейрам күндерін немесе қамаққа алу мерзімі аяқталғанға дейін аптаның басқа күндерін өткізу қажеттігі туралы өкім береді» [222].

ҚХР-дың Қылмыстық Кодексінің 43-бабының 2-бөлігіне сәйкес қамаққа алуға сотталған қылмыскер жазасын өтеу кезеңінде айына 1-2 күн үйде бола алады.

Бірқатар шет елдердің Қылмыстық кодекстерінде сотталған әскери қызметшілер қамаққа алуды гауптвахтада өтейтіні көрсетілетінін атап өту керек [208].

Бұл мән-жайға Беларусьтің Қылмыстық кодексінің 54-бабының 3-бөлігінде, Латвияның Қылмыстық кодексінің 39-бабының 4-бөлігінде, Украинаның Қылмыстық кодексінің 60-бабының 2-бөлігінде [212] көрсетіледі.

Латвияның Қылмыстық кодексінің 310-бабының 1-бөлігінде қамаққа алуға сотталғандардың қашқаны үшін жауаптылығы қарастырылмайды. Осы нормаға сәйкес ұстап алғандарды ұстау, алдын ала қамау немесе бас бостандығынан айыру орындарынан қашу ғана жазаланады. Сонымен бірге, Қылмыстық кодекстің 312-бабында Латвиялық заң шығарушы қамаққа алу түріндегі жазаны өтеуден жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейді [219].

Заң әдебиеттерінде жекелеген авторлар қамаққа алуды қарастыра отырып, барлық мемлекеттер үшін «салыстырмалы біртектілікпен сипатталатын қандай да бір белгілердің» жоқ екенін атап өтеді, әйтсе де жағдайлардың көбінде бұл, үлкен қоғамдық қауіпке ие емес іс-әрекеттер үшін тағайындалатын, қоғамнан

ұзақ емес мерзімге оқшаулаумен байланысты жаза болып табылады».

Көрсетілген растаумен бір бөлігінде келісуге болмайды.

Қамаққа алу түріндегі жазаны қолдануды реттейтін шет елдердің қылмыстық заңнамасының нормаларына жүргізілген кешенді талдау кейбір айырмашылықтардың болуында шет елдердің қылмыстық заңнамасында қамаққа алуды реттеудің бірқатар ортақ белгілері бар деген қорытынды жасатады. Оларға:

- «қамаққа алу» сияқты қылмыстық жазаның аттас атауын пайдалану;
- қамаққа алуды, жазаның негізгі түрі ретінде ғана тағайындалатын жазаның түрі ретінде бекіту;
- қамаққа алуды адамды қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауда қорытылатын жазаның түрі ретінде анықтау;
- қамаққа алу тағайындалатын мерзімді белгілеу;
- қылмыстық жазалардың басқа түрлерінің орнына қамаққа алуды қолдануды реттеу;
- қамаққа алу тағайындалмайтын адамдардың тізбесін орнату;
- қамаққа алуға шартты түрде соттауды қолданудың мүмкін еместігі;
- қамаққа алуға сотталғандарға шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану мүмкіндігінің болмауы;
- қамаққа алудың өтелмеген бөлігін жазаның жеңілірек түрімен алмастыруға жол бермеу;
- кәмелетке толмағандарға қатысты жазаның түрі ретінде қамаққа алуды қолдануды реттеу;
- кәмелетке толмағандарға қамаққа алу тағайындалатын арнайы мерзімді белгілеуді жатқызу керек.

Қамаққа алу түріндегі жазаның айырмашылық белгілеріне және тек жекелеген елдерге тән оны шет елдерде қолдану тәртібіне:

- қамаққа алуды өтеп жатқан адамның еңбек ету мүмкіндігі немесе міндеті;
- қамаққа алуды сотталғанның үйінде немесе белгілі бір күндер бойынша мекемеде өтеу ықтималдығы;
- заңда сотталған әскери қызметшілер қамаққа алуды гауптвахтада өтейтіні туралы ережені бекіту;
- сотталғанмен қамаққа алудан қашуды іске асырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті заңнамалық реттеу;
- қамаққа алу түріндегі жазаны өтеуден жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті заңнамалық реттеу.

Қорытындысында, қамаққа алу түріндегі жазаны қолданудың шет елдер тәжірибесі, сөзсіз, қызығушылық білдіретінін және қамаққа алу кезінде Қазақстанда да пайдаланыла алатындығын атап өткім келеді.

3.3 Шет елдердің қылмыстық-атқару заңнамасындағы қамаққа алу түріндегі жазаны орындау және өтеу тәртібі, шарттары

Қазіргі кезде шет елдерде осы зерттеуде қарастырылып отырған қамаққа алу түріндегі жазаны орындау проблемалары бойынша мәліметердің белгілі бір вакуумы сезіледі. Ақпаратты жинақтауды бізді қызықтыратын саланың заманауи жағдайындағы проблемаларды анықтау және «заң шығарушылардың да, құқық қорғау органдарының да қызметінің тиімділігін арттыру бойынша» идеяларды қалыптастыру үшін сыни талдаумен үйлестіру қажет.

Шет елдер қылмыстық-атқару құқығына сәйкес, біздің көзқарасымызша, шетел мемлекеттері мен олардың репрессивті органдарының жазалау саясатын іске асырудың мақсаттары мен міндеттерін мейлінше толық түсіну және дұрыс бағалау үшін қажет, өйткені бір кездері бұл жүйе Қазақстанда өзіне басқа елдердің тәжірибесін сіңірген. Заманауи ғалымдар, заң шығарушылар және практика қызметкерлері қылмыстық-атқару жүйесін реформалау жағдайларында, сондай-ақ осы саладағы шет елдер тәжірибесіне жоғары қызығушылық танытады. Қазіргі кезде шет елдерде қылмыстық жазалардың орындалуы туралы жаңа мәліметтердің жетіспеушілігі байқалады. Көрсетілген ереже толық шамада қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаға да қатысты. Қамаққа алу бірқатар шет елдердің заманауи қылмыстық-атқару заңнамасында көзделген қылмыстық жазалардың бір түрі.

Біз қылмыстық-құқықтық қатынастарды реттейтін бірқатар заңдарда қамаққа алу түріндегі жазаны таба аламыз. Қамаққа алуды өтеу үшін ғимараттарды абаттандыру, оларды басқару, сотталғандарды санаттарға бөлу, олармен жұмыстарды орындау тәртібі, еңбекақыны бөлу, оқыту, діни жоралғыларды орындау, сондай-ақ тәртіптік практика қылмыстық заңмен белгіленген бастаулар бойынша Әкімшілік тәртіппен реттеліп келген.

Ұлыбританияның жазаны орындау жүйесі Орталық басқармамен (Лондонда орналасқан) және он бес өңірлік басқармамен көрінеді.

Басқармалардың әрқайсысы графтіліктің пенитенциарлық мекемелерінің қызметін басқарады.

Н.Е. Крылова Ұлыбританияда сотталғандармен бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуге арналған мекемелер келесідей санаттарға бөлінетінін атап өтті: 21 жастан асқан ер жынысты сотталғандар ұсталатын еркектер түрмелері; әйелдер түрмелері - барлық жастағы қамалған әйелдерге арналған мекемелер; кейде 15 жастан 17 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған құқық бұзушылар ұсталатын, жас құқық бұзушыларға арналған мекемелер (17 жастан 21 жасқа дейінгі жас еркектерді ұстайды); 15 жастан 17 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға арналған мекемелер. Кейде онда 12 жастан 14 жасқа дейінгі балалар ұсталады: жергілікті түрмелер - тергеуде болушы сотталғандарға (соттан кейін бірден) немесе жазасын өтеу үшін нақты кіші бөлініске бөлуді күтуші адамдарға арналған мекемелер; өмір бойына немесе ұзақ мерзімге бас

бостандығынан айыру жазасы бар қамалғандарға арналған түрмелер (өмір бойына бас бостандығынан айыру орталықтары); «шашқыштар» қажетті жоғары күзет деңгейі бар қамалғандарды және кейбір аса қауіпті қылмыскерлерді ұстау үшін пайдаланылады [226, 85 б].

Әр түрлі санат түрмелері: А санаты (дуалдардың көмегімен қол жетілетін қауіпсіздіктің жоғары деңгейімен сипатталады); В санаты (А санаты сияқты дуалдардың көмегімен қамтамасыз етілетін қауіпсіздіктің жоғары деңгейі); С санаты (қауіпсіздіктің орташа деңгейі (қоршау, түрме ішіндегі орын ауыстыру)); D санаты (ашық түрме) [226, 89 б].

А.Ф. Маруков Ұлыбританияның түрмелерінде қамалғандарды мерзімінен бұрын және шартты түрде босату бағдарламалары белсенді қолданылатынын атап өткен.

Ұлыбританияның үлгісі Еуропа елдері үшін жалғыз емес: олардың көпшілігінде бас бостандығынан айыруды орындауды ұйымдастырудың, қамалғандарға әлеуметтік бейімделуге жан-жақты көмек көрсетуді жүзеге асырудың оң үрдістері байқалады. Бұл мемлекеттермен түрмеге қамаудың негативті әлеуметтік салдарын санасынан өткізуімен, қамалғандарға өркениетті, адамгершілікпен қарау қажеттігінің өсіп жатқандығымен де және түрмелердің асыра толып кетуімен шартталған объективті қиындықтармен де байланысты [227, 21 б].

